

**"Астана қаласын орнықты дамытудың 2030 жылға дейінгі стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 ақпандағы N 113 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Астана қаласын орнықты дамытудың 2030 жылға дейінгі стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан**

**Республикасы**

**Президентінің**

**Жарлығы**

**Астана**

**қаласын**

**орнықты**

**дамытудың**

**2030 жылға дейінгі стратегиялық жоспары туралы**

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңының 19-бабының 2) тармақшасына сәйкес, Астана қаласын орнықты дамыту, Астана қаласы экономикасының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, орнықты дамытудың халықаралық қағидаттарына жауап беретін тіршілік әрекетінің инфрақұрылымын қалыптастыру, сондай-ақ қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету мақсатында

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е М І Н :**

1. Қоса беріліп отырған Астана қаласын орнықты дамытудың 2030 жылға дейінгі стратегиялық жоспары (бұдан әрі - Стратегиялық жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Стратегиялық жоспарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін мемлекеттік органдар Стратегиялық жоспарды іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Астана қаласының әкімі:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен Стратегиялық жоспардың орындалуын үйлестіруді қамтамасыз етсін;

2) жарты жылда бір рет, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Стратегиялық жоспардың іске асырылу барысы туралы а қ п а р а т ұ с ы н с ы н .

5. Осы Жарлықтың іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы

Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2006 жылғы " " N

Жарлығымен бекітілген

**Астана қаласын 2030 жылға дейінгі орнықты дамытудың стратегиялық жоспары**

**Мазмұны**

К і р і с п е

1. Орнықты даму ұғымы
2. Астана қаласының миссиясы және көрінісі
3. 1998 - 2005 жылдары Астана қаласының дамуындағы прогресс
4. Астана қаласын орнықты дамытудың стратегиялық мақсаттары
  - S1. Орнықты экономикалық дамуды қамтамасыз ету
  - S2. Қолайлы қоршаған ортаны және орнықты жұмыс істейтін инфрақұрылымды ұстау

1. Қалалық жоспарлау және дизайн

2. Экологиялық инфрақұрылым

3. Инженерлік инфрақұрылым

4. Көлік инфрақұрылымы

S3. Әлеуметтік - орнықты қоғамды қалыптастыру

1. Серпінді дамып келе жатқан қоғамды қалыптастыру

2. Қоғамның әлеуметтік дамуы және оның қала тыныс-тіршілігіне тартылуы

S4. Қалалық басқару жүйесін жетілдіру

5. Астана қаласын орнықты дамыту көрсеткіштерін бағалау

Қорытынды

Қ о с ы м ш а л а р

1-қосымша. Астана қаласын орнықты дамытудың стратегиялық картасы

2-қосымша. Астананы орнықты дамытудың негізгі аспектілерін талдау

3-қосымша. Астана қаласында перспективалық кластерлерді таңдау

4-қосымша. Астана қаласының халқына жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың нәтижелері

**Кіріспе**

2005 жылы тәуелсіз Қазақстанның жана астанасы ретінде қаланың дамуына, оның экономикасына оң әсер еткен және елдің барлық өңірлерінің дамуына тиісті серпін берген "Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" атты Астананың

әлеуметтік-экономикалық дамуының мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аяқталды.

Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобасы әзірленген, ол астананың одан әрі дамуына, атап айтқанда, қаланың осы заманғы инфрақұрылымын құруға, тіршілік әрекетінің объектілерін жаңғыртуға және әлемдік стандарттарға сәйкес экологияны жақсартуға бағытталған. Астананың ел ауқымында интеграциялық ролін арттыруды ескере отырып, қала экономикасын дамыту мәселелеріне үлкен көңіл бөлінген.

Қазіргі таңда Астана қаласы бойынша қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының әртүрлі бағыттары бойынша 33 өңірлік бағдарлама іске асырылуда. Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде қала экономикасының өсуіне және мемлекеттік басқарудың орталық органдары өздерінің функцияларын іске асыру жөнінде өткізетін барлық іс-шараларға сапалы қызмет көрсетуге бағытталған бірқатар бағдарламалар әзірленеді.

Әрбір мемлекеттің астанасы өз кезегінде "визит карточкасы" болып табылады. Астананың ерекше мәртебесі Орта Азия өңірінде экономикалық пен қаржы орталығы ретінде танылатын мемлекет астанасы болып қалыптасуына байланысты көптеген мәселелерді шешуді талап етеді.

Қала қызметінің жекелеген салаларын бір-бірімен жеткіліксіз байланысқан қысқа және орташа мерзімді дамыту жоспарлары тиімді бола бермейді, өйткені жүйелі даму факторын ескермейді. Қазіргі уақытта Астананың орнықты дамуын нығайтуға, тыныс-тіршілік пен қоршаған ортаның сапасы, өзіне тән ерекшеліктері, оның тұрғындары мен қонақтарының экономикалық, әлеуметтік, және мәдени өмірінің деңгейі, керемет архитектурасы және қала кеңістігін білімді ұйымдастыру арқылы астананың дүниежүзілік танымалдылығын қамтамасыз етуге нақты мүмкіндік бар. Сонымен, қаланың бәсекеге қабілеттігін көтеруге арналған кешенді Стратегия әзірлеу қажет. Астана ретінде Астана қаласын дамыту стратегиялық ұзақ мерзімді мақсаттарға бағдарлануға тиіс.

Осы Астана қаласын 2030 жылға дейін орнықты дамыту стратегиялық жоспар (бұдан әрі - Стратегиялық жоспар) Астананың мемлекеттің астанасы ретінде қалыптасуы және орнықты дамуы бойынша қызметтің негізгі бағыттарын айқындайды.

Стратегиялық жоспар экономиканы, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту бағыттарын, орнықтылыққа байланысты қаланы дамытудың басқа аспектілерін айқындайды.

Қаланың дамуы мынадай негізгі қағидаттарды ескере отырып жүзеге асырылады:

***Қаланың бәсекеге қабілеттігі үшін жағдайлармен қамтамасыз етуге мақсат қою.***

Осы міндет экономикалық даму аясында өңірлік көшбасшы ретінде Қазақстанның қалыптасуы бойынша жалпы мемлекеттік ұзақ мерзімді стратегиядан шығады. Бұл Астана қаласының мемлекет астанасы ретінде тиісті даму деңгейін болжайды.

Стратегиялық жоспар қаланың әлеуетін, күшті және әлсіз жақтарын, географиялық, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық жағдайларын талдау негізінде анықталған дамудың басты, перспективалы бағыттарына назар аударып отыр.

**Қаланың экономикасын, әлеуметтік саласын және инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу кезіндегі ынтымақтастық пен серіктестік.** Бұл дамудың жалпы мемлекеттік пен муниципальдық мақсаттары мен мәселелерін, астананың тұрғындары мен қонақтарының мүдделерін үйлестіруді болжайды.

**Қаланың орнықты дамуын арттыру жөнінде ұзақ мерзімді көрінісін және мәселелерді кезең-кезеңмен шешуді қалыптастыру.** Астана дамуының стратегиялық жоспарында қала тыныс-тіршілігінің негізгі салалары дамуының ұзақ мерзімді мақсаттары мен перспективалы бағыттары айқындалған.

Стратегиялық жоспарды дамытудың стратегиялық міндеттерін тәртіпке келтіру және кезең-кезеңімен шешу қағидаттарына сүйене отырып іске асыру болжанады. Стратегиялық жоспарды іске асырудың басты тетігі ретінде Астана қаласы дамуының орташа мерзімді бағдарламалары айқындалған.

Іс-шараларды нақтылау және оларды нақты бір жылда қаржы жағынан қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының орташа мерзімді жоспарларының және қазыналық саясатының шеңберінде қамтамасыз етілетін болады. Бюджет бағдарламаларын қаржыландыру тиісінше республикалық бюджеттен және Астана қаласының бюджетінен қамтамасыз етілетін болады.

Стратегиялық жоспарды іске асыру тетігі жоспардың орындалу мониторингісін және бақылау жүйесін қалыптастыруға, стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді формалдандыруға, жекелеген бағдарламалардың, жобалардың, іс-шаралардың орнықтылық қағидаттары мен факторларына және Астана қаласын 2030 жылға дейін орнықты дамыту стратегиялық жоспарына сәйкес келуін бағалауға бағытталатын болады.

## **1. Орнықты даму ұғымы**

XX ғасырдың басында әлем қалаларының орнықты дамуына деген қозғалысы басталды. "Орнықты даму" терминінің қоршаған ортаны қорғау, экономикалық және әлеуметтік даму проблемаларының арасында байланыс бар екенін түсінгеннен кейін Қоршаған орта жөнінде БҰҰ-ның бірінші Конференциясының Декларациясынан (Стокгольм, 1972) және өткен ғасырдың жетпісінші жылдардың басындағы Рим клубының жұмыстарынан басталатын ұзақ мерзімді тарихы бар.

Қаланың орнықты дамуы тұрғындардың қажеттілігін толық қанағаттандыруды қамтамасыз ететін олардың сұлу, салауатты, жақсы көретін қаласын жасауды қ а м т а м а с ы з е т у г е т и і с .

Орнықты дамудың әлемдік қауымдастықта жалпы танылған қағидаттары экономикаға тең дәрежеде қазіргі уақыттың қажеттілігін қанағаттандыруға да, болашақ

ұрпақтың өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілеттігін сақтауға да бағдар ұстауға тиіс екендігін болжайды.

Қаланың орнықты дамуы - бұл қала аумағының геология - географиялық ерекшеліктерін, халықтың, экономиканың, өнеркәсіптің, қоршаған ортаға қаланың экологиялық жүйелеріне жол берілген шекті жүктемелерден аспайтын, инфрақұрылымның әлеуетті мүмкіндіктерін қоса, бүкіл қалалық ресурс әлеуетін ұтымды пайдалануға негізделген балансталған орнықты әлеуметтік-экономикалық және экологиялық даму.

Орнықты даму қағидаттарын іске асыру орталықтары ретінде қалалардың ерекше маңыздылығы Үлкен және шағын қалалардың орнықты дамуы жөнінде 1994 жылы Аалборгте өткен Еуропа конференциясында аталған, онда "Еуропа қалаларының орнықты дамуына арналған хартия (Аалборг хартиясы)" қабылданған болатын. Осы құжатта "бірде бір қала басқа қалаға ұқсамайтындығына байланысты біз барлығымыз орнықты дамуға өз жолдарымызды табуға тиіспіз. Жергілікті саясаттың барлық бағыттарында орнықтылықтың жалпы қағидаттарына негізделген және әрбір нақты қаланың күшті жақтарын ескере отырып, орнықты дамудың жергілікті стратегияларын әзірлеген жөн" <sup>1</sup> деп аталған.

<sup>1</sup> Орнықты дамуға арналған Еуропа қалаларының хартиясы (Аалборг хартиясы), Аалборгте (Ольборгте) Үлкен және шағын қалалардың орнықты дамуы жөнінде Еуропа Конференциясында қабылданды, Дания, 1994 жылғы 27 мамыр

Адам дамуының көзқарасы тұрғысынан орнықтылық ұғымы - бұл ең алдымен философия, ойлау қалпы, өмір салты. Көптеген елдерде бала өз өмірінің алғашқы жылдарынан бастан орнықтылық қағидаттарының әрекетін - қайталап пайдалану үшін ас үй мен бақшада қалдықтарды сұрыптайтынын, суды және электр энергиясын үнемдеу мақсатында жарық беретін және басқа приборларды өшіретінін және т.б. байқайды. Нәтижесінде орнықты ойлау қалпы адамда өмір бойы едәуір дәрежеде болады. Сонымен, орнықтылықты төменнен жоғары - халық, жоғарыдан төмен - мемлекет алып келеді.

Әлеуметтік-экономикалық процестер, өндіріс құрылымы және оның мамандырылуы анық көрінетін өңірлік ерекшелікке ие және оларға климат жағдайларының аумақтық айырмашылықтары, табиғи ресурстардың біркелкі бөлінбеуі, халықты қоныстандырудың қалыптасқан жүйесі, шаруашылық жүргізу тұрғысының дәстүрлері елеулі әсер етеді. Осыған байланысты нақты өңірлердің - облыстардың, қалалардың, аудандардың орнықты дамуға көшу проблемаларын ерекше қарау қажеттілігі туындайды. Орнықты даму стратегиясы нақты аумақтарда іске асырылуға тиіс, өйткені осындай аумақтардың әрқайсысы өздеріне тән ерекшеліктерге ие - орнықты даму жинағының, ауқымы мен сипатының проблемаларында оларды шешуге арналған

көзқараста, осындай көзқарастарды іске асыру үшін пайдаланылатын құралдар жиынтығында айырмашылықтар бар.

Қазақстан жағдайында - ұлан-ғайыр аумақ, әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі ықпал ететін әртүрлі табиғи - географиялық, табиғи-ресурстық, экологиялық, әлеуметтік-тарихи және басқа да жағдайларымен өңірлердің болуы, аумақтық даму мәселесі де маңызды орын алады. Қазақстанның жалпы орнықты дамуы оның барлық өңірлерінің, қалаларының және аудандарының орнықты дамуы болған кезде мүмкін.

Астана - Қазақстанның жай қалаларының бірі емес, бұл жаңа астана, ол қазір қалыптасу процесінің бастапқы кезеңінде тұр. Бұл әлемдегі басқа елдердің астаналары дамуының ұқсас жоспарларынан Астананың орнықты дамуының стратегиялық жоспарының негізгі айырмашылығы болып табылады. Аталған жағдай мүмкін басқа астаналық қалалардың алдында салыстырмалы түрде басымдығы болар, өйткені ол қазір салынып жатыр және орнықты дамуға қала құрылысындағы, экономика және әлеуметтік саласының дамуындағы, қоршаған ортаны қорғаудағы, әсіресе, өндірістік және экологиялық - инженерлік инфрақұрылымының объектілерін дамытудағы және орналастырудағы осы заманғы үрдістерді ескере отырып көшетін болады.

Астана қаласы орнықты дамуының басты стратегиялық мақсаты неғұрлым тиімді сыртқы және ішкі факторларды пайдалану қала аймағындағы табиғи кешенінің ұдайы өндіріс әлеуетін сақтай және қоршаған ортаны жақсартып отырып, экономикалық және әлеуметтік саласының серпінді дамуын қамтамасыз ету арқылы халық өмірінің деңгейі мен сапасын арттыру болып табылады.

Сыртқы факторларға географиялық пен геосаяси жағдай, климат, экономикалық саясат пен елдегі макроэкономикалық жағдай, әлемдік және қазақстандық экономиканың даму үрдістері, әлемдік экономикалық конъюнктура жатады. Ішкі факторларға - халық пен оның экономикалық жағынан белсенді бөлігін қоса, ресурстардың жай-күйі, еңбек ресурстарының білімі мен біліктілігінің деңгейі, инфрақұрылымның дамуы және т.б. жатады.

Астана елдің орталығында орналасқан, темір жол көлігі мен автомобиль желілерінің сәтті орналасқан көлік қиылысы болып табылады. Перспективада оның алатын орнын халықаралық әуе көлігінде де едәуір жақсартуға нақты мүмкіндік бар.

Астананың ұтымды геосаяси жағдайы Қазақстанның Орталық Азия мен әлемдік қоғамдастықта екі фактор бойынша:

біріншіден, шикізат ресурстарының мол қорлары;

екіншіден, Қазақстанның көршілерімен салыстырғанда саяси, экономикалық, және әлеуметтік салаларында ілгері алға шығуы, сөзсіз, ол өңірдегі көшбасшы және сенімді әріптес болатын ерекше орнымен алдын ала белгіленген.

Стратегиялық жоспарда Астана қаласының орнықты дамуы халық өмірінің сапасын ұдайы жақсартуды білдіреді. Өмір сапасының ұғымы, ең алдымен, жұмыс пен еңбекке тиісті ақы төлеудің болуымен, денсаулық сақтау білім беру және әлеуметтік

қамтамасыз ету қызметтеріне мемлекет кепіл беретін ең аз пакетімен, қоршаған ортаның және инженерлік инфрақұрылымның сапасымен, қоғамдық қауіпсіздікпен, саяси орнықтылықпен айқындалады.

Қаланың орнықты дамуына жетуде басымдық адамға беріледі - оның тыныс-тіршілігіне және тұлға ретінде дамуына лайықты жағдайлармен қамтамасыз ету

## **2. Астана қаласының миссиясы және көрінісі**

"Астана - елдің барлық өңіріне өң беретін және мемлекет жүрегінің жұмыс қабілетіне жаңғырық болып жететін барша қоғамдық қатынастардың жиынтығы" <sup>2</sup>.

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2001 жылы мақұлдаған Астана қаласының 2030 жылға дейін дамуының бас жоспары Астананы үкіметтік, әкімшілік, коммерциялық және іскерлік орталығы, сондай-ақ ғылыми-зерттеу әзірлемелер мен жаңа технологиялардың ұлттық орталығы ретінде айқындайды.

---

<sup>2</sup> Назарбаев Н. "Еуразия жүрегінде", 2005, 177-бет.

Астана қаласының 2010 жылға дейін дамуының стратегиялық жоспарында <sup>3</sup> қаланың миссиясы "Бүкіл Қазақстанның гүлденуіне барлық өңірлердің одан әрі дамуы арқылы Астананың дамуы. Әкімшілік-іскерлік, саяси, елдің мәдени және ғылыми орталығы" ретінде тұжырымдалған.

---

<sup>3</sup> Астана қаласы мәслихатының 2002 жылғы 20 қаңтардағы N 144/28 шешімімен мақұлданған

Сонымен, қаланың әртараптандырылғын экономикасын дамытуға, ақпараттық технологияларды, инновациялық әзірлемелерді енгізуге деген ұмтылысы экономиканың барлық секторларының: өнеркәсіп, құрылыс, бөлшек және көтерме сауда, көлік пен коммуникация, қызметтердің басқа түрлері өсуінің жоғары қарқынын білдіреді.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, **Астананың миссиясы еуразиялық кеңістікте үлгілі орнықты астана болу, Қазақстан Республикасының орнықты дамуын қамтамасыз етуге негіз жасау үшін қызмет ету болып табылады.**

**Астананың көрінісі: Қазақстан Республикасының астанасы - бәсекеге қабілетті экономикасы бар, тұрғындары, қонақтары, елдің азаматтары мен туристер үшін тартымды қала тыныс-тіршілік үшін қолайлы қоршаған ортасы бар қала.**

Астананың жоғары бәсекеге қабілеттігін, Қазақстан мен Орталық Азия қалаларының арасында көшбасшы болуын қамтамасыз ету үшін ол тұрғындар, инвесторлар, іскер адамдар, қонақтар үшін ерекше тартымдылыққа ие болуға тиіс.

**Б ұ л қ а л а :**

серпінді дамып келе жатқан бәсекеге қабілетті өнімі бар әртараптандырылған экономикаға ;



жоғары дамыған өндірістік, экологиялық-инженерлік, әлеуметтік және ғылыми-техникалық инфрақұрылымға;  
сапалы қоршаған ортаға, ауыз суға;  
тұрудың қауіпсіз жағдайларына;  
саяси орнықтылыққа;  
ашықтыққа;

мәдениеттің, білім берудің және халыққа медициналық қызмет көрсетудің әлемдік деңгейіне;

ерекше сәулеттік келбетке, демалыс пен ойын-сауық объектілеріне;  
әртүрлі қызметтерге және халықаралық стандарттардың деңгейінде сапалы қызмет көрсетуге;

қол жетімді сапалы тұрғын үйге, дамыған жылжымайтын мүлік рыногына;  
осы заманғы ыңғайлы жол-көлік желісіне;  
сапалы еңбек ресурстарына;

қалалық басқарудың тиімді қызмет ететін институттары;  
қалаға инвесторларды тартуға, іскер адамдардың, туристер мен қонақтардың келуіне кедергі жасайтын жасанды тосқауылдарды болдырмай қаланың реттелмейтін жоғары деңгейіне және тартымды шаруашылық климатына;

қала экономикасының, әлеуметтік пен экологиялық салаларының тиісті қазақстандық және әлемдік жүйелеріне тығыз біріктірілуіне ие болуға тиіс

### **3. 1998 - 2005 жылдары Астананың дамуындағы прогресс**

Астана қаласының астана мәртебесіне ие болуы оның экономикасы дамуының перспективаларын ашты. 2005 жылы қаланың жалпы өңірлік өнімі (бұдан әрі - ЖӨӨ) 442 млрд. теңгеге бағаланды және оның республикалық көлемдегі үлесі 1998 жылдағы 1,9 % қарағанда 6,5 % құрайды.

1-сурет

**1995-1998 жылдардағы Астана қаласының ЖӨӨ (млрд. теңгеде) және ЖӨӨ республикалық көлемдегі қала үлесінің (%-да) серпіні**

*Қағаз мәтіннен қараңыз*

Қала экономикасының құрылымы қызмет салалары мен түрлерінің даму серпініне сәйкес келеді. 2004 - 2005 жылдары аталған әр саланың үлестері 18-20 % шамасында ауытқып отыр. Қаланың ЖӨӨ құрамында өзге қызметтердің үлесі өте зор - 40 %. Бұл нарықтық қатынастардың күрт өсуін куәландырады. Осы нарықтық қатынастардың ішінде қонақ үй бизнесі, жылжымайтын мүлік, автокөлік саудасы және тұрғын үй сатып алуға арналған ипотекалық кредит беруді қоса, қаржылық қызметтер неғұрлым жоғары қарқынмен дамуда.

2004 - 2005 жылдардағы ЖӨӨ құрамында өнеркәсіп үлесі 7 % жуық орын алды. Оның құрылымында азық-түлік өнімдерін шығару 20,1 %, жылу және электр



энергиясын, газ бен суды өндіру мен тарату 22,5 % және де құрылыс материалдары мен конструкциялар негізін қалайтын аралық тұтынатын тауарларды шығару 37,5 % басымдыққа ие болып отыр. Соңғы тұтыну өнімдерін шығаратын салаларға 19,9 % келеді. Олардың негізін ауыл шаруашылығын машина жасау өнімдері, гиросорғылар, жиһаз бен тігін бұйымдары құрайды.

Астана қаласы бойынша жан басына шаққанда ЖӨӨ 4610 АҚШ долларға жетті, ол орташа республикалық деңгейден 1,9 есе жоғары. Осындай асып кету Астана қаласына ірі өндірістік компаниялар мен қаржы ұйымдарының көшу нәтижесінде болды. Қала тұрғындары бүгінгі таңда импорт пен елдің басқа өңірлерінен әкелінетін тауарлар есебінен едәуір дәрежеде қамтамасыз етіліп отыр. Халықтың жоғары табыс деңгейі осындай сырттан келетін тауарларды шығару мен қызмет көрсетуді дамыту үшін жақсы алғышарт болып табылады. Қала экономикасының жай-күйі туралы егжей-тегжейлі ақпарат 2-қосымшада келтірілген.

Қазақстан Республикасы Президентінің жалпы мемлекеттік стратегиялық құжаттарында Қазақстанның астанасы ретінде қаланы дамыту экономика дамуының ұзақ мерзімді басымдықтарының бірі деп белгіленген. Қаланың дамуына инвестициялардың ағыны жылына 1 млрд. АҚШ долларына жуық құрайды. Инвестицияларды қаржыландырудың негізгі көзі ретінде кәсіпорындардың өз қаражаттары, ұйымдар мен халықтың қаражаттары, сонымен қатар республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттары болып табылады.

"Астана - сол жағалауы" еркін экономикалық аймақты құру қала дамуына инвестициялардың келуін ынталандыруға ықпал етті. Қаланың жаңа әкімшілік орталығының келбеті сәулет жоспарларының жан-жақты терең ойластырылғанымен ерекшеленеді және Астананың іскерлік бөлігінің перспективалы жобаларын нақтылайды.

Қаланың тарихи жағы да көзге түсерліктей жаңартылды, бірақ дамыған елдердің астаналарының деңгейіне дейін тұрғын үй қорын және инфрақұрылымды қайта құру жөніндегі жұмыстар енді басталып жатыр.

Қаланы салу жедел қарқынмен жүзеге асырылып отыр. Соңғы жылдары ішінде қаланың астаналық мәртебесін көрсететін жаңа орталық салынды. Қаланың солтүстік бөлігін одан әрі дамыту және жаңғырту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Осының барлығы қызықты және тартымды қала ретінде Астананың дамуына оң әсер етеді. Бұдан басқа, білім беру мен медициналық мекемелерін салу, қаланың инженерлік инфрақұрылымын - электрмен, жылумен, сумен жабдықтау, кәріз және телекоммуникация жүйелерін кеңейту және жақсарту жүзеге асырылуда. Қала аумағын көгалдандыру жұмыстары да белсенді жүргізілуде.

Сонымен бірге, астананың әртүрлі аудандарының салынуы мен дамуы біркелкі болмай тұрғаны байқалады. Қаланың ескі және жаңа орталықтары қымбат тұрғын үй құрылыстарын жүргізуге, сондай-ақ сауда, ойын-сауық инфрақұрылымы, сервис пен

қызметтер көрсету объектілеріне инвестициялар салу үшін неғұрлым тартымды болып отыр. Алайда, ескі құрылыстар орналасқан аудандар тұрғындарының төмен сатып алу қабілеттігіне байланысты қызметтер саласына инвестициялар салуға перспективалы болмай тұр. Олардың ауыр әлеуметтік жағдайымен құлдырауға ұшырауын болдырмау мақсатында инвестициялар салуға аумақтарының кешенді дамуына арналған осы аудандардың тартымдылығын қамтамасыз ету шарттарын айқындау қажет.

Қаланың небір маңызды проблемаларының бірі авариялық жағдайдағы және тозығы жеткен құрылыстар болып табылады. Құрылыстарды бұзу жергілікті бюджеттің де, мемлекеттік емес құрылыс салушылардың да есебінен жүргізіледі. Астана қаласында авариялық пен тозығы жеткен тұрғын үйлерді бұзу 2002 - 2005 жылдарға арналған бағдарламаның шеңберінде 2002 жылдан бастап 2004 жылға дейін 16 салынған үйлер б ұ з ы л д ы .

4

---

<sup>4</sup> Астана қаласы тұрғын үй департаментінің деректері

Қазіргі уақытта қалада бірқатар құрылыс салушылар экологиялық және климат жағдайларын ескермегендіктен, олардың қысқа мерзімді кезеңде ең жоғары пайда алу ниеттерінен, сапасыз құрылыс материалдарын және ескірген технологияларды пайдаланғанынан, балаларға арналған алаңшалар мен, автомобильдер тұрақтарымен және т.б. қамтамасыз етілмеген жеке тұрған көп қабатты тұрғын үйлерді салуынан туындаған бірқатар проблемалар бар. Кейбір кезде құрылыс алаңдарында ағаштар мен ж а с ы л ж е л е к т е р д і ш а б у ы б а й қ а л а д ы .

Сонымен бірге энергия ресурстарымен және ауыз суымен, білім беру, денсаулық сақтау, сауда және сервис объектілерімен, мәдени-сауықтыру құрылыстарымен орнықты қамтамасыз ету көзқарас тұрғысынан "тыныш" аудандарды дамытуға үлкен м ә н б е р і л і п о т ы р .

Қазіргі уақытта қаланың экономикасы аралық тұтынатын тауарларды шығаруға, халықты азық-түліктің негізгі түрлерімен қамтамасыз етуге, жаңа әкімшілік, тұрғын үй сауда, қонақ үй және ойын-сауық объектілерді салуға, сапасы мен табиғи тозған коммуникацияны жаңғыртуға, жолдар, көпірлер және көлік айырымдарының құрылысын жүргізуге бағытталған. Экономиканың соңғы жылдары қалыптасқан құрылымы қойылған міндеттерге жауап береді, бірақ ұзақ мерзімді перспективада ол сервистік-технологиялық қызметтер мен ғылымды көп қажет ететін және жоғары технологиялық тауарлар үлесін арттыру жағына қарай түпкілікті өзгеруге тиіс.

#### **4. Астана қаласын орнықты дамытудың стратегиялық мақсаттары**

Орнықтылық қағидаттарына негізделген көзқарас әлеуметтік, экономикалық және экологиялық саясатының мәселелері бойынша мемлекеттік биліктің және халықтың мүдделерін біріктіру мен үйлестіруге бағдарланған, ол сондай-ақ орталық үкімет, жергілікті басқару органдары, жеке бизнес, қаржы институттары мен азаматтық қоғам

арасында сұхбаттасудың ұйымдастырылуын қамтиды.

Астана көрінісіне қол жеткізу үшін өзара байланысқан төрт стратегиялық мақсаттар айқындалған:

қаланың орнықты экономикалық дамуын қамтамасыз ету;  
қолайлы қоршаған ортаны және орнықты жұмыс істейтін инфрақұрылымды ұстау;  
қаланың әлеуметтік - орнықты қоғамын қалыптастыру;  
қалалық басқару жүйелерін жетілдіру.

Қала стратегиялық мақсатқа тиісті стратегиялық міндеттерді шешу арқылы жетуі мүмкін (1-қосымша).

## **§ 1. 1 - стратегиялық мақсат.**

### **Қаланың орнықты экономикалық дамуын қамтамасыз ету**

Осы стратегиялық мақсатты іске асыру Астананың беделін елдің әкімшілік орталығы ретінде де, әртараптандырылған экономикасы, жеке сектордың жоғары үлесі бар қала ретінде де қамтамасыз етуіне қатысты мемлекет саясатын күшейтумен байланысты.

Тыныс-тіршілік сапасын жақсартудың негізі бәсекеге қабілетті экономика, еңбек өнімділігін көтеру, өткізу рыноктарын кеңейту, тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің жаңа түрлерін шығару болуға тиіс, ол халықтың жұмыспен қамтылуының жоғары деңгейін сақтауға мүмкіндік береді.

Қаланың бәсекеге қабілеттілігі - бұл қосылған құн құрушылардың - жұмыс істеп жатқан және жаңа кәсіпорындардың өнімділіктерін көтеру есебінен тыныс-тіршіліктің жоғары және орнықты өсу деңгейіне жетудегі аумақтың қабілеттігін сипаттайтын экономикалық сәнат.

Бәсекеге қабілеттіліктің негізгі факторларының арасында мыналар бөлінеді: құрылымдық факторлар: тиімді инфрақұрылым, негізгі қалалық қызметтердің жеткілікті ұсыныстары, тұрмыс жағдайының жоғары сапасы, кәсіптік еңбек ресурстары және тиімді қалалық саясат;

функционалдық факторлар (қала атқара алатын функциялар): қалада өңіраралық және халықаралық бизнесті орналастыру орны, инновациялық қызметтің орталығы, ақпараттық (коммуникациялық) желісінің маңызды қиылысы, мәдениеттің халықаралық орталығы болуына мүмкіндік бар ма.

"Жаңа экономика" заманында орнықты ұзақ мерзімді бәсекеге қабілетті басымдықтың негізі осы құрылымдық мамандандырылған факторлар қызмет етеді.

Бизнес те, халық та өзін қоныстандыру және тұру орнын таңдау кезінде ұтқыр, еркін болып келеді. Осыған байланысты сол немесе өзге орналасу орнына тән факторлардың (табиғи ресурстардың, географиялық жағдайдың) ролі төмендейді, ал қаланың өзі жасай алатын факторлардың ролі ұлғаяды.

М. Портерге сай бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін негізгі стратегиялық сипаттамалар, бұл:

нақты ерекшеленуге, сипатталуға және сұранысқа да, қаланың іс жүзіндегі мүмкіндіктеріне де сәйкес келуге тиіс нарық орны болуы;  
қалаға қолданбалы сапа туралы қамқорлық, ең алдымен, коммуналдық қызметтердің, тыныс-тіршілік жағдайларының және қаланың экономикалық инфрақұрылымының сапасын білдіреді;  
қалалық басқарудың барлық салаларындағы инновациялар;  
қоршаған ортаның, халық пен кәсіпкерлер сұранысының өзгеруіне жергілікті биліктің ден қою жылдамдығы;  
ел ішіндегі де, шетелдегі де қалалармен серіктестік орнату қалалық басқару тәжірибесінің бейімделу және сындарлы пайдалану процесінде маңызды роль атқарады ;

қалалық билік органдары қызметкерлерінің, қаланың әртүрлі жекеменшік нысанындағы сервистік ұйымдарында жұмыс істейтін мамандардың біліктілігі;  
"жаңа экономикаға", экономика біліміне тартылуы.

Астананың орнықты дамуының бірінші стратегиялық мақсатына қолданбалы осы факторлар мыналарды білдіреді.

**Нарықтағы өзінің орны** . Стратегиялық жоспарда Астананың миссиясы - еуразиялық кеңістікте үлгілі, орнықты астана болуы тұжырымдалған. Астана өңірлік орта, Орталық Азиядағы интеграциялық процестердің бастамашысы болуға тиіс. Осы қалыптасқан геосаяси ақиқаттар болжап отырған Астананың "орны" болып табылады.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы күрделі прогресті ескере отырып, өңірдің көшбасшысы - елдің жаңа астанасы орта азиялық кеңістіктің астанасы роліне құқық бойынша үміт артуға толық негіз бар.

**Сапа туралы қамқорлық.** Астанада тыныс-тіршілік, экология мен коммуналдық қызмет көрсету сапасын ұстау міндеті басымдық болып табылады. Астананың орнықты дамуының Стратегиялық жоспарында осыған "Қолайлы қоршаған ортаны және орнықты жұмыс істейтін инфрақұрылымды ұстау" және "Қаланың әлеуметтік - орнықты қоғамын қалыптастыру" сияқты стратегиялық мақсаттар қойылған.

**Инновациялар.** Астана инновациялар қаласы болуға тиіс. Жаңа астана ретінде Астана қалалық жоспарлауда, экологиялық ортаны жасауда, ғылыми-білім беру саласын дамытуда, қалалық басқаруда инновациялық сәулеттің, инновациялық көзқарастардың үлгісі болады және солай болуға тиіс.

**Ден қою жылдамдығы.** Ұзақ мерзімді мақсаттарды белгілеп, әкімдік астананың, Қазақстан мен әлемнің басқа қалаларының экономикалық та, әлеуметтік пен экологиялық та дамуындағы жай-күйдің ағымдағы дамуын серпінді қадағалауды жалғастырады. Осы тұрғыда елеулі роль қаланың тұрғындарымен ұдайы өзара іс-қимыл жасаудың әртүрлі формалары - тұрғындармен кездесулер, дөңгелек үстелдер, сауалнамалар атқаруға тиіс. Жергілікті атқарушы органдардың қызметін бағалау, стратегиялық дамудың басты көрсеткіштері бойынша ұдайы есептілік ретінде

стратегиялық басқарудың осындай құралын іске асыру тұрғындармен кері байланысты қамтамасыз етеді.

**Серіктестік және халықаралық байланыстар.** Еуразиялық кеңістіктегі үлгілі орнықты қала ретінде Астана қаласының миссиясын қамтамасыз ету елдің басқа өңірлерінен және әлемдік астаналардан айырып қамтамасыз ету мүмкін емес. Бұл ретте осындай серіктестік операциялық та, стратегиялық та сипатта болады, ол Астанаға урбанистік дамудың бағалы тәжірибесін алып, өзінің серпінін елеулі жеделдетуге мүмкіндік береді.

**Персоналдың біліктілігі.** Астана қаласының басқару ұйымдарында Стратегиялық жоспардың және стратегиялық мақсаттардың негізінде, орнықты оқыту жүйесін қуатырып, ең жақсы оқу орындарында тағлымдамадан өту арқылы "оқытатын ұйым" қағидатын іске асыру Астанаға бәсекеге қабілеттіктің осы факторын тиімді іске асыруға мүмкіндік береді.

**"Жаңа экономикаға", білім экономикасына тартылуы.** "Жаңа экономиканы" дамыту бағытында Астана табысты халықаралық тәжірибеге бағдар алатын болады. "Инновациялық және ғылыми-техникалық қызметтерге жағдайлар жасау" сияқты стратегиялық міндет бәсекеге қабілеттіктің осы факторын іске асыруға мақсат болып отыр.

### 1.1. Астана қаласын экономикалық дамытудың күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен шектейтін факторларын талдау

Астана қаласының экономикалық дамытудың күшті және әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен шектейтін факторлары (SWOC-талдау) астананың қолданылып жүрген бағдарламаларының нәтижелерін, іс-шаралардың тиісті жоспарларын, статистикалық ақпаратты талдау, іскер топтардың өкілдерімен болған талқылаулардың және басқа да деректердің негізінде айқындалған.

1-кесте

#### Астана қаласын экономикалық дамыту: күшті және әлсіз жақтары, мүмкіндіктер мен дамуды шектейтін факторлар

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Қаланың астана ретінде қызмет еткен жылдар ішінде қалыптасқан жеткілікті күшті экономикалық базасы	Қаланың әсіресе ескі бөлігінде телекоммуникацияны қоса, инженерлік және көлік инфрақұрылымының елеулі тозуы
Қала экономикасының құрылымы жаңа құрылыс салу және астананың ғимараттары мен коммуникациялық құрылыстарын түпкілікті жаңарту міндеттеріне сәйкес келеді	Экономиканың жеткіліксіз әртараптандырылғаны, атап айтқанда құрылыс қызметіне тәуелді болуы
Жедел қарқынмен дамып келе жатқан құрылыс саласы	Астана дамуының бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті шектеулі бюджет қаражаттары

<p>Қоршаған орта жай-күйінің адамның денсаулығы үшін салыстырмалы қауіпсіздігі</p>	<p>Өндірістік қорлардың жоғары деңгейдегі тозуымен салыстырмалы әлсіз өнеркәсіптік базасы</p> <p>Инновациялық менеджмент, орнықты даму саласында жоғары білікті кадрлардың жетіспеушілігі</p> <p>Коммуналдық қызметтерге экономикалық негізделмеген баға түзуі</p> <p>(ИСО сериясы 9000, 14000, 22000 және ХАССП) сапаның халықаралық стандарттары бойынша жұмыс істейтін ауыл шаруашылығы өнімі мен тамақ өнеркәсібін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындардың аздығы</p> <p>Қазақстанның басқа өңірлерімен салыстырғанда жердің жоғары құны оның өнімді пайдаланылуын шектейді</p>
<p><b>Мүмкіндіктер</b></p>	<p><b>Шектейтін факторлар</b></p>
<p>Қалалық басқаруды жетілдіру</p>	<p>Мемлекеттік органдардағы басқарудың төрешілдік стилін және шешімдерді "жоғарыдан төмен" қағидаты бойынша қабылдауды қоса, қалалық басқару және мемлекеттік қызметтерді ұсыну жүйесінің тиімділігінің жеткіліксіздігі</p>
<p>Шағын және орта бизнестің дамуы</p>	<p>Инновациялық кәсіпкерлікті нақты және тиімді қолдаудың болмауы</p>
<p>Астана және іргелес орналасқан аумақтардың сұранысын қанағаттандыру үшін ауылшаруашылық өнім өндірудің және қайта өндірудің өсуі</p>	<p>Тұтыну тауарларды өткізудің ірі рыноктарының болмауы</p>
<p>Қызметтің неғұрлым жоғары технологиялық түрлерін дамытуға жәрдемдесетін жоғары білімнің жоғары стандарттары</p>	<p>Шағын кәсіпкерліктің декларативтік сипаты және оны әлсіз қолдау, рұқсат ету жүйесінде тосқауылдардың болуы</p>
<p>ЕЭА мәртебесін басқа аудандарға қарай кеңейту, оларды өнеркәсіптік өндірісінің, технологиялардың, экспорттық сауданың аймақтары ретінде дамыту болжанып отыр</p>	<p>Өнеркәсіпті қоса, экономиканың көптеген секторларында білікті жұмысшылардың жетіспеушілігі. Орнықты тұратын және жұмыс орны жоқ келушілердің ауылдық жерлерден келуі</p>

Республиканың басқа өңірлері мен көршілес елдердің азық-түлік және өнеркәсіптік өнім өндірушілер тарапынан бәсекелес

1а-кесте

**Астана қаласының қазыналық саясатының әлсіз және күшті жақтары, мүмкіндіктері мен шектейтін факторлары**

<b>Күшті жақтары</b>	<b>Әлсіз жақтары</b>
Астананың бюджет шығыстарының жан басына шаққанда өсуі	Республикалық бюджеттен түсетін түсімдерден жоғары дәрежеде тәуелді болуы Жан басында шаққанда жергілікті бюджет кірістері өсуінің төмен қарқыны
Астана бюджетінің экономикалық құрылымындағы күрделі шығындардың жоғары үлесі	Астананы дамыту бағдарламаларын іске асыру үшін, сондай-ақ қала халқының өсуін ескере отырып, ағымдағы шығыстарды қаржыландыру үшін қажет шектеулі жергілікті бюджет қаражаты
<b>Мүмкіндіктер</b>	<b>Шектейтін факторлар</b>
Астана бюджетін құруға ерекше жағдайлар ұсыну	Жергілікті бюджеттер жоспарлануының және атқарылуының, сондай-ақ республикалық бюджетпен бюджетаралық қатынастарды құрудың негізгі қағидаттары Бюджет кодексінде айқындалған және Қазақстан Республикасының барлық аумағында бірыңғай болып табылады
Астана халқы санының тез өсуіне байланысты Астананың жергілікті бюджеті кірістерінің өсуі	Инвестициялық жоспарлау процесі шектен тыс орталықтандырылған болып табылады

**1-бокс. Кластерлер дамуының халықаралық тәжірибесі**  
Қазіргі уақытта Оттавада жоғары технологиялардың мынадай кластерлері:

радио байланысының;  
телекоммуникацияның;  
ақпараттық қамтамасыз етудің;  
жартылай өткізгіштің;  
шыны талшық оптикасының;  
кәсіби (консалтингтік) қызметтердің;  
биотехнологиялардың ойдағыдай жұмыс істейді.

Кластерлерді дамыту үшін екінші дүниежүзілік соғыстан кейін мемлекеттік ғылыми зертханалар мен институттарды, оның ішінде ҒЗТКЖ жөнінде Ұлттық Комитетті (ҰК), Қорғаныстық зерттеулер институтын (ҚЗИ), Телекоммуникациялық зерттеулер орталығын (ТЗО) құру негіз болды.

Кластерлердің дамуына орасан зор қолдауды мемлекет көрсетті. 90 жылдардың ортасында ҒЗТКЖ жүргізуге федералдық үкімет бөлетін мемлекеттік қаржыландырудың 30 % Оттавада игерілген болатын. ҰК мен ТЗО жергілікті компаниялардың телекоммуникациядағы, микроэлектроникадағы, кейінірек - шынылы оптикадағы жаңа технологиялардың әзірлемелерін ҒЗТКЖ-нің бастапқы кезеңінде қаражат, қажетті жабдықтар ұсынып қолдады. Мемлекеттік ҒЗИ, білім беру институттары мен жергілікті бизнес арасында байланыстар орнатылды.

Осы саладағы коммерциялық мүмкіндіктер бұл өңірге Алкател, Каденс, Нокиа және Сименс сияқты көптеген шетелдік корпорацияларды тартты. Осы және бүкіл әлемнің басқа компаниялары да өңірдің ҒЗТКЖ мардымды капиталдық салымдарды жүзеге асырды, жергілікті жоғары білікті кадрлармен ынтымақтастық жасауға белсенді



2000 жылдың аяғында технологиялық әзірлемелермен айналысатын штаттарында 750 000 жуық адамдары бар 1000 астам компаниялар Оттавада орналасты.

Оттаваның үш университеті мен екі техникалық колледжі қазіргі кезде қатары көбейіп келе жатқан инженерлер мен техникалық мамандарды шығарды, олардың басым көпшілігі күн сайын саны артып отырған кластерлерде жұмыс тауып отыр. Оттаваның жұмыс күштері Канадада ең білімді болып саналады. Халық арасындағы 25-тен 64 жасқа дейінгілердің 30%-ға жуығында орташа елдік көрсеткіш - 17 % қарағанда университеттік білімі бар. 2000 жылы қала тұрғындарының 7 % ғалымдар мен инженерлер құрады, ал елдік көрсеткіш 3 %-ға тең.

ҒЗТҚЖ компаниялары мен фирмаларының дамуына ғылыми зерттеулер және эксперименттер өткізуге берілетін салық жеңілдіктері елеулі қолдау көрсетті.

Кобе қаласында (Жапония) алдыңғы қатардағы медициналық өнеркәсіптік кластерін құру мақсаттары ҒЗТҚЖ зерттеулерімен, әзірлемелерімен, коммерциялаумен және мамандарды даярлаумен айналысатын медициналық өнеркәсіптің орталығы салынды. Ол Орталық Биомедициналық зерттеулер мен әзірлемелер институтын, Информатика саласындағы трансляциялық зерттеулер мен әзірлемелер орталығын, Қызметті коммерциялауға арналған биомедициналық акселераторды, Кобедегі оқу-іскерлік орталықты қамтиды. Бұдан басқа, шетелдік компаниялар мен ғылыми зерттеу институттардың мекемелерін қалада орналастыру бойынша көмек көрсететін Кобенің халықаралық бизнес орталығы құрылған. Қала билігі отандық және шетелдік медициналық компаниялармен Кобеге олардың қызметін көшіру жөнінде әрдайым келіссөздер жүргізеді, шетелдік зерттеушілерді ынтымақтастықта болуға шақырады.

Тиісті жағдайлармен қамтамасыз ету үшін қала билігі шетел ғаламдарының неғұрлым ұзақ тұру және көшіп келу тәртібіне қатысты ережелерді қайта қарады.

2004 жылдың қаңтарына қалаға 52 медициналық фирма мен ғылыми-зерттеу институты, олардың 13 - шетел компаниялары көшіп келді.

Жапонияның Білім беру мәдениет, спорт, ғылым және техника министрлігі Кобе қаласында алдыңғы қатардағы медицина кластерінің дамуына жәрдемдеседі және қала билігінің бастамаларын қолдайды. Сонымен, қала алдыңғы қатардағы медицина салаларына назар аударылған "Құрылымдық реформаның ерекше аймағы" деп ресми танылған.

Сонымен қатар, еуропалық және америкалық компаниялармен тәжірибе және мамандар алмасу жөнінде белсенді жұмыс жүргізілуде, бірлескен халықаралық зерттеулер де жүргізіліп отыр.

Қалада кластерлік көзқарастың ойдағыдай дамуына негіз болып отырған құрамдастардың бірі таңғыштардан бастап медициналық жабдықтарға дейін медициналық өнеркәсібі үшін өнім шығаратын, өнімді тасымалдауды жүзеге асыратын шағын орта бизнестің тікелей қатысуы болып табылады.

## **2-бокс. Астаналардың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз етудегі халықаралық тәжірибе**

Халықаралық тәжірибеде дербес те, кешенді түрде де қолданылатын астаналардың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз етудің мынадай негізгі тәсілдері бар:

1. Астаналық функцияларды жүзеге асыруға арналған шығыстарды жоғары деңгейдегі бюджеттен (бюджеттерден) субсидиялау. Осы қаражат жалпы сипаттағы төлемдерді және белгілі бір мақсаттарға, ең бастысы қоғамдық қауіпсіздік пен қала инфрақұрылымын ұстауға, сондай-ақ мәдени іс-шараларды өткізуге арналған гранттарды қамтиды. Әртүрлі елдерде астаналық функцияларды атқаруға арналған субвенциялардың үлесі қала бюджеті түсімдерінің жалпы көлемінде 3-тен бастап 80%-ға дейін болып отыр. Атап айтқанда, астаналық функцияларды атқаруға арналған субсидиялар Берлин, Бразилия, Варшава, Канберра, Каракас, Киев, Лондон, Мехико қалаларының бюджеттері түсімдерінің едәуір бабы болып табылады.

2. Астаналық қалалар басқаруының жергілікті органдарына ставкаларды өзгерту және (немесе) бюджетке қосымша салық және басқа да міндетті төлемдерді енгізу жолымен жергілікті бюджет кірістерін ұлғайтуға ерекше құқық беру. Мұндай практика Австралияда, Ұлы Британияда, Мексикада, Францияда және бірқатар басқа мемлекеттерде бар.

3. Астаналық қалалардың бюджеттерін құруға ерекше жағдайлар белгілеу, осындай кезде жалпы жағдайда жоғарыда тұрған бюджет түсімдерінің баптары болып табылатын кірістер астана бюджетіне түседі. Осындай көзқарас, мысалы, Болгарияда, АҚШ-та, Украинада қолданылады. Мысалы, София қаласының бюджетіне аумағында тұратын және жұмыс істейтін жеке және заңды тұлғалардан алынатын жеке табыс салығының және пайдаға салынатын корпоративтік салықтың түсімдері есептеледі; Киев қаласы бюджетінің кірістері "Украина астанасы - батыр-қала Киевтің мәртебесі туралы" Украина Заңына сәйкес пайдаға салынатын салық, жеке тұлғалардың табыстарына салынатын салық, ҚҚС, жерге арналған төлем түсімдерінің есебінен құрылады.

## **1.2. Астана қаласының орнықты экономикалық дамуы бойынша стратегиялық міндеттер**

"Қаланың орнықты экономикалық дамуын қамтамасыз ету" атты стратегиялық мақсатқа жету үшін мынадай стратегиялық міндеттерді шешу қажет:

инновациялық және ғылыми-техникалық қызметке жағдай жасау;  
бәсекелестікті дамыту және қолайлы инвестициялық климат жасау;  
халықты жоғары сапалы қол жетімді коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету;  
қаланың ұзақ мерзімді қаржылық орнықтылығын қамтамасыз етуге бағытталған қ а з ы н а л ы қ с а я с а т т ы ә з і р л е у .

Қаланың ұзақ мерзімді қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету көзқарасынан астана дамуының негізгі аспектілерін талдау 2-қосымшада келтірілген.

### **Инновациялық және ғылыми-техникалық қызмет үшін жағдай жасау**

Экономикалық дамудың осы заманғы әлемдік үрдісі елдердің индустриалдықтан зияткерлік ресурстарға, ғылымды көп қажет ететін және жоғары технологияларға негізделетін постиндустриалдық үлгідегі дамуға көшуден тұрады. Бәсекелес басымдықтарды іздестіруде қаланың мүмкіндіктері, ең алдымен экономиканы әртараптандыруға, зияткерлік ресурстарды пайдалануға негізделеді.

Экономиканың инновациялық даму жолын қалада және іргелес жатқан аумақтарда жұмыс істейтін кәсіпорындарды жаңғырта отырып, сондай-ақ жоғары қосылған құнымен жаңа жоғары технологиялық, ғылымды қажет ететін салаларды қалыптастыруға негіздер сала отырып пайдалануға болады.

Инновацияларды дамыту тұрғысынан қалада жұмыс істейтін салалардан тамақ өнеркәсібін немесе азық-түлік тауарлары мен сусындар өндіру сондай-ақ металл емес өнімдер мен құрылыс материалдарын шығару қызықтырушылық тудырады. Осы салалар әрқайсысының кәсіпорындарын, біртекті және қолдау көрсететін салалардың кәсіпорындарын басқа тартылған институттармен - университеттермен, ғылыми орталықтарымен, технологиялық парктермен бірлестіру жөніндегі жұмысты әкімдік ұ й ы м д а с т ы р а т ы н б о л а д ы .

Биліктің жергілікті органдарының кластерлік дамытуды қолдау саласындағы мақсаты қаланың екі: кооперациялау мен ынтымақтастық жасау есебінен компаниялардың шығындарды төмендету және тыныс-тіршілік сапасын жақсарту бағыты бойынша қолайлы жағдайлар жасаудан неғұрлым жоғары пайда алу болып т а б ы л а д ы .

Қалада ғылыми-техникалық қызметпен айналысатын мемлекеттік және жеке ҒЗИ, жобалау-конструкторлық ұйымдардың жоғары оқу орындары мен кәсіпорындардың, экономиканың шикізат емес секторындағы жекеше сектордың бастамасы қаржыландырылатын мемлекеттік даму институттарының жұмыс істеуі Астанада ғылыми (жоғары) технологиялар, бәрінен бұрын, ақпараттық технологиялар мен білім,

сондай-ақ биотехнологиялар кластерлерін қалыптастыру үшін негіз қалайды.

Әкімдіктің негізгі іс-шаралары Астанада орнықты өндірістің, технологиялардың, білім мен ғылымды қажет ететін қызметтің ұлттық орталығының мәртебесін қамтамасыз ететін ғылыми технологиялардың кластерін жасауға бағытталады болады.

Ғылымды қажетсінетін өнімдерді дамытуда және инновацияларды енгізуде жетістіктерге жету үшін, ең алдымен адам капиталын жинақ білім мен ғылымды экономиканың ең жоғары басымдығы етіп жасау, ұлттық инновациялық жүйені құру қ а ж е т .

Қала сыртынан ғылым қалашығы сияқты техникалық университеті, зерттеу орталығы мен ақпараттық және телекоммуникация технологиялардың, жоғары технологиялық пен ғылымды көп қажет ететін өндірістердің бірнеше кластерлеріне топтастырылған көптеген шағын инновациялық кәсіпорындары бар ірі осы заманғы технологиялық паркті <sup>5</sup> орналастыра отырып серіктес-қала құру мақсатқа сай болады.

-----  
<sup>5</sup> Технологиялық парк - ғылыми-техникалық әзірлемелерді жедел енгізу мақсатында ғылымның, білімнің және өндірістің <sup>4</sup> аумақтық біріктірілген жүйесінің объектісі, бұл жақсы жарактандырылған ақпараттық және эксперименталдық базаның жағдайындағы ғылыми, конструкторлық пен өндірістік құрылымдарының ірі бірлестіктері, білікті кадрлардың тығыз орналасуы

Жоғары технологиялар саласында кадрларды жеткізуші қаланың жоғары оқу орындары, КБТУ немесе оның технологиялық парктегі филиалы болуы мүмкін. Ол технологиялық паркте мұнай химия саласындағы бірнеше арнайыландырылған зерттеу орталықтарын құра алады. Бұдан басқа, Астана қаласы астана ретінде әлемнің дамыған елдерінің алдыңғы қатардағы әрі беделді оқу орындарында оқыған жоғары білікті жас к а д р л а р д ы т а р т ы п о т ы р .

Медициналық кластерді құруға жағдайлар жасау әкімдіктің перспективалық жұмыс бағыттарының бірі болып табылады. Қалада түрлі бағыттар бойынша клиникалық орталықтардың желісін, ғылыми-зерттеу институттарын қамтитын медициналық қ а л а ш ы қ с а л ы н а т ы н б о л а д ы .

Туристік кластерін құру Щучье-Бурабай курорт аймағына, "Қорғалжын" қорығына қол жеткізу мүмкіндігін ескере отырып перспективалы болуы мүмкін, орнитологиялық, флористикалық, мәдени-танымдық және іскерлік туризмді дамыту; "көшпенді тұрмыс" жағдайларына, шетел туристерінің аң аулау, балық аулау және астана мен Ақмола облысы туризмінің басқа да объектілеріне туристердің қызығушылықтарын тарту.

"Құрылыс материалдары" кластерін қалыптастыру жөніндегі жұмыс жалғаса беретін болады. 2005 жылы Астанада құрылыс материалдарын өндіру жөнінде кластер құрудың бастапқы жобасын іске асыру шеңберінде индустриалдық парк құруға алаңы

Астанада өндірістік пен тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу кәсіпорындарын салу бастамашылық алады, әкімдік "Қалдықтарды қайта өңдеу" кластердің пайда болуына жәрдемдеседі. Әлеуметтік-экономикалық және экологиялық проблемаларды кешенді түрде шешуге бағытталған орнықты дамуға көшу қалада табиғи геохимиялық айналымға қол жеткізу жөнінде шаралар қабылдау қажеттілігін талап етеді. Перспективада кәсіпорындар қалдық шығармауға тиіс. Ол үшін қаланың барлық өндірістік жүйелері бір өндірістің қалдықтары екінші өндіріске шикізат болатындай режимге біртіндеп бағдарланатын болады.

Осы жағдайда қаланың экологиялық проблемалары үнемділік тәсілдермен шешілетін болады, қымбат тұратын, бірақ тиісті пайда әкелмейтін тазалау құрылыстардың орнына басқа өндірістер мен тұтынудың қалдықтарын пайдаланатын өнеркәсіптік өндірістер құрылатын болады. Әкімдік қалдықтардың неше түрін қайта өңдеу бойынша кәсіпорындардың құрылуын ынталандырады, сондай-ақ жұмыс орындарының санын көбейтуге жәрдемдесетін болады.

Астана қаласында қалыптасқан қызмет көрсету саласы дамушы шағын бизнестің маңызды саласы болып қалады.

Көрсетілген кластерлердің пайда болуына және қалыптасуына қала билігінің тарапынан:

астана кәсіпкерлерінің кластерлік даму, кластерлердің қалыптасуы мен дамуының тәсілдері мен тетіктері, қатысушылардың бәсекелестік басымдықтарын алу үшін өзара іс-қимылы, кластерлерді қалыптастыру бойынша кәсіпкерлерді арнайы оқытуды ұйымдастыру;

қолда бар және пайда болып жатқан кластерлердің өсуі мен жетілуі үшін: инфрақұрылымды дамытуда, заңнамалық шектеулерді алып тастауда, бизнес-мектептерді, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да іс-шаралар ұйымдастыруда кедергілерді болдырмау жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Болашақта Астана "технологиялық прогрестің орталығы әрі Қазақстан қоғамы өркениетінің асқар шыңы; ақпараттық қоғамның астанасы"<sup>6</sup> болуға тиіс, яғни елдің инновациялық орталығы болады. Астанада тиісті жағдайлар жасалған кезде баламалы энергетика мен электрмен жабдықтау биотехнология және медицина, ақпараттық, телекоммуникация мен электрондық технологиялар салаларында жаңа жоғары технологиялық әрі ғылымды көп қажет ететін кластерлер туындауы мүмкін.

<sup>6</sup> Назарбаев Н. "Еуразия жүрегінде", 2005, 179-бет.

Қала әкімдігі технологияға бейімделген жоғары оқу орындарының ғалымдарымен және мамандарымен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жасайды. Қала әкімдігінің ғылымды көп қажет ететін өнімді өндірумен айналысатын шетел кәсіпкерлерімен және

Германия, Жапония, Финляндия, Ресей, ҚХР және басқа да елдердің компанияларымен байланыстар жасауға жәрдемдесе алатын Көлік және коммуникация, Білім беру және ғылым министрлігімен, ұлттық компаниялармен одан да тығыз ынтымақтастықты ұйымдастыру үшін семинарлар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылатын болады.

Әкімдік шетелдік әріптестермен, жергілікті кәсіпкерлердің белсенді қатысуымен Қазақстанда жұмыс істейтін ірі отандық және шетелдік компаниялармен технологиялық паркі бар болатын ғылым қалашығын бірлесіп құру мүмкіндіктері туралы келіссөздерді ұйымдастыратын болады.

Жеке бизнесті дамытудағы өзекті проблема, әсіресе өндірістік салада кадр проблемасы - жоғары кәсіпқой басқарушылар, инженерлер мен өндірістік-технологиялық сипаттағы басқа мамандардың жетіспейтіндігін ескере отырып, қалада бизнес білім берудің арнайы бағдарламалары бойынша жұмыс істейтін, инновациялық орта үшін кадрлар даярлауға қабілетті, оның ішінде өндірісті ұйымдастыру және өндіріске инновацияларды енгізу жөнінде табысты жұмыс жүргізу, кластерлерді құру үшін осы заманғы құралдарды игерген бизнес-мектептер құрылады.

### **Бәсекелестікті дамыту және қолайлы инвестициялық ахуал жасау**

Бәсекелестікті дамытуға және қолайлы инвестициялық ахуал жасауға мынадай негізгі іс-шараларды іске асыру арқылы қол жеткізуге болады:

бәсекелестікті шекпейтін жергілікті биліктің актілері мен іс-әрекеттерінің жолын кесу және болдырмау, осыған ұқсас актілерді және орталық билік органдарының іс-әрекеттерін жоюға қол жеткізу;

бәсекелестік шектеуге бағытталған тауар рыноктарында үстем жағдайға ие шаруашылық жүргізуші субъектілерінің теріс іс-әрекеттерін анықтау және жолын кесу; теріс пиғылды бәсекелестікті жою;

қала билігінің мұқтаждары үшін тауарлар жеткізуге, жұмыстар атқару және қызметтер көрсетуге арналған тендерлердің ашықтығын қамтамасыз ету;

республикалық органдармен, қала мәслихатымен артық әкімшілік тосқауылдарды, оның ішінде рынокқа кіруге қойылатын тосқауылдарды жою;

кәсіпорынды тіркеу, қызметке лицензия беру, жобалау құжаттаманы келісу, тауар белгілерін және домен атауларын сертификаттау, сәйкестендіру және белгі қою, тіркеу, қадағалау органдарының қызметі және т.б., бизнесті тіркеу және ұйымдастыру рәсімін оңайлату;

төрешілдік өктемдікке және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес; қалада тауарлардың, қызметтердің, жұмыс күшінің қозғалысы үшін тосқауылдарды болдырмау жөнінде жұмысты жалғастыру.

Қалалық әкімдік жоғары қосылған құнымен жоғары технологиялық және ғылымды қажет ететін өнімді өндіретін және ез өнімінің негізгі бөлігін экспортқа немесе елдің басқа өңірлеріне жеткізетін, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын жасайтын және бұл

ретте еңбек өнімділігін арттыратын кәсіпорындарға ынталандыру жағдайлары ж а с а л а т ы н б о л а д ы .

Негізі ынталандыру шаралары:

қалада жеңілдік берілген жағдайлармен шағын кәсіпорындар жалға алатын ортақ көрме және сауда залдары бар бірнеше бизнес-инкубаторлар құру;  
егер олардың аумақтарында орналасса, шағын инновациялық бизнеске технологиялық парк инфрақұрылымының, технологиялық орталықтардың қызметтерін жеңілдік берілген жағдайда ұсыну;

ҒЗТКЖ дамыту институттарының есебінен қаржыландыру, оларды қаржыландыруда үлестік қатысу;

экспортқа бағдарланған, әсіресе жоғары технологиялық өнімдерді өндіретін кәсіпорындарға экспорттық келісімшарттарға және экспортты сақтандыруға арналған кредитке кепілдіктер алуға көмек көрсету, сыртқы рыноктарға экспорттық тауарлардың жыл жуына көмек беру;

Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық даму стратегиясымен айқындалған саясатқа сәйкес экспортқа бағдарланған жоғары технологиялық дайын өнімдерді өндіретін кәсіпорындарға, оның ішінде шағын инновациялық кәсіпорындарға кредиттер бойынша пайыздық ставкаларды субсидиялау;

ИСО және ХАССП халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетін сапа менеджментін енгізу және сертификаттау бойынша өңдеуші сектордың кәсіпорындары шығындарының бөлігін субсидиялау;

шағын кәсіпорындардың өндірістік және офистік алаңдарға қол жеткізуін оңайлату және жәрдемдесу қалада жылжымайтын мүліктің бәсекелес рыногын дамыту, жеңілдік берілген жағдайлармен өндірісті орналастыру үшін жер учаскелерін ұсыну болып т а б ы л а д ы .

Сондай-ақ қалада қолайлы іскерлік және инвестициялық ахуал жасау жөнінде арнайы шаралар қабылданады. Бұл - қала билігі мен бизнес арасында серіктестік қатынастар жасау. Осы орайда - бизнес қаланы байытады, ол жұмыс орындарын жасайды әрі халықты табыспен қамтамасыз етеді, бюджетті салық түсімдерімен қамтамасыз етеді, ал билік оған көмектеседі деген қағидат басшылыққа алынады.

Іскерлік байланыстарды дамыту мен инвестицияларды тартудың негізі қалада қолайлы инвестициялық ахуалды жасау жөнінде ұсынылған шараларды іске асыру, жоғары технологиялық тауарларды өндіру бойынша кәсіпорындар құру үшін трансұлттық компанияларды тарту, қалалық ортаны жақсарту болады.

М ы н а л а р :

қала ашықтығын және халықаралық рейтингілік агенттіктермен белсенді жұмыс жүргізуді қамтамасыз ету;

астанада халықаралық көрмелерді, конференцияларды ұдайы ұйымдастыру және ө т к і з у ;

Астананы бизнес жүргізу және адамдардың өмірі үшін тартымды орын ретінде  
к ө р с е т у ;

Астананың кәсіпорындарына халықаралық байланыстарды жасау бойынша  
консультативтік қолдау көрсету;

ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, сапаның халықаралық  
стандарттары бойынша кәсіпорындардың жұмысқа көшуі жөнінде консультациялар  
жүргізу бойынша шаралар қабылданатын болады.

Орнықты дамудың кешенді стратегиялық міндеттерін шешуге бағытталған  
іс-шаралар Стратегиялық жоспардың тиісті бөлімдерінде жазылған.

**Халықты жоғары сапалы қол жетімді коммуналдық  
қызметтермен қамтамасыз ету**

Жыл сайын жергілікті бюджеттен 250-300 млн. АҚШ доллары қаланың  
инфрақұрылымын қолдау мен дамытуға жіберіледі. Орнықтылық қағидаттарына сәйкес  
экономикалық және әлеуметтік нәтижелер, қалалық қоғамдастықтың талаптары  
тұрғысында жобалардың бағасы күшейтілетін болады.

Халықты тиісті сапалы коммуналдық қызметтермен толық қамтуды қамтамасыз ету  
үшін Астана қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2006 - 2010 жылдарға  
арналған мемлекеттік бағдарламасында көзделген іс-шаралар іске асырылатын болады.  
Қаланы сумен жабдықтаумен және суды бөлумен, жылумен, электрмен және газбен  
үздіксіз және жеткілікті мөлшерде жабдықтау мыналардың:

қолданыстағы коммуналдық жүйелерді жөндеу мен кезең-кезеңімен қайта  
жаңартудың ;

жаңа инфрақұрылымдық объектілерді салудың;  
инженерлік инфрақұрылым қызметін басқару сапасын арттырудың есебінен жүзеге  
асырылатын болады .

Орта мерзімді перспективада жұмыс істеп тұрған ТЭЦ-1 және ТЭЦ-2 кеңейту және  
қайта жаңарту, ТЭЦ-3 құрылысын салу, жылу магистральдарының, электр желілерінің  
және газ құбырлары желілерінің қолданыстағыларын қайта жаңғырту және жаңаларын  
салуды көздеп отыр .

Қаланың кәрізі жоқ бөлігін қалалық кәріз жүйесіне қосу жөніндегі жұмыстар, су  
ресурстарына ықпал ету дәрежесін ескере отырып аяқталатын болады. Басқару  
қызметінің сапасын арттыруды, қаланың коммуналдық желілерін кеңейту мен  
жаңғыртуды, олардың сенімділік деңгейін арттыруды, ресурстардың жаңа көздерін  
іздестіруді көздейтін Астананың коммуналдық жүйелерін басқарудың ұзақ мерзімді  
тұжырымдамасы әзірленетін болады.

Сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық саладағы кәсіпорындарда Жылу-энергетика  
ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған қаланың энергия  
жинақтау бағдарламасы әзірленетін болады.

Бұл шаралар халықты тиісінше коммуналдық қызметтермен қамтуды кеңейтіп қана



қоймай, су, электр және жылу тұтыну тұрғысынан қаланың орнықтылығын арттырады, және де Астананың келбетін аса жоғары сапалы тыныс-тіршілігі бар қала ретінде жақсартды.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, энергетикалық жабдық, сумен жабдықтау және кәріз техникалық жүйелер болып табыла отырып, оларға техникалық нормалар мен тозу деректеріне сәйкес қызметтер көрсетіледі, жөнделеді және алмастырылатын болады. Қаланың тұрғын үй қорын қайта құру бағдарламасы, тұрғын үй ортасын қалпына келтірумен және қабырғаларының және үй-жайдың негіздерін бекемдеумен немесе алмастырумен қатар ресурстарды үнемдеу мен энергияны сақтау жөніндегі шаралар қосылатын болады.

Қаланың халқына компаниялар көрсететін коммуналдық қызметтердің сапасын арттыру үшін компаниялардың қызметіне аудандарды, тыныш аймақтарды ҮЕҰ аулалар мен жатақханаларды орнықты дамыту индикаторларының жүйесі бойынша айналыс мониторинг жүргізілетін болады.

Астананың 2010 жылға 30 %, 2020 жылға 70 % және 2030 жылға 100 % аумағын қамтуды көздейтін беткі жағының жүйесін жақсарту жөнінде жоспар әзірлеу көзделуде.

Ұзақ мерзімді перспективада инженерлік инфрақұрылымды дамыту қарқыны қала экономикасын дамыту қарқынынан асып түсетін болады, бұл қаланың инвестициялық рейтингін көрсетеді, инженерлік және көліктік инфрақұрылым объектілерін құру үшін жеке инвестицияларды тартуға жәрдемдесетін болады.

Ресурстарды өндіру мен тұтынуды көздейтін барлық жобалар мен жаңа технологиялар орнықты даму қағидаттарына сәйкес бағаланатын болады, олар:

қайта жаңартылған ресурстарды (суды) тұтыну қарқынының оларды қалпына келтірудің қарқынынан аспауға тиістігін;

қайта жаңартылмаған ресурстарды тұтыну қарқынының қайта жаңартылғандарға, оның ішінде жасанды түрде жасалғандарға айырбастау қарқынынан аспауға тиістігін;

түпкілікті өнімдерді өндіру мен сату өндірістік циклдің барлық кезеңдерінде заттарды, материалдар мен энергияны аз жұмсай отырып, мүмкіндігінше, барынша тұйық, ал былайша айтқанда, адамға табиғи экологиялық жүйенің аса аз әсер етуімен жобалануға және жүзеге асырылуға тиістігін;

ластаушы заттар үшін оларды шығарып тастаудың қарқындылығы осы заттарды игеру мен қайта өңдеу немесе олардың зиянды ерекшеліктерін жою қарқынын арттыруға тиіс еместігін көздейді.

Рұқсат құжатын беретін мемлекеттік әкімдік органдарының функцияларын реттейтін нормативтік актілердегі орнықтылық тұрғысында жобаларды бағалау үшін оларды жобалардың орнықты даму индикаторларына сәйкестігін талдауды міндеттейтін ереже енгізілетін болады. Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлаудың жобаларын әзірлеу процесіне, сондай-ақ қалалық статистика

тәжірибесіне орнықты даму индикаторларын енгізуге, табиғат қорғау, экономикалық және әлеуметтік мақсаттар тұрғысында қаланы дамыту жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу кезінде баламалы көзқарас енгізуге мүмкіндік береді.

**Қаланың ұзақ мерзімді қаржылық орнықтылығын  
қамтамасыз етуге бағытталған фискалдық  
саясатты әзірлеу**

Осы стратегиялық міндетті іске асыру Астана дамуының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету қажеттілігімен шарттасады. Астана болып орнығуының жоғары қарқыны табыстардың орнықты көздерін талап етеді. Олардың негізгі бөлігі республикалық бюджеттен бөлінеді.

Астананың қаржылық орнықтылығы:

республикалық бюджетке тәуелділікті азайту және тиісінше бюджеттік қаржыландыруды талап ететін ұзақ мерзімді жобаларды әзірлеу мен іске асыру бөлігінде қала бюджетінің дербестігін көтеру;

республикалық бюджеттен астана бюджетіне берілетін трансферттер/астана бюджетінен республикалық бюджетке бюджеттік өндіріп алу деңгейін ұзақ мерзімді кезеңге айқындау;

бюджет бағдарламаларының тиімділігін, сондай-ақ қала бюджетін жоспарлау және атқару процестерінің, оның ішінде мамандарды бюджет бағдарламаларын, қаржылық бағдарламалауды, экономикалық және бюджеттік болжауды бағалау әдісімен ашықтығын көтеру есебінен қамтамасыз етіледі.

Астананың экономикалық жетістігі, егер қала өңірлік және әлемдік рыноктарда бәсекеге қабілетті болса орнықты болады. Шешуші факторлар ғылымды қажет ететін өнеркәсіпті дамыту мен инновацияларды енгізу, тамақ өнімдерін өндіру, туризмді дамыту болып табылады. Орнықты даму үшін экономикалық саясат:

жұмыс күшінің біліктілігін арттыру арқылы өнімділік пен бәсекеге қабілеттігін жақсартуға; адам дамуына, ғылыми-зерттеу әзірлемелерге инвестициялар салуға;

салық салудың төменгі деңгейі және тиісті нормативтік-құқықтық база арқылы бәсекеге қабілеттілікті көтеруге;

мемлекеттік басқаруды жетілдіруге;

Астанаға орнықты өндіріс, технологиялар мен ғылымды қажет ететін қызметтің дамуына жәрдемдесетін ғылыми (жоғары) технологиялардың кластерін жасауға; мәдениет пен туризмнің жаңа салаларын дамытуға кепіл беруге тиіс.

**& 2. 2 - стратегиялық мақсат.**

**Қолайлы қоршаған ортаны және орнықты қызмет ететін инфрақұрылымды ұстау**

Сапалы қалалық жоспарлау қаланың ұзақ мерзімді орнықтылығының қажетті шарты болып табылады. Астананың орнықты дамуы жолында қалалық басқарудың және дизайнның негізгі міндеті қалалық тыныс-тіршіліктің экологиялық, экономикалық пен әлеуметтік аспектілері арасында байланыс орнату және осы байланыстың сәулет,

құрылыс нысандарында көрініс табуы болып табылады.

Инфрақұрылымның орнықты жұмыс істеуі қала тұрғындары мен кәсіпорындарын тиісті сападағы коммуналдық қызметтермен жүз пайыз қамтуды, экология мен қоршаған орта үшін қауіпсіздікті, қайта жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды көздейді.

## 1. Қалалық жоспарлау және дизайн

### 1.1. Астана қаласында қалалық жоспарлаудың және дизайнін дамытудың күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен шектейтін факторларды талдау

SWOC-талдау жергілікті атқарушы органдар, өңірлік бағдарламалар деректерінің, ағымдағы жағдайды талдау, қала халқына жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижелерінің негізінде жүзеге асырылды.

2-кесте

#### Астана қаласында қалалық жоспарлаудың және дизайнін дамытудың күшті және әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен шектейтін факторлары

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Одан әрі қалалық дамуға және қала шекарасын кеңейтуге бос аумақтардың болуы	Көшелердің құрылымы жаяу жүргіншілерінің қозғалысына, балалардың, қарт адамдардың және мүгедектердің қыдыруына жәрдемдеспейді
Мемлекеттің орталық бөлігінде географиялық жағынан ұғымды, маңызды көлік қосылыстарының қиылысы жерінде орналасуы	Жекелеген ғимараттардың жоспарлануы қатаң климат жағдайларына, атап айтқанда қатты жергілікті желге бейімделмеген
	Жерасты судың жоғары деңгейі және оның құрамында тұздардың көп болуы
Сәулеттік стильдердің әртүрлі болуы, әлемге танымал сәулетшілерді тарту	Қол жетімді әлеуметтік тұрғын үйдің жетіспеушілігі
	Жаңа тұрғын үйлердің кейбір үлгілерінің төменгі сапасы және құрылыс нормалары мен стандарттарына сәйкес келмеуі
Мүмкіндіктер	Шектейтін факторлар
Қала сәулетіне Қазақстанның мәдени және тарихи мұрасы арқылы өзіне тән ерекшелік беру	Жаңа ірі ауқымды объектілерді белсенді салу тұруға болатын ескі аудандарды бұзуға әкеліп отыр, тозығы жеткен тұрғын үйлерді оңалту жөніндегі шаралардың болмауы
Көп қызмет ететін аудандарды құру қаланың тартымдылығы мен өміршеңдігін арттыруға жәрдемдеседі	Тұрғындарды жоспарлау және олар тұратын аудандарды құру

Қаланың, көп орталықтылығын дамыту (халыққа қызмет көрсетудің негізгі қызметтері, демалыс объектілері орналасқан оқшауланған жергілікті аудандық орталықтар құру)	процесіне болмауы	тарту	тетіктерінің
---	-------------------	-------	--------------

3-бокс. т ә ж і р и б е с і	Орнықты қалалық	жоспарлаудың	халықаралық
<p>Қазіргі уақытта дамыған елдерде сапалы қалалық кеңістікті құруға, экологиялық баланса жетуге және адамға лайықты сәулетті жасауға бағдар алған қалалық даму көзқарастарын қолданады. Жаңа көзқарастардың бірі өзгерістер мен жаңа міндеттерді шешу мүмкіндіктерін көздейтін жоспарларды -&gt;"статистикалық емес жоспарларды" пайдалануға негізделеді.</p> <p>Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай қала құрылысын жоспарлаудың неғұрлым оңтайлы және сынақтан өткен ф о р м а т ы :</p> <p>экономикалық, инфрақұрылымдық, әлеуметтік аспектілерді және қоршаған ортаны дамыту мәселелерін қоса, қалалық дамудың негізгі мақсаттары мен қағидаттарын көрсете отырып ұзақ мерзімді перспективаға бас жоспардың; жекелеген тұрғылықты аудандардың онда тұратын халықтың мүдделері ескерілген жергілікті жоспарлардың; қала құрылысы мен сәулет жөнінде уәкілетті органдардың міндетті алдын ала бекітуіне жататын жекелеген ғимараттар мен құрылыстарды салу жоспарларының болуын болжайды.</p> <p>Ұлыбританияда, Канадада және басқа елдерде қалалық басқарудың жаңа құралдары ретінде: жоспарлау және құрылыс жүргізу жөнінде қысқа нұсқаулықтар; қалалық жобалау жөнінде басшылық; аудандардың схемаларына жоспарлы код қою әзірленген.</p> <p>Осы құралдарды қолданудың мақсаты - жекелеген аумақтарға әзірленген жергілікті жоспарларды оңтайландыру және олардың сапасын арттыру, қалалардың, көшелердің барлық бөліктерінің арасында үйлесімділікті қамтамасыз ету.</p> <p>Қандай да бір жердің жайлы болуының дәрежесі оның жоспарлау және әлеуметтік сипаттамаларының ерекшеліктеріне тәуелді. Сондықтан қазіргі кезде көптеген қалаларда қала жоспарлаушыларының және дизайнерлерінің күштері ғимараттардың, көшелердің, қаланың ашық аумақтары ауқымының, ғимараттар мен құрылыстардың адамға лайықты болуын қамтамасыз етуге, жергілікті жерді көрер көзге жағымды әсер ететін сапалы ландшафтық сәулетті пайдалануға бағытталған.</p>			

## 1.2. Астана қаласында орнықты қалалық жоспарлау және дизайн жөніндегі стратегиялық міндеттер

Қалалық дамуды жоспарлау және дизайнін жасау кезінде орнықтылықтың экологиялық, экономикалық, әлеуметтік және мәдени аспектілерін ескеру қажет.

Мемлекет астанасының тиісті бет-пендесін ұстау, "Қолайлы қоршаған ортаны және орнықты жұмыс істейтін инфрақұрылымды ұстау" стратегиялық мақсатқа жету мынадай стратегиялық міндетті шешуді талап етеді: қала құрылысын жоспарлауға жаңа көзқарастарды пайдалану, қалаға өзіндік ерекшелік пен даралық беру.

***Қала құрылысын жоспарлауға жаңа көзқарастарды пайдалану, қалаға өзіндік ерекшелік пен даралық беру.***

Қаланы жоспарлау және оның дизайнін жасау, ең алдымен табиғи жағдайларға сәйкес келуге тиіс. Қалалық кеңістікті ұйымдастырған кезде басымдық мәнге табиғи ресурстарды қорғау, қалдықтарды жинау мен жоюды ұйымдастыру, энергияны үнемдеу, климат ерекшеліктерін ескеру мәселелері ие болып отыр. Осы аспектілер қала құрылымын (кварталдарды және көшелерді), объектілерді орналасу орындарын, көлік

қозғалысының схемаларын, коммуналдық қызметтердің жүйелерін таңдау кезінде  
назарға алынуға тиіс.

Су, жер ресурстарын тиімді пайдалану, сондай-ақ сауда мен өнеркәсіпті дамыту жер мен көлік жоспарларын пайдалануды айқындау үшін негіз болуға тиіс. Көше тыныс-тіршілігін, атап айтқанда, бөлшек сауда арқылы жандандыру - экономикалық орнықтылықпен байланысты қамтамасыз ететін қалалық басқарудың басқа функциясы.

Сондай-ақ қалалық дизайн міндеттерінің бірі жүру қашықтығына лайықты әлеуметтік және коммуналдық қызмет көрсету объектілерінің оңтайлы орналасуын қамтамасыз ету болып табылады.

Әдетте, тарихи және мәдени ерекшеліктер қалалық сәулет нысандарының жай-күйіне қарай бағаланады. Сонымен, жергілікті мәдениетті және ерекшелікті ұстауда қалалық жоспарлау мен дизайнін жасаудың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Қала құрылысын жоспарлауға халықаралық практикада кеңінен пайдаланылатын көзқарасты енгізу ұсынылады. Ол үш элементтен тұрады:

қала келбетінің сәулетін жоспарлау;  
қаладағы әр ауданды салуды жоспарлау;

жекелеген ғимараттар мен құрылыстар, әр түрлі кешендерді салуды жоспарлау.

Осы міндетті іске асыру Астананың 2030 жылға дейін дамуының Бас жоспарына оның негізгі нұсқаларын сақтай отырып, халық санының және жұмыспен қамтылуын, тұрғын үй рыногының дамуын ескере отырып, түзетулер енгізуді, сондай-ақ қайта құру мен жаңғыртуды талап ететін объектілер аудандарды үшін дамыту жоспарларын әзірлеуді (мысалы, жоспарланып отырған индустриялық парктің, орталық базар ауданының және т.б.) болжайды.

Сонымен қатар, қалалық жоспарлауға арналған осы заманғы көзқарастар егжей-тегжейлі зерделенетін болады, оларды Астанада қолдану мүмкіндіктеріне талдау жүргізіледі.

Стратегиялық міндетті табысты шешудің маңызды құрамдасы қалалық жоспарлау және қолданып отырған қалалық жоспарлау қағидаттарына түзетулер енгізу процесіне қоғамдастықты тарту болып табылады.

Тұрғын үй қорының жай-күйін жақсарту жөніндегі жұмыстардың көлемін анықтау үшін Астананың тұрғын үй қорының жай-күйіне талдау жүргізіледі және Астанада салынған және салынып жатқан ғимараттар мен құрылыстардың барлық нысандарын тиісті қалыпта ұстау, тұрғын үй құрылысының коммерциялық мақсаттары мен міндеттерін біріктіру жөнінде ұзақ мерзімді бағдарлама әзірленеді.

Қаланың тұрғын үй қорына барынша орнықтылықты орнату үшін халықаралық стандарттарға сәйкес келуіне қала құрылысының нормативтері мен құрылыстық нормалар мен ережелер қаралады, ол жаңа салынып жатқан ғимараттардың жеке өлшемдеріне қажетті талаптар қоюға мүмкіндік береді, мысалы, учаскенің мөлшері,

көшелердің ені, "қызыл" сызық, ғимараттар арасындағы қашықтық және т.б. Осы нормаларда орнықтылық өлшемдері көрсетілетін болады (мысалы, күндіз жарықтың түсуі мен күн энергиясына қол жеткізу).

Қазіргі бар үйлерге күрделі жөндеу жүргізген кезде сыртқы қабырғалары мен терезе ойықтары арқылы жылу ысыраптарын төмендету, желдету жүйелерін жетілдіру, желілерді айырбастау және өзге де шаралар қайта қаралатын болады. Сонымен қатар, мүмкіндігінше қала тұрғындары пәтерлерінің пайдалы және қосалқы алаңдарын жаңа қабаттарды немесе мансардаларды үстінен салу, үйлердегі инженерлік желілер мен сантехникалық жабдықтарды айырбастау есебінен тұрғын үйлерді жаңғырту қосымша лоджиялар, лифтілер, қоқыс өткізгіштер салу, аулаларды көркейту арқылы кеңейту қ а ж е т .

Сондай-ақ мөлшерлері бойынша нақты өлшенген кварталдар, әр түрлі тұрғылықты, қызмет көрсететін, іскерлік объектілердің және меншік түрлерінің үйлесімділігі, жаяу жүргіншілер, велосипед пен автомобиль жүйелерінің өзара байланысты әрекет етуі, үйлердің тығыз салынуы және т.б. сияқты орнықтылық қағидаттарын қолдана отырып " көп функционалдық" ауданды құру жөнінде бастапқы жоба іске асырылады.

Осы міндет үшін ең маңызды Стратегиялық бастамалар:

тұтыну сұраныстарының өзгерісіне және тұрғын үйдің әртүрлі тұтыну ерекшеліктерін, оның сапасын, үйдің сыртқы ортасын (инженерлік инфрақұрылымын, аумақты көркейту мен көгалдандыруды, үйдің маңайында гараждар мен автомобиль тұрақтарының болуын немесе жоқтығын және басқаларды) көздейтін жаңа технологияларға байланысты Астанада тұрғын үй жағдайларының стандарттарын белгілейтін нормативтік актілерге түзету енгізу;

тұрғын үй сатып алуға арналған ұзақ мерзімді ипотекалық кредит беру және тұрғын үй салушыларға кредит беру тетіктерін жетілдіру;

сериялардың бірінші үлгілерінде жаппай салынған тұрғын үй ғимараттарын жаңғырту бағдарламасын әзірлеу әрі іске асыру;

элеуметтік жалдау шарты бойынша тұрғын үй алуға құқығы бар халықтың санаттары үшін элеуметтік пайдаланылатын тұрғын үй қорын қалыптастыру болып табылады.

## **2. Экологиялық инфрақұрылым**

Экологиялық қауіпсіздік мынадай қағидаттарды сақтай отырып, қамтамасыз етіледі:

қоршаған ортаны қорғау қазіргі және болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін әділетті қанағаттандыруын қамтамасыз етуге тиіс;

адамдар табиғатпен үйлесімді бола тұра салауатты және жемісті тұрмысқа құқығы б а р ;

өңірдің экологиялық жүйесінің жақсы жай-күйі мен тұтастығын сақтау, қорғау және қалпына келтіру мақсатта халықаралық ынтымақтастықты орнату.

## 2.1. Астана қаласының экологиялық инфрақұрылымының күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен шектейтін факторларын талдау

Кестеде ұсынылған талдау Астана қаласының жергілікті өкілдік органдары мен ұйымдары берген статистикалық деректердің, ақпараттың, жұртшылықпен жобаны талқылау нәтижелерінің негізінде жүргізілді.

3-кесте

### Астана қаласының экологиялық инфрақұрылымының күшті және әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен шектейтін факторлары

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Экзогендік процестерге - көшкіндерге, терең эрозияға кедергі жасайтын жазық жер бедері	Топырақтың сортаңдануы және осыған байланысты көгалдандыру іс-шараларын жүргізген кезде туындайтын қиындықтар
Нормативтік мәндерден аспайтын төменгі табиғи радиациялық ая	Қаланың жер бетіндегі сарқынды судың едәуір бөлігін кәріздейтін Сары Бұлақ өзенінің ластануы
Зиянды өндіріс пен шикізат кәсіпорындардың болмауы	Астана қаласының топырағына бейім келетін жасыл желектердің шектелген тұқым құрамы
Соңғы жылдары қарқынды көгалдандыру, қорғайтын екпе ағаштарының өсуі	Экологиялық, атап айтқанда ішкі аула көгалдандыру нормативтерімен жекелеген ғимараттардың қала салу жобалауындағы келіспеушілік
Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау саласындағы білікті эколог-кадрлардың болуы	Өнеркәсіптік өндірістердің табиғат қорғау жарактануының төмен деңгейі
Қоқыстарды қайта өңдеу жөнінде әртүрлі отандық жобалардың болуы (мысалы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті ғалымдарының жобалары)	Қайта жаңартылған және дәстүрлі емес энергия көздерін қолдану жөнінде практиканың болмауы
	Экологиялық мән-жайы туралы халықтың жеткіліксіз ақпараттануы
	Қалдықтарды реттеу жөнінде жүйенің, оларды қайта өндіру жөнінде зауыттың болмауы
	Қоқыс үйіндісіне шығарылатын қалдықтардың көлемін азайтуға мүмкіндік беретін қайта өңдеуге жататын және жатпайтын қалдықтарды бөлу бойынша бағдарламаның болмауы
	Қауіпті қалдықтар үшін арнайы бөлінген орынның болмауы
	Қалдықтар полигоны қолданысының шектеулі мерзімі, санкция берілмеген үйінділердің болуы
Мүмкіндіктер	Шектейтін факторлар
	Автокөлігі санының көбеюінен атмосфералық ауаның ластануы



Халықты қоғамдық және мемлекеттік табиғат қорғау кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың жұмыстарына белсенді тарту	
Экологиялық проблемаларды шешу кезінде жаңа технологияларды пайдалану	Қоқыс үйіндісі аумағының ұлғаюы, ол астананың сыртқы келбетіне және санитарлық-эпидемиологиялық жағдайына қолайсыз әсер етеді
Экологиялық тәрбие мен білімді дамыту	
Одан әрі пайдалануы мүмкін органикалық материалдарды алуға мүмкіндік беретін қалдықтарды қайта өңдеу. Отандық мамандардың жобаларын іске асыру	
Энергия өндіру үшін сарқынды суды қатты қалдықтардың органикалық бөлінумен араластыру мүмкіндігін зерттеу	
Қалдықтарды қайта өңдеу саласында жаңа жұмыс орындарын жасау	
Халықты қалдықтарды қайталап қайта өңдеу мәселелері бойынша ақпарат беру	

<b>4-бокс.</b>	<b>Орнықты</b>	<b>экологияны</b>	<b>қамтамасыз</b>	<b>етудің</b>
<b>х а л ы қ а р а л ы қ</b>			<b>т ә ж і р и б е с і</b>	
Халықаралық тәжірибеде»"қала өмірінен түңілу" ұғымы қолданылады, ол қалалардағы қоршаған орта сапасының нашарлауына алып келетін факторлардың жиынтығы деп ұғынылады. Қала өмірінен түңілудің туындауына себепші				
<b>б о л а т ы н</b>	<b>н е г і з г і</b>		<b>ф а к т о р л а р :</b>	
қаланың құрылымы, қала халқының тығыздығы және, тиісінше, адамдар мен инфрақұрылымдардың топтасуының				
<b>ж о ғ а р ы л ы ғ ы ;</b>	осы процеске байланысты қала қызметінің жекелеген түрлерін орталықтан қоғамдық көлік желілерінен аулақтатылған қала шеттеріне араластыру, жеке көлікке аса қажетсінуді туындатуы;			
қала тұрғындарының жұмылдырушылығы мен өмір салты болып табылады.				
Қалалардағы денсаулық сақтаудың сапасы жалпы бірқатар факторлардың өзара іс-қимылымен айқындалады, оны жақсартуға қалалық шаруашылықтар мен инфрақұрылымдарды аса орнықты жоспарлаудың есебінен ғана қол жеткізуге болады. Халықаралық тәжірибе қаланы дамытудың экономикалық және әлеуметтік аспектілерін жоспарлай отырып, қоршаған ортаны қорғау мәселелерін интеграциялау қажеттігі туралы куәландырады. Әлемдік тәжірибеде мынадай				
<b>ж ұ м ы с</b>	<b>қ а ғ и д а т т а р ы :</b>			
технологияларды ұтымды бөлу, жетілдіру, жаңартылған энергия көздерін қолдану есебінен суды, энергия мен				
<b>м а т е р и а л д а р д ы</b>	<b>т ұ т ы н у д ы</b>	<b>а з а й т у ;</b>		
қала инфрақұрылымдары объектілерін пайдалану орындарына, сондай-ақ жасыл аумақтардың орналасуын ескере отырып оңтайлы орналастыру мен қол жеткізу, көлік жолдарының жақындығы қағидаты бойынша шоғырландыру;				
<b>қауіпсіздік</b>	<b>дәрежесін</b>	<b>арттыру</b>	<b>басшылыққа</b>	<b>алынады.</b>
Әлемнің дамыған елдерінде және ірі қалаларында экологиялық проблемаларды шешу үшін тәртіп бойынша,				
<b>э к о н о м и к а л ы қ</b>	<b>қ ұ р а л д а р</b>	<b>қ о л д а н ы л а д ы .</b>		
Мысалы, Еуропаның бірқатар елдері ЕО қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комиссиясын қолдау кезінде экологиялық қайта құрылымдау бағдарламаларын іске асыруға кірісті. Атап айтқанда, салық жүктемесінің ауыртпалығын салықтардан (табыс салығы, әлеуметтік қамтамасыз ету қорына аударым) қызметтің экологиялық зиянды түрлеріндегі				
	<b>еңбекке</b>	<b>ауыстыру</b>	<b>ұйғарылып</b>	<b>отыр.</b>
Қалдықтарды 1996 жылы енгізілген полигондарға көмуге арналған британ салығы мысалдардың бірі болып табылады. Оны енгізумен бір мезгілде әлеуметтік қамтамасыз ету қорына аударымдар ставкасы 0,2 %-ға қысқартылды.				
Қазіргі уақытта ЕО Комиссиясы материалдарды жинау, өңдеу, қалпына келтіру және мұндай қалдықтарды көму үшін пысықталған өнімді міндетті түрде қабылдау жүйесін жасауды көздейтін электрлік және электрондық қалдықтар				
<b>б о й ы н ш а</b>	<b>жаңа</b>	<b>директива</b>	<b>әзірленіп</b>	<b>жатыр.</b>
Қалдықтармен жұмыс істеу саласында негізгі міндеттерді орындауда көмек көрсету үшін (қалдықтар көлемін қысқарту және көмілген тұрмыстық қалдықтардан оларды өңдеуге, қайталап пайдалануға немесе энергия алу үшін				

қолдануға ауыстыру) көбінесе Еуропа елдерінде қалдықтарға арнайы салық енгізілген. Әртүрлі қалдықтар үлгілеріне әртүрлі салықтар деңгейі қолданылады; ставкаларды саралау қалдықтарды жою нысанына байланысты жүргізіледі ( Д а н и я , Ф л а н д р и я ) .

Қоршаған ортаны ластаушыларға немесе табиғи ресурстарды пайдаланушыларға әлемдік тәжірибеде қолданылатын қаржылық көмек нысандарының бірі мемлекеттік субсидиялау болып табылады. Бірақ, субсидиялау, егер алынған тиімділік мемлекет шығыстарынан жоғары болған жағдайда ғана, қолданылуға тиіс. Мысалы, субсидия: жаңа технологияларды өнеркәсіптік игерудегі кедергілерді еңсеруге мүмкіндік берсе; энергияның жаңартылған көздерін енгізуге жәрдемдесе қолданылуға тиіс.

Көптеген ірі қалаларда қалдықтарды жоюдың негізгі проблемаларының бірі -«өндірушінің жауапкершілігі» қағидаты арқылы шешіледі, осыған сәйкес өндіруші шығарылған өнімді тұтынудың бумалары мен қалдықтарын жоюдың экологиялық қауіпсіздігіне жауап береді. Мысалы, Германияда өнеркәсіп кәсіпорны буып-түйілген қалдықтарды жою үшін міндетті түрде жауап береді. Франция қалаларының өкіметі қалдықтарды жинау үшін жауап береді, қайталама шикізат түрлерін өңдеу жөніндегі міндет өнеркәсіп кәсіпорнына жүктелген. Ұлыбританияда буып-түю материалдарын жоюға жұмсалған шығыстар мынадай түрде: бөлшек сауда шығысы - 47 %, буып-түйетін кәсіпорын - 36 %, өңдеуші фирмалар - 11 %, шикізат өндірушілер - 6 % өндірістік-сауда тізбегінің барлық буындарының арасында бөлінген.

## **2.2. Астана қаласының орнықты экологиялық инфрақұрылымын қамтамасыз ету жөніндегі стратегиялық міндеттер**

Қала ортасының маңызды элементі қаланың экологиялық инфрақұрылымы болуға тиіс, олар көгалдандыру жүйесін, адамдардың тыныс-тіршілігіне қолайлы аймақтар мен аумақтарды қамтиды. Экологиялық инфрақұрылым сыртқы орталардың метрологиялық жағдайларын, сәулет-қала құрылысы дизайнін және қаланың табиғи-ландшафттық каркасын түзетуді ескере отырып құрылған қалалық қоныстану құрылымдарын көлемдік-жоспарлы ұйымдастыру жолымен қамтамасыз етіледі.

Астананы қаладағы ағымдағы экологиялық жағдайды ескере отырып, дамытудың стратегиялық міндет: қалдықтарды азайту және өңдеу болып табылады.

### ***Қалдықтарды азайту және қайта өңдеу***

Астанада қалдықтарды басқару жүйесі енгізілетін болады, ол мынадай кезендерді: қалдықтар көлемінің қысқаруын, өңдеуді, қайталап пайдалану мен көмуді көздейді.

Қалдықтардың көлемін қысқарту олардың қайталап пайдаланылуы, өңдеу мен көму жөніндегі бастамаларды қолдауды, ресурстарды тиімді пайдалануды ынталандыруды көздейтін, қалдықтарды кәдеге жарату бағдарламасы қоршаған орта үшін жағымсыз салдарларды жұмсарту кезінде қала экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз етеді. Бағдарламаны енгізу нәтижесі қоқыстар үйіндісіне әкелілетін қалдықтардың көлемін қысқарту, шамамен 2010 жылы 15 % және 2030 жылы 80 % болуға тиіс.

Қаланың табиғат қорғау қызметін тұрақтандыру мен ұдайы жақсарту және экологиялық қауіпсіздігін стратегиялық қамтамасыз ету үшін:

тұрғындар мен қала кәсіпорындары басшыларының табиғат қорғау және табиғатты пайдалану, ластанудың жекелеген көрсеткіштерін төмендету, қоршаған орта мен мекендеу ортасының жай-күйін, әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және гигиеналық мониторингінің ақпараттық-талдау жүйелерін пайдалана отырып, басқару саласындағы ділін өзгерту үшін жағдай жасау;

көлік құралдарының экологиялық қауіпсіздігі жөнінде шаралардың қалалық кешенді бағдарламасын жаңарту, оның ішінде экологиялық талаптарға жауап бермейтін автокөлікті қала аумағында пайдалануға тыйым салуды кезең-кезеңмен енгізу, катализаторларды енгізу істен шыққан автомобиль газдарын бейтараптандырғышты пайдалану, қаладағы экологиялық жағдайды ескере отырып көлік нөмірін ретке келтіру схемасын жасау үшін нормативтік құқықтық актілер әзірлеу;

ғылымды қажетсінетін және ресурстар жинақтаушы технологиялар, экологиялық қауіпсіздік талаптарына сәйкес жаңа өндірістерді орналастыру негізінде өндірістік саланы қайта ұйымдастыруды ынталандыру;

қалалық су қабылдағышты тиімді санитарлық қорғауды қамтамасыз ету, артезиан ұңғымаларынан алынатын сумен қамтамасыз етудің қосарланушы жүйесін дамыту, қаланың су қабылдағыштарына кезең-кезеңмен қайта құрылымдау жүргізу;

ұдайы өндірісті сақтау, кеңейту және бірыңғай сілем ретінде және қаланың табиғат каркасы негізінде, тынысжай аймағы мен демалу аймақтарын бөле және жабдықтай отырып қалаға іргелес жатқан аумақтардың сапасын жақсарту;

кәсіпорындардың тастамаларға арналған квоталар рыногына белсенді шығуына жету;

қаланың сол жағалауының су басуын болдырмау жөнінде құрылыстарды орнатуды қамтамасыз ету;

жер бетіндегі су ресурстарының сапасын және Есіл өзенінің эстетикалық бейнесін жақсартуға бағытталған іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

Астана қаласының өзендеріне ластануды, қоқыстануды және Есіл өзені мен оның жылғаларының тартылуына жол бермеу мақсатында су қорғау аймақтары мен белдеу орнатуды, жануарлар мен өсімдік әлемі мекендейтін су айдындарының объектілері ортасын сақтауды, сондай-ақ су қорғайтын аймақты немесе белдеуді (автомашиналарды жууға тыйым салатын белгілер, сондай-ақ автотұрақтар, суға шомылу орындар және т.б. қондырғыларына жол бермейтін белгілер орнату) шаруашылықта пайдаланудың арнайы режимінің сақталуын қамтамасыз ету;

халықтың экологиялық мәдени-ағарту орталығын құру қажет.

Осы міндетті шешу Астана қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2006 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында және Астана қаласын көгалдандырудың 2030 жылға дейінгі кешенді схемасында көзделген қала ішінде жасыл желек алаңдары мен парк аймақтарын одан әрі көбейту болжанып отыр.

Әкімдік қаланың кәсіпорындарында улы шикізаттарды жоюға, аяқтағанға дейін тастамалар мен қалдықтардың барлық түрлерінің көлемін және улылығын азайтуға бағытталған "аса таза өндіріс" стратегиясын мониторинг жүйесі мен әртүрлі ынталандырулар арқылы енгізуді қолдайтын болады. Сарапшылардың бағалары, "аса таза өндіріс" стратегиясын кәсіпорындардың қолдану нәтижелері бойынша:

шикізатты, электр энергиясын, суды тұтыну қысқартатын;  
қ а л д ы қ т а р а з а я т ы н ;  
кәсіпорын қаражаттары үнемделетін;  
қаланың аудандарында экологиялық жағдай жақсаратын болады.

Аса таза өндіріс негізіне технологияларды жетілдіру, білім мен біліктілікті арттыру ж а т а д ы .

Сондай-ақ Астанада табиғатты қорғау іс-шараларының қалалық жоспарлау мен қаржыландыруды, халықаралық қаржы ұйымдары қолданатын әдіснамаларды ескере отырып жетілдіру тетігі әзірленетін болады.

### 3. Инженерлік инфрақұрылым

#### 3.1. Астана қаласының инженерлік инфрақұрылымын дамытудың күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен шектейтін факторларды талдау

Қала кәсіпорындарының ақпараттары мен статистикалық деректерінің негізінде жүргізілген инженерлік инфрақұрылымды дамытудың әлсіз және күшті жақтарын, мүмкіндіктері мен шектейтін факторларды талдау 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

#### Астана қаласының инженерлік инфрақұрылымын дамытудың күшті және әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен шектейтін факторлары

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Қала аудандарын сумен жабдықтау және кәріз жүйесімен қамтудың жоғары пайызы	Коммуналдық қызметтердің техникалық ысырабының жоғары дәрежесі.
Тұтынушыларды жылу және электрмен жабдықтаудың орталықтандырылған аралас жүйесінің қызметтерімен қамтудың жоғары пайызы (90 %-дан астам)	Қалалық су кәрізі жүйелерінің, электр және жылу желілерінің, газ таратушы жабдықтардың жоғары тозу дәрежесі. Оларды жаңарту мен жаңғыртуға бағытталған инвестициялар көлемінің жеткіліксіздігі
Кәсіпорын қаражаттарының есебінен де, мемлекеттік бюджет қаражаттарының есебінен де жылу-энергетика кешенін дамыту мен жаңартуға инвестициялар салу	Қаланың энергияға деген қажетінің өсуінің шапшаң қарқыны кезіндегі ЖЭО-1 мен ЖЭО-2 өндіретін қуаттардың шектеулілігі және жылу мен электр желілерінің өткізгіш қабілеті
Жылу және электр энергиясымен, аса сыйымды сұйытылған газбен жабдықтауда елеулі іркілістердің жоқтығы	Қаланың жаңа аудандарындағы орталық жылу және электрмен жабдықтау, инженерлік коммуникациялар жүйелерінің жеткіліксіз дамуы
Газ таратушы қондырғылар мен газ құбырларының айтарлықтай дамыған желісі (ұзындығы 126 шақырым)	Топырақтардың құнарлылығы мен лай судың жоғары деңгейі жер асты труба құбырларының қызметін едәуір қысқартады
Орталықтандырылған жылумен жабдықтау, тасқынды кәріз жүйелерін дамытудың қолданыстағы бағдарламаларының болуы	Күрделі топырақ жағдайларында және жер бетінде труба құбырларын төсеу қаланың сәнін бұзады
Білікті инженер кадрларының болуы	Талдықөл сарқынды суларды жинаудың шектеулі қуаты

Жеткізіп берушілерде тиісті техникалық мүмкіндіктер болған жағдайда газды тұтынудың орнықты өсуінің перспективасы	Суларды қайта өңдеу және қайталап пайдалану үшін жағдайлардың болмауы
Тұтынушылардың коммуналдық қызметтерді есепке алу құралдарымен жарақтануы мен халықтың оларды тиімді тұтынуға көшуін орнықты арттыру	Таскынды кәріз жүйесінің жеткіліксіз қуаты
	Табиғи газды қалаға тасымалдауды және жеткізіп беруді қамтамасыз ететін газ құбырының болмауы
	Сұйытылған газ құнының табиғи газ құнымен салыстырғанда қымбат болуы
	Көп қабатты үйлерде жекелеген тұтынушылардың баллондағы сұйытылған газды пайдалануы өрт қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес келмейді
Мүмкіндіктер	Шектейтін факторлар
Жылумен жабдықтаудың аудандық жүйелерін пайдалану, жылудың осы заманғы әдістеріне көшу және отынның жоғары сапалы түрлерін пайдалану арқылы ауаның сапасын арттыру	Жылу және электр желілерінің техникалық жағдайы, жабдықтың өте тозу деңгейі, негізгі құралдарды толыққанды жаңарту мүмкіндіктерін қамтамасыз етпейтін, қаланың энергия жүйесінің сенімділігіне кері әсер ететін, соның салдарынан қаланың жылу және электр желілеріндегі авариялар санының көбеюіне алып келетін тарифтердің төмен деңгейі
Сумен жабдықтау және кәріз жүйелерінің сапасын арттыру және жетілдіру	Қаланың шапшаң өсуі су таратушы жүйелердің қуатын арттырады
Панельден тұрғызылған үйлерді жылытудың, оқшаулаудың, аса тиімді жарық беру және ескі үйлердің техникалық жағдайларын жақсартудың есебінен энергия тұтынуды қысқарту. Телекоммуникациялық телеқұрылымның өнімділігін (қуатын) арттыру	Суды үнемдеудің тиімді бағдарламасының, судың нормадан тыс ысырабын сақтау не көбейту, тұтынушылардың есепке алу құралдарымен жарақтануының төмен деңгейі жағдайларында су тұтынудың одан әрі өсуі сумен жабдықтаудың тапшылығына астананы сумен жабдықтаудың іркілісіне алып келуі мүмкін.
Өте таза энергия көзіне, байытылған көмірге, газға көшу	Орталықтан сумен жабдықтаумен және кәрізбен қамтылмаған және су тазарту қондырғыларымен қамтамасыз етілмеген қала аудандарында санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық жағдайдың нашарлауы
Сорабтық станциялардың жұмысын қамтамасыз етуге арналған қайта жаңартылған энергия көздерін пайдалану	Инженерлік инфрақұрылымның даму қарқынының құрылыс қарқынынан артта қалуы
Қалдықтар есебінен энергия өндіру және сарқынды суларды, астықтан алынған биомассаларды өңдеу жолымен энергия алу жөніндегі қуаттарды кеңейту мүмкіндігі, суландыру және әжетханаларды толтыру үшін жаңбыр суларын пайдалану	Қолданыстағы газ тарату оның тозуы салдарынан сұйытылған газдың шығуына байланысты төтенше жағдайлар туындауының әлеуетті қауіптілігі
Энергиямен жабдықтау жүйесін әртараптандыру және орталықтандыру мүмкіндігі	Орталықтандырылмаған жүйелерді енгізудің нәтижесінде кәсіпорынды энергиямен жабдықтау жүйесі рентабельділігінің төмендеуі
Жылу және электр энергиясын өндіруге сумен жабдықтауға, кәрізге байланысты нақты экономикалық шығындарды айқындаудың әдістемесін әзірлеу	
Қаланы газдандыру (қолда бар, бірақ жұмыс істемейтін мұнай құбырын газ құбырына қайта жабдықтау кезінде табиғи газды қалаға дейін жеткізу) мүмкіндігі	

Жылу және электр энергиясын өндіруден сұйытылған не табиғи газды пайдалануға толық немесе ішінара көшкен жағдайда қаладағы экологиялық жағдай едәуір жақсарады

### **5 - б о к с .**

### **Х а л ы қ а р а л ы қ**

### **т ә ж і р и б е**

Қаланың инфрақұрылымын дамыту жөніндегі халықаралық тәжірибенің талдауы дамыған елдерде экологиялық жағынан таза технологияға, қайтадан жаңартылған ресурстарды пайдалануға, күн қуаты мен күндізгі жарықты барынша мол алу мүмкіндігін көздейтін энергияға, суға, үй-жайлар мен ғимараттардың дизайніне сұраныс пен тұтынуды қысқартуға көшу белсенді түрде жүзеге асырылатынын көрсетеді.

Ұлыбритания, Германия, Франция, Нидерланды, Швеция тәрізді Еуропа елдерінде энергия көздерін орталықсыздандыру бағдарламасы әзірленген және өмірге енгізіліп отыр. Мысалы, Цюрихада 1997 жылдан бері күн қуатының биржасы жұмыс істеп келеді. Цюриха электр станциясының клиенттері күн қуатын электр қуатының орнына пайдалана алады. Халықтың тарапынан үлкен сұраныстың болуына орай осы биржаның жұмыс істей бастағанынан бері алғашқы 2 жылда жылдық қуаты 365 мың квт.сағ. дейінгі 16 жаңа күн қондырғыларын орнату мүмкіндігі болды. Цюрих электр станциясы жеткізіп берушілер мен клиенттер арасындағы белсенді делдалдық рөлді өзіне алды. Ол күн қуатын сатып алады және оны клиенттерге қосымша баға қоймастан барлық жеткізілімдерді аралас баға бойынша сатады. Күн қуатын жеткізіп берушілер өз қалауы бойынша оларды қаланың шетіне құрылысы салынып біткен алаңдарда өздерінің құрылғыларын орнатады және пайдаланады. Электр станциясы күн қуатын орнықты баға бойынша өткізуге 20 жыл мерзімге кепілдік береді.

Ұлыбритания мен Канадада бүгінде 10 %-нан астамы қайта жаңартылған ресурстар мен жаңа технологияларды пайдалану есебінен ендіріледі.

## **3.2. Астана қаласының орнықты инженерлік инфрақұрылымын қамтамасыз ету жөніндегі стратегиялық міндеттер**

Халық өмірінің жоғары сапасын қамтамасыз ететін, әлемдік стандарттар мен халық пен астана экономикасының барабар өсуіне жауап беретін қаланың инженерлік инфрақұрылымын қалыптастыру үшін ұзақ мерзімді перспективада шешуге қажетті мынадай стратегиялық міндет: жаңа технологиялар мен қайта жаңартылған ресурстардың коммуналдық жүйелерін пайдалану қалыптастырылады.

### **Жаңа технологиялар мен қайта жаңартылған ресурстардың коммуналдық жүйелерін пайдалану**

Қаланың экологиялық жүйесіне ықпал ететін қағидатқа негізделген қаланы орнықты дамыту, бір жағынан, суды, жылуды және электр энергиясын үнемді жұмсауды қажет ететін жаңа технологияларды пайдалануды, екінші жағынан, тұрғындарда әдетке сәйкес келетін "орнықты" ойлау салтын (мысалы, үйдегі қалдықтарды, оларды қайталап пайдалану үшін сұрыптау; сулар мен электр энергиясын және т.б. үнемдеу мақсатында шамдар мен басқа құралдарды сөндіру) қалыптастыруды көздейді.

Халықаралық нормаларға сәйкес судың қауіпсіздік өлшемдерін айқындайтын техникалық регламенттер мен жай уақытта және дағдарысты жағдайлар уақыты бойынша басқа да шаралар қабылдау арқылы судың өңделген және тазартылған сапасына жету үшін жаңа технологияларды енгізуге ынталандыратын болады.

Су мен жылуды үнемдеп жұмсауға жәрдемдесетін коммуналдық қызметтерге тариф түзу әдіснамасы енгізілетін болады. Бұл қала халқының 2005 жылы бір күнде 220-240

литр су пайдалануды бағалау жөнінде 2030 жылы 50 % қысқартуға мүмкіндік береді.

Кәріз жүйесіне алдағы уақыттағы көзқарас қаланың барлық аудандарында лас суларды кейіннен тазалай және ластанбаған суды экологиялық жағынан қолайлы пайдалана отырып, ластанған және ластанбаған суды жеке құюға негізделеді. Қаланың су кәрізі жүйесінің сапасын арттыру үшін өңделген сумен жабдықтау және халықаралық нормативтерге сәйкес тазарту жөніндегі осы заманғы технологиялар енгізілетін болады. Сарапшылардың бағалауы бойынша 2030 жылы 30 %-ға жуық сарқынды суларды метандық ашыту немесе экологиялық құптауға болатын процесс тәсілімен шығару үшін пайдаланылады. Бұл шаралар бүкіл қаланы кәріз жүйесіне қосып қана қоймай, Астананың тыныс-тіршілігі жоғары сапалы, экологиялық жағынан таза озық қала болуына мүмкіндік береді.

Қаланың орнықты дамуы электр және жылумен жабдықтаудың тиімділігі мен сенімділігін арттыру, өндірістен бастап энергия мен жылуды өндіруге дейін барлық сатыларда шығындармен оңтайлы басқару, жылу мен электр энергиясының және қызмет көрсету сапасының ысырабын азайту үшін экономикалық стимулдар жасау ұйғарылып отыр. Астанаға көпқабатты үйлер салу, қаланың жылу-электр энергиясын тұтынудың ұйғарынды өсу үрдісі ЖЭО-да электр және жылу қуатын аралас шығару, сондай-ақ энергияның баламалы көздерін пайдалану негізінде орталықтандырылған сумен жабдықтаудың қалыптасқан жүйесін одан әрі дамыту үшін объективті алғышарт ж а с а й д ы .

Қаланың тұтынушыларына табиғи газды да, сұйытылған газды да жеткізудің кең көлемді схемаларының мүмкіндігі зерделенетін болады, ол қалалық ЖЭО мен жоғарызольтық көмірмен жанатын қазандықты табиғи газға көшіру көмірқышқыл газының жыл сайынғы тастандысын (мөлшермен 1,2 млн. т.) едәуір азайтуға мүмкіндік б е р е д і .

Суды, энергия мен жылу көздерін:  
жаңа технологияларды енгізудің;  
өндірістен бастап энергия мен жылуды өндіруге дейін барлық сатыларда  
шығындармен оңтайлы басқару,  
жылу мен электр энергиясының және қызмет көрсету сапасының ысырабын азайту  
үшін экономикалық стимулдар жасау,  
тұтынушыларға есепке алу құралдарын орнату,  
электр энергиясы мен басқа да шығыстарды коммерциялық есепке алудың  
автоматтандырылған жүйесін енгізудің есебінен ұтымды пайдалану ұйғарылып отыр.

Шет елде әзірленген технологияның, жел және күн қуатын пайдалануды, энергиямен жабдықтаудың қазіргі бар орталықтандырылған жүйелерінің жаңа жүйелермен оңтайлы үйлесуінің негізінде ескере отырып, үй-жайларды жобалау мүмкіндігін зерделенетін болады. Халық арасында насихат жүргізу мен оларды хабардар ету мақсатында арнайы демонстрациялық жобалар ұйымдастырылатын



болады. Мысалы, электр, жылу және таза су шығаратын жергілікті материалдарды, жылу батареяларын пайдалана отырып, жаңа технологиялармен өндірілген жел турбиналарының есебінен суды жылыту демонстрациясы.

Қала әкімдігінің инженерлік инфрақұрылымды басқару жөніндегі жұмысының Стратегиялық бағыты ресурсты сақтау саясатын ынталандыру болып табылады, ол өндірушілер мен тұтынушылар үшін тартымды және экономикалық пайдалану, ресурсты сақтау бойынша жұмыс істеуден тұрады.

Инженерлік инфрақұрылым қызметтерін көрсететін компаниялардың қызметін бағалау үшін ҮЕҰ мен жұртшылықты тарта отырып орнықты дамыту индикаторларының жүйесі бойынша іс-шараларды іске асырудың сапасын мониторингілеу мен бақылау жүзеге асырылатын болады.

#### **4. Көліктік инфрақұрылым**

Көлік қала дамуының барлық аспектілерін, қоршаған ортаның сапасын, арнаулы мәселелерді, қызметтерді қол жетімділікті қоса, қозғайды Көліктік орнықтылық:

көлік секторы тұтынатын отынның сапасын азайтуды және көмірқышқыл газын атмосфераға тастау көлемін қысқартуды;

жекеше автокөлікті пайдаланудағы қажеттілікті азайтуға бағытталған қалалық а у д а н д а р д ы ж о с п а р л а у д ы ;

өздерінде жекеше автокөліктері жоқ (зейнеткерлер, мүмкіндіктері шектеулі адамдар , табыстарының мөлшері аз халық және т.б.) халықтың жекелеген санаттарына қызмет көрсететін көліктің болуын;

адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға зиян келтірмейтін шектерде зиянды тастандылар деңгейін қамтамасыз ететін экологиялық жағынан таза көлікті пайдалануды ұйғарады.

#### **4.1. Астана қаласының көлік жүйесін дамытудың күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен шектейтін факторларын талдау**

SWOC-талдау нәтижелері статистика жөніндегі органдардың сауалнама деректерінің, мамандардың талқылауларының және мемлекеттік органдардың ақпаратының негізінде тұжырымдалған.

5-кесте

#### **Астана қаласының көлік жүйесін дамытудың күшті және әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен шектейтін факторлары**

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Салыстырмалы түрдегі тығыздығы жоғары және қаланың ескі бөлігінде жинақы құрылыс салу	Жолаушылар көлігінің едәуір бөлігінің тозуы
Қоғамдық көліктің жүйелерін жаңғырту жөнінде жұмыстар жүргізу	Халықаралық талаптарға жауап бермейтін автожолдардың техникалық деңгейінің төмендігі

Қоғамдық көліктегі жол жүрудің салыстырмалы құнының төмендігі	Ауаның машинадан шығатын газбен ластануы, автокөліктен болатын шу деңгейінің жоғарылығы
Көлік жүйесін дамытуға мемлекеттік инвестиция салу мүмкіндігінің болуы	Қоғамдық көліктің әлсіз бағытталуы, қарбалас сағаттарда автобустардың адамға толы болуы
Қаланың ескі бөлігінде жаяу жүргіншілердің серуендеуіне арнап жасалған әдемі, жасыл желектермен жиектелген көшелердің болуы	Тасымалдаушы мамандардың көлікті орнықты дамыту мәселелерінде әлсіз хабардарлығы
Қала орталығында қоғамдық көлік үшін қол жетімді жұмысқа орналасудың жаңа орындарын шоғырландыру	Жаңадан құрылыс салынып жатқан аудандарда серуендерге қолайсыз (жасыл желектердің болмауы, желден қорғалмаған аумақтар) жағдайлар
Мүмкіндіктер	Шектейтін факторлар
Жол кептемелерінің алдын алу мақсатында қоғамдық көліктің қозғалысы үшін жолды жолақтармен бөлу	Экономикалық өсу қарқыны мен халық санының көбеюі тиісті инфрақұрылымдарды жоспарлау және қамтамасыз ету жөніндегі іс-шарадан асып түседі
Жоғары сапалы және тиімді қоғамдық көлік, бағыттық жүйені оңтайландыру, қоғамдық көліктің баламалы түрлерін енгізу	Жекеше автокөліктер санының, көліктік»"кептемелердің" өсуі , тұраққа арналған аумақтардың жоқтығы, жерді тиімсіз бөлу
Бұрылыстарда көліктің іркілуін қысқартуға мүмкіндік беретін жол қозғалысын реттеудің осы заманғы техникалық құралдарын енгізу	Магистральдар құрылысына инвестицияланған бюджет қаражаттарын тиімді жұмсаудың жеткіліксіздігі

#### **6 - б о к с .**

#### **Х а л ы қ а р а л ы қ**

#### **т ә ж і р и б е**

Таңдаулы халықаралық тәжірибені талдау әлемнің көптеген ірі қалаларында жеңіл автомобильдердің қозғалысы мен тұрағы үшін қала аумағының жетіспеушілігі байқалатындығын және қоғамдық көліктің тиімді жүйесін қамтамасыз ету проблемасының бар екенін көрсетеді. Бір жолаушы-шақырымға автомобильге мөлшермен қоғамдық көлікке жаяу жүргіншілермен салыстырғанда 7 есе көп кеңістік талап етіледі.

Батыс еуропа қалаларында қозғалыстың»"орнықты" тәсілдерімен (жаяу, шайтан арбамен, қоғамдық көлікпен) жүріп өткен қашықтық қалалардың өз өлшемдеріне сай келеді. Қала үлкен болған сайын оның орталығына жекеше көлікпен жету күрделірек және машина қою үшін бос орын табу одан да күрделі.

Баламалы көліктің жоғары коэффициентті түрлерімен қамтамасыз етілген, бастапқыда интенсивті көлік қозғалысына ыңғайланбаған автомобиль жолы тұрақтары мен оның құрылысының сапасы шектелген жекеменшік автокөлік рөлінің төмендігі байқалады. Осыған ұқсас алаңы бойынша Астананы, Цюрих (Швейцария), Стокгольм (Швеция), Болонья (Италия) және Амстердам (Нидерланды) қалаларымен салыстыруға болады. Бұл қалаларға өздерінің мысалдары бойынша интенсивті басқаруға және бақылауға жататын жол қозғалысын демонстрациялаудың сәті түсті.

Әлемдік тәжірибеде қозғалысты шектеудің үш негізгі тәсілі пайдаланылады:

қозғалыстың интенсивтілігін жеке өлшемдермен реттелетін (жолдарды жабу, тұруға тыйым салу) шектеу; көліктің қозғалысын шектейтін, бірақ тыйым салынбаған шараларды (тұрақ үшін ақы төлеу, өткені үшін баж өндіріп алу, автобустардың қозғалысы үшін жолдың жолағын бөлу) пайдалану;

жекеше автокөлікке сұранысты азайтуға бағытталған шараларды (көлік құралдарының иелерінен алымдар мен өндіріп алу, сондай-ақ тиімді қоғамдық көлікті инвестициялау арқылы) пайдалану.

Автомобиль көлігіне деген қажеттілікке бағдарланған жоспарлау едәуір жер ресурстарын пайдалану мен аумақтарды кеңейтуді, сондай-ақ тиісті инфрақұрылымды қамтамасыз етуге байланысты жоғары құрылыстық және пайдалану шығыстарын көздейді. Жоғары сапалы қоғамдық көлік қозғалысын енгізу мақсатында, бастапқыда тек автомобиль қозғалысына ғана арналған қаланың аудандары мен көшелерін қайта жоспарлау - аса қымбат тұратын және автомобиль қозғалысын шектеудің негізгі тәсілдерін қолданумен салыстырғанда (мысалы, Калифорния (США) штатының қаласы) трафиінің интенсивтілігін басқару проблемасын шешудің тиімді іс-шарасы жеткіліксіз.

## **4.2. Астана қаласының тиімді көліктік инфрақұрылымын қамтамасыз ету жөніндегі стратегиялық міндеттер**

Қаланы орнықты түрде дамытудың "Қолайлы қоршаған ортаны және орнықты жұмыс істейтін инфрақұрылымды ұстаудың" стратегиялық мақсатына жету: қоғамдық көлік пен жаяу жүргінші қозғалысын дамытудың стратегиялық міндетінің шешімімен камтамасыз етілетін болады.

### **Қоғамдық көлік пен жаяу жүргінші қозғалысын дамыту**

Осы міндетті шешу Астана қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2006 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көзделген бірқатар іс-шараларды іске асыруға жәрдемдесетін болады. Атап айтқанда, қала шетіндегі жолаушылар көлігінің баламалы түрлерін енгізу мен дамыту, яғни, жеңілдетілген үлгідегі қоғамдық көліктің рельстік жүйесін салу.

Бұл ретте, мемлекеттік бағдарламаның көліктік айырымдар мен басқа ғимараттардың құрылысы бөлігінде мақсаттарға жеткеннен кейін қоғамдық көліктің, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруды инвестициялауға, оның ішінде мүмкіндіктері шектеулі адамдарды, жасы ұлғайған азаматтарды тасымалдауға қажетті құрылғылармен жарактандырылған автобустардың, троллейбустардың жаңа түрлерін сатып алуға басымдықты маңыз берілетінін атап өткен жөн.

Қала халқы өмірінің қауіпсіздігін, көліктің экологиялық талаптарын күшейту, кәрі адамдар мен мүгедектердің жүріп-тұруын жеңілдету, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру стандарттарының есебінен қозғалыстың сенімділігі мен қауіпсіздігін арттыру, энергия тұтыну мен жағымсыз экологиялық әсерлерді қысқарту мақсатында қоғамдық көлікті, автопарктер мен қоғамдық көліктің бағыттарын жаңарту және жаңғырту ынталандырылатын болады.

Әкімдік осы заманғы технологиялар мен білімді пайдалана отырып, қоғамдық көліктің танымалдығы жөнінде, жер астында гараждардың жаңа желілерін салу, тұрғындардың сұраныстары мен қаражаттарына сәйкес тұрақ орындарын азайту жөнінде шаралар қабылдайтын болады.

Қалалық қоғамдық көлігі қаланы орнықты дамытудың маңызды факторы болып табылса да, қоғамдық және жекеше көліктің баланстық дамуын, орнықты жолаушылар нөмірін ескере отырып, бағыт желісін оңтайландыруды, барлық қоғамдық көлік түрлерінің жылжымалы құрамының санын көбейтуді, жол желісінің өткізу қабілетін арттыру мен оны осы заманғы талаптарға сәйкес келтіруді көздейтін қаланың көлік жүйесінің 2010 - 2030 жылдарға арналған бағдарламасы, сондай-ақ қоршаған ортаға көліктің зиянды әсер етуін азайту жөнінде шаралар әзірленетін болады. Қаланың көлік инфрақұрылымын сапалы дамытуға жағдай жасау үшін:

қаладағы көше-жол желісін, жалпы қалалық және аудандық маңызы бар магистральдар құрылысын шапшаң дамыту, сондай-ақ қазіргі бар магистральдарды жол қозғалысының осы заманғы талаптарына дейін жеткізе отырып қайта құру;

қаланың және оның маңындағы аймақтардың көше-жол желісін, негізгі магистральдардың қалыптасқан желісін дамыта отырып, қосарланған магистраль құра

және олардың сыныптылығын арттыра отырып біріктіру;  
қаланың жол-көлік желісінің жай-күйін мониторингілеудің осы заманғы жүйесін  
ж а с а у ;

қала жол желісінің инженерлік тұрғыдан жарақталуын дамыту, түрлі деңгейлерден  
тұратын көлік айырымдарын, темір жолдың үстінен өтетін жолөткелдерін, жаяу  
жүргіншілерге арналған жерасты өткелдерін жасау;

муниципалдық және жекеше қоғамдық көліктің оңтайлы өзара іс-қимылда болатын  
жүйесін жасау қамтамасыз етілетін болады.

Жаяу жүргіншілер қозғалысы негізінен жолдар қиылысында, көлік  
терминалдарында, жұмыс орындары көп шоғырланған жерлерде, қоғамдық пайдалану  
орындары мен тарихи көрікті орындарда шоғырлана орналасқан. Осындай жерлерде  
және астананың шалғай тұрғын аудандарында халық пен туристерге барлық аумақты  
қолайлы әрі толық пайдалануды ұсына алатын жаяу жүргіншілер аймағы жасалатын  
болады. Астана қаласында велосипедпен жүретін жолдарды салу ұйымдастырылатын  
болады. Бұл мектепке және жұмысқа барып келуге байланысты көптеген тұрғын  
аудандардағы проблемаларды шешуге ықпал етеді.

Жаяу және велосипедпен жүруді:

жаяу жүргіншілер жолын шығатын жерінен межелі бір жерге дейін олардың  
орналасуының оңтайлы болуын ескере отырып, салу;

жаяу жүргіншілер жолының сапалы төселуін және көшелерге жарық беруді  
қ а м т а м а с ы з е т у ;

жолдардағы "жаяу жүргіншілер өткелдеріне" көрсететін нұсқағыштар сапасының  
ж о ғ а р ы б о л у ы ;

белгілі бір учаскелерде немесе маңызды жол қиылыстарында жаяу жүргіншілерге  
а р т ы қ ш ы л ы қ б е р у ;

белгілі бір жол учаскелерінде жылдамдыққа қатаң шектеу қою есебінен  
ы н т а л а н д ы р у к ө з д е л і п о т ы р .

Жылжымайтын мүлікке иелік етудің бірнеше түрін қамтитын, жаяу жүргіншілер  
қозғалысын ынталандыратын тұрғын үйлердің теңдестірілген және біріктірілген  
топтарын құру үшін қала жоспарлау нысаны мынадай өлшемдерге:

жаяу жүргіншілер қозғалысын және қоғамдық көліктің тиімді қызметін қамтамасыз  
ете алатын жинақы аудан болуға;

қала шегінде сауда орындарын, кәсіпорындарды және офистерді ұйымдастыруға  
сай болуы қажет.

**& 3. 3 - стратегиялық мақсат.**

**Әлеуметтік - орнықты қоғамды қалыптастыру**

**1. Серпінді дамып келе жатқан қоғамды қалыптастыру**

Қаланың орнықты дамуы әрбір адамның жұмысқа орналасуы мүмкіндігі, тиісті тұрғын үйге, білім алуға, медициналық қызмет алуға және демалуға құқығы бар серпінді дамып келе жатқан қоғамды қалыптастыру үшін жағдайлар жасауды көздейді.

### **1.1. Астана қаласының серпінді дамып келе жатқан қоғамын дамытудың күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен шектейтін факторларды талдау**

Жүргізілген SWOC-талдау әлеуметтік сауалнаманың (4-қосымша), Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі, жергілікті атқарушы органдар берген деректердің, өңірлік бағдарламалар құжаттарының, Астана қаласының жұртшылығымен және іскерлік топтармен пікірлесудің негізінде жасалған.

6-кесте

### **Астана қаласының серпінді дамып келе жатқан қоғамы: күшті және әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен шектейтін факторлары**

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Білім беру және денсаулық сақтау жүйесін дамытуға, денсаулық сақтау және білім беру мекемелерін салуға әрі оларды материалдық-техникалық тұрғыдан жарақтандыруға бөлініп отырған ақшалай қаражаттың жыл сайын ұлғаюы	Мемлекеттік емдеу-профилактикалық ұйымдардың, мектепке дейінгі және жалпы білім беретін мемлекеттік мекемелердің тапшылығы, аталған ұйымдардың материалдық-техникалық жағынан жарақталуының жеткіліксіз болуы
Республиканың басқа өңірлерімен салыстырғанда астана халқы тұрғындарының өмір сүру деңгейінің әлдеқайда жоғары болуы	Халықтың жалпы аурушаңдығы, сондай-ақ наркологиялық ауруға, оның ішінде балалардың осы кеселге шалдығу деңгейінің өсуі
Мәдениет пен спорттың қазіргі объектілерінің жұмысына қолдау көрсету және жұмысын жетілдіру, демалу объектілері желісін ұлғайту	Ана мен сәби өлімі деңгейінің жоғары болуы, әйелдердің ана болуға қатысты денсаулығының нашар болуы
Еңбекке қабілетті жастағы халық санының көбеюі және эмиграцияның төмендеуі	Әлеуметтік сала қызметкерлері жалақысының төмен болуы
Қалаға туристердің ағылуына ықпал ететін халықаралық фестивальдар, конкурстар мен кермелер өткізу	Күнкөрісі орташа және төмен азаматтар үшін тұрғын үйдің тапшылығы Әлеуметтік-мәдени сала қызметтері құнының жоғары болуына байланысты халықтың едәуір бөлігінің оған қол жеткізе алмауы Мектептен тыс білім беру және балаларға арналған демалыс мекемелерінің жеткіліксіздігі Қала үшін үлкен экономикалық маңызы бар туризмнің нашар дамуы, туристік саланың жеткілікті материалдық-техникалық базасының болмауы
Мүмкіндіктер	Шектейтін факторлар
Медициналық және білім беру мекемелері желісін ұлғайту, қаланың мемлекеттік емдеу-профилактикалық мекемелерін	

осы заманғы медициналық техникамен және жабдықтармен жарактандыру	Қоршаған ортаның қолайсыз әсерінің, медициналық көмекті кәсіби деңгейде көрсете алмаудың салдарынан халық аурушандығының өсуі
Медициналық және педагогикалық қызметкерлердің кәсіби дайындығы деңгейін арттыру, астанаға тәжірибелі және жоғары білікті мамандарды тарту	Жоғары білікті мамандар санының азаюы және олардың мәдениет, денсаулық сақтау және білім беру салаларында төмен жалақыларының сақтала отырып, еңбек сапасының төмендеуі
Кәсіби-техникалық білім беретін оқу мекемелері желісін ұлғайту әрі олардың оқу-материалдық базасын дамыту және жұмыс берушілердің қатысуымен білікті кадрлар дайындау	
Білім беру сапасын көтеру, еңбекті көп қажет ететін және жоғары технологиялық өндірістерді дамытуға мүмкіндік беретін ғылыми-техникалық базаны дамыту	

### **7 - б о к с . Х а л ы қ а р а л ы қ т ә ж і р и б е**

Мәдени жағынан дамуды, демалуды, спорттық іс-шараларды қамтамасыз ету мәселелері әлемнің көптеген қалалары үшін көкейтесті болып табылады. Мысалы, Оттава қаласының 2020 жылға дейінгі өсуін басқару стратегиясында белгіленген, Оттава қаласының басым даму бағыттарының бірі салауатты және белсенді қоғамды қалыптастыру болып табылады. Онда әрбір адам әлеуметтік және денсаулық сақтау қызметтеріне қол жеткізуге, мәдени және спорттық іс-шараларға қатысуға мүмкіндігі бар. Оттава қаласында өткізілетін мәдени іс-шаралардың көпшілігі жергілікті қауымның белсенді қатысуымен және қолдауы арқасында мемлекеттік басқару органдарының күшімен қамтамасыз е т і л е д і .

Мектепте білім беру сапасын арттыру проблемасын шешуге қатысты табысты мысалдардың бірі ретінде АҚШ-тың тәжірибесін атауға болады. 2002 жылы осы елде»"Бірде-бір баланы назардан тыс қалдырмау туралы" заң қабылданған болатын. Осы заңға сәйкес АҚШ білім беру жүйесін жаңғыртудың көптеген, жеткілікті дәрежеде тиімді болмаған мемлекеттік бағдарламалары қайта қаралды. Осы заңда төрт басым бағыт белгіленді: оқушылардың үлгеріміне мектептердің жауапкершілігін арттыру (үлгерім деңгейлері артқан мектептер тиісінше марапатталады (осы мақсатта, 500 млн. доллар көлемінде мемлекеттік қор құрылды), мектептерді материалдық-техникалық жағынан жарактандыру және мұғалімдердің біліктілігін арттыру, мектептердің дербестігі және жергілікті деңгейде әлдеқайда икемді қаржыландыру. Заңды іске асырудың нәтижесінде көптеген мектептерде оқушылардың, оның ішінде тұрмысы төмен отбасы балаларының үлгерімі жақсарды, сондай-ақ колледжге қосымша арнайы дайындықсыз оқуға түскен балалардың үлесі а р т т ы .

Халықаралық тәжірибені талдау дамыған елдердің астаналарында халықтың түрлі жігіне арналған тұрғын үйге кеңінен қол жеткізуге бағытталған арнайы бағдарламалардың әзірленіп, іске асырылуда екендігін көрсетіп отыр. Олар өзінде жер меншігі, құрылыс пен қаржы рыноктарының тиімді жұмыс істеуіне ықпал ететін іс-шараларды да қамтиды. Орта мерзімді перспективаға қол жетімді тұрғын үй проблемасын шешудің әлемде кең қолданылатын нұсқаларының бірі ескі тұрғын үй қорын көркейту және қайта жаңғырту болып табылады. Сондай-ақ, әлемдік практика түрлі класты тұрғын үй-жайларын жеке меншік иесінен алып қою қырғынсыз ұзақ мерзімге жалдаудың жылжымайтын мүлік рыногында сатып алу және сатумен табысты бәсекеге түсе алатындығын және тұрғын үйге деген қажеттіліктің 60 пайызына дейін қанағаттандыратындығын көрсетіп отыр. Қазіргі уақытта Швецияда жалға берілген үйлердің үлесі жалпы тұрғын үй қорының 57 %-ын, Нидерландыда - 55 %, Германияда - 60 %, Данияда - 44 %, АҚШ-та - 34 % құрайды. Бұл ретте, әрбір тұрғынға 46 шаршы метрге дейін тұрғын ауданнан келіп отыр. Жалға беру секторы көптеген елдерде жекеше инвестициялардың, қоғамдық бірлестіктердің қаржысы есебінен құралды. Мемлекеттік органдардың негізгі міндеті жер учаскелерінің мақсатты пайдалануы айқындалған кезде жеңілдетілген негізде жер учаскелерін беру болып табылады.

## **1.2. Астана қаласының серпінді дамып келе жатқан қоғамын қалыптастыру жөніндегі стратегиялық міндеттер**

Қала халқы мен астана қонақтарының жоғары өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуді, тартымды да үйлесімді қоғам құруды - Астана өзінің алдына мақсат етіп қойып отыр. Қазақстан астанасының өмір деңгейі тек осы қаланың ғана емес, сондай-ақ бүкіл елдің

айрықша белгісі болып табылады. Бұл ретте, Астана, экологияға, өзіндік ерекшелігі бар демалу орындарына қауіп төндірмей сапа жағынан өсуге қол жеткізуге ұмтылады. Тұрғын аймақтардың тыныс-тіршілігін ұстап тұру денсаулық сақтау мен білім беру қызметінің жоғары сапасы, тіршілігі қайнап жатқан орталықтың және бай мәдени құндылықтардың болуы қаланың ішкі және сыртқы рынокта да бәсекеге қабілетті болуына қол жеткізуге бірдей маңызды.

Астана қаласы серпінді дамып келе жатқан, озық қалаға айналуы үшін ең алдымен, мемлекеттің денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, туризм және спорт саласындағы саясатына мынадай қағидаттардың негізінде бірізділік пен агрессияшылықты беру қажет:

білім алуға, денсаулық сақтауға бірдей қол жеткізуді қамтамасыз ету, мұғалімдер мен дәрігерлердің мәртебесін көтеру;

қала тұрғындарының жоғары төзімділігін, жергілікті қауымдардың өздеріне тән ерекшелігі мен бірегейлігін және Астана қаласында тұратын халықтарын айрықша ерекшеліктерін сақтау;

халықтың жергілікті дәстүрлерін, қасиеттерін, әлеуетін қалыптастыру әрі дамыту арқылы Астана қаласының көп ұлтты және түрлі мәдени келбеті бар шығармашыл, мейірімді қала ретінде дамуына қолдау көрсету;

балалардың, жасөспірімдер мен жастардың әлеуметтік жіктеріне қатысты қалалық жүйенің жақсаруы.

Қаланың дамыған ойын-сауық индустриясы бар озық орталық ретінде орнықты дамуы серпінді дамып келе жатқан қоғам құруды қажет етеді. Мұндай қаладағы әрбір адам жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие, сондай-ақ тиісті тұрғын үй алуға, білім алуға, медициналық қызмет алуға, тынығуға құқығы бар. Бұл стратегиялық мақсаттарға жетудің жолдары мынадай:

білім алу және денсаулық сақтау қызметтерінің қол жетімділігі мен сапасын арттыру;

мәдениет, туризм, спорт және демалыс объектілерін дамыту, салауатты және белсенді қоғамды қалыптастыру;

(арзан) тұрғын үйге кеңінен қол жеткізуді қамтамасыз ету.

***Білім алу және денсаулық сақтау қызметтерінің қол жетімділігі мен сапасын арттыру***

Сапалы денсаулық сақтау қызметіне қол жеткізуді кеңейтудің есебінен қала халқының денсаулығын сақтау және нығайту міндеті, орнықты дамуға көшкен кезде жоғары стратегиялық басым бағытқа ие. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен Денсаулықты дамыту жөніндегі Оттава хартиясының берген анықтамасы бойынша: денсаулық - тек адамның ауырмауын және дене кемістігінің жоқтығын ғана емес, сондай-ақ тәнінің және рухани, әлеуметтік жағынан толық сай болуын білдіреді.

ДДҰ-ның тұжырымдамасына сәйкес халықтың денсаулығын құрайтын

факторлардың қатарына адамдардың денсаулығы мен қоршаған орта арасындағы серпінді тепе-теңдікті ұстап тұратын көптеген факторлар жатады. Бұл ретте, денсаулықтың және тиісінше паталогияның маңызды факторы адамның өмір сүру салты болып табылады.

Осы қағидаттарға сәйкес Астана қаласында Белсенді және салауатты өмір сүру салтын қалыптастыру бағдарламасы әзірленетін болады. Оның негізгі стратегиялық бағыттары дене тәрбиесі мен спортты жер-жерде дамытуға жағдайлар жасау, қала кеңістігінің санитарлық-тазалық және эпидемиологиялық жағынан қолайлы болуын оңтайландыру бойынша әлеуметтік саясат жүргізу, денсаулығы мықты болашақ ұрпақтың дүниеге келуін ойлайтын, жас отбасыларды материалдық және әлеуметтік тұрғыдан қолдайтын барабар жүйе құру, әлеуметтік сипаттағы аурулардың өсуіне тосқауыл қоятын жағдайлар жасау, медициналық кадрларды барлық деңгейлерде және барлық аспектілер бойынша дайындауды жетілдіру болып табылады. Сондай-ақ күштер, халықты, оның ішінде әсіресе әлеуметтік осал, қорғалмаған топтарды тиісті медициналық қызметпен қамтамасыз етуге бағытталады. Әкімдік мемлекеттік денсаулық сақтау объектілерінде көрсетілетін медициналық қызметтердің толық болуын жинақтауға ықпал етеді және халыққа жеткілікті түрде көрсетілмейтін қызмет түрлерімен қамтамасыз етілуіне жағдай жасайды.

Әкімдік пен жұмыс берушілердің бірлескен жұмысының арқасында, ауруларды ерте кезеңінде анықтауға мүмкіндік беретін халыққа орнықты профилактикалық тексеру мен диспансерлеу өткізілетін болады. Халықтың орташа өмір сүру жасын ұзарту үшін арнайы жоғары технологиялық орталықтар, оның ішінде кардиохирургия саласындағы орталықтар құрылатын болады.

"Көпбалалы отбасы" деген қалалық қор құрылады. Бұл қор көп балалы отбасылардың әлеуметтік патронаж жүйесін, жас отбасы орталықтары мен клубтарын дамытуды, отбасын жоспарлау және репродукция орталықтарын, сондай-ақ жауапты ата-ана болуды тәрбиелеу және репродуктивті денсаулықты сақтау бағытында жұмыс істейтін жастарға арналған әлеуметтік қызметтерді қолдайды.

Қолайлы санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды ұстау үшін, тұрғындарға жүйелі түрде медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру үшін, қаладағы практикалық денсаулық сақтау жүйесінің нығаюы және дамуы үшін емдеу-профилактикалық мекемелер қызметін және олардың пациенттермен қарым-қатынастарын, оның ішінде кадрларға деген, технологияларға деген, жаракталуға деген стандарттық талаптарды көп деңгейлі стандарттау бағдарламалары әзірленетін болады.

Халықтың өмір сүру деңгейі мен өмір сүру әлеуеті қала тұрғындарының білімі мен мәдениеті деңгейіне, олардың дүниеге деген көзқарасы мен рухани дамуына, қажетті ақпаратты жүйелі түрде алу және пайдалану мүмкіншілігінің болуына байланысты анықталады. Осы факторлар қала жұртшылығының өңірлік, ұлттық және әлемдік дамудың озық процестеріне тартылу дәрежесін белгілейді. Осы заманғы



қажеттіліктерге жауап беретін білімге ие болу, ортақ мәдениет және тұрғындар арасында ең көп таралған ізгі қасиеттер, аумақтың ақпараттық әлеуеті қаланың рухани және зияткерлік өміріндегі сапаның рөлін атқарады. Сондықтан, қалада білім беру мен тәрбиенің перспективалық жүйесін қалыптастыру мәдени және ақпараттық саясат Астана қаласының жалпы стратегиялық орнықты дамуындағы ең маңызды стратегиялық міндеттер болып табылады.

Қаланың орнықты дамуының басты стратегиялық ресурсы - балалар, жасөспірімдер мен жастар екендігін ескере отырып, қаланың болашағы тек оларды тәрбиелеу және оларға білім беру арқылы, әсіресе мектепке дейінгі және мектеп жүйелері арқылы ғана қамтамасыз етілуі мүмкін. Қаланың орнықты даму стратегиясы дегеніміз білім мен халықтың зияткерлік тұрғыдан жоғарылауы әрбір адамның өзін-өзі қамтамасыз етуге, жаңа технологиялар мен мәдени құндылықтарға қол жеткізуін ұлғайту мүмкіндіктерін елеулі арттыру дегенді білдіреді. Қазіргі білім беру жүйесі тұлғаның орнықты даму идеологиясы бағытында үйлесімді дамуына тек ішінара ықпал етеді, білім алушылардың бір бөлігінің ғана зияткерлік тұрғыдан өсуге және адамзат өркениеті жасаған мәдени жетістіктерді игеруге деген құштарлығын қалыптастырады.

Мектепке дейінгі мекемелерді салу 1-ден 7 жасқа дейінгі мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленетін балаларды қамтуды 2004 жылғы 40,6 %-дан 2010 жылы 60 %-ға және 2030 жылы 95 %-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұл мектепке дейінгі ұйымдарда 5-6 жастағы балалардың мектепке барар алдындағы дайындығын қамтамасыз ететін болады. Астана қаласында 2012 жылы қызметінде ойын-сауық, сондай-ақ білім беру элементтері ұштасатын, балалар мен жасөспірімдердің демалысын қамтамасыз ету үшін 500 балаға арналған "Балалар қалашығын" салу көзделіп отыр.

Мектепте білім беру жүйесінде оқу орындарына деген тапшылық проблемалары шешіледі. 2010 жылға дейін сабақтарды 3-4 ауысымда өткізу, ал 2020 жылға дейін сабақтарды 2 ауысымда өткізу жойылады. Жоғары сыныптардағы балаларды бейінді оқыту жүйесі кеңейіп, жақсарады, түрлі бағыттардағы қалыптасып жатқан кластерлер үшін, орта кәсіби білімі бар білікті жұмысшылар мен мамандарды даярлау жүйесін ұлғайтуға жағдайлар жасалатын болады. Меншік түрлерінің барлығын қамтитын мекемелер қызметкерлерін, сонымен қатар жергілікті азаматтарды (оның ішінде жұмыссыздарды) өз оқу орталықтары негізінде ішкікәсіптік оқытуды жүзеге асырады.

Зияткерлік тұрғыдан дамуға отандық және әлемдік мәдениет жетістіктерін игеруге деген құлшынысты халықта, оның ішінде, әсіресе балаларда, жасөспірімдер мен жастарда тәрбиелеудің негізгі жолы - технологиялық, материалдық-техникалық және қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілген, қалалықтардың қажеттіліктеріне сәйкес осы заманғы білім алуға жағдайлар туғызатын қаланың әрбір тұрғынына бірыңғай әрі қол жетімді білім беру кеңістігін қалыптастыру.

БҰҰ-ның жарияланған орнықты даму қағидаттарының арасында азаматтардың өздерінің бүкіл ғұмыры бойы үздіксіз білім алу қағидаты ерекше орын алады. Үздіксіз

білім алу және де ең алдымен білімді жүйелі түрде маңызын арттыру құралының қызметін атқарады, қала қауымдастығындағы адам капиталының өсуін қамтамасыз етеді, адамдарға тыныс-тіршілік процесі кезінде өздерін барынша және неғұрлым тиімді көрсете алуға мүмкіндік береді. Әкімдік қалалықтарға өмірдің амалы ретінде білім алуға деген талғамын дағдыландырылатын, жаңадан білім алуға деген ұдайы құлшынысын тәрбиелейтін, әдістемелік және рефлексивтік мәдениетке ие болуға жеткізетін, әрбір қарапайым адамға оқу процесі кезінде немесе өз бетімен оқыған кезде бүкіл ғұмыр бойы өзінің зияткерлік даму жолын өз бетінше жоспарлауға көмектесетін осындай жеке қасиеттерін қалыптастыратын үздіксіз білім алу тұжырымдамасын әзірлеп, насихаттайтын болады.

### ***Демалыс пен мәдениет, туризм, спорт объектілерін дамыту, салауатты және белсенді қоғамды қалыптастыру***

Мәдениет және демалыс мүмкіндіктері тұрғысынан астананың тартылымдылығы қаланың орнықты дамуына берік негізді қамтамасыз етеді. Тіршілігі қайнап жатқан Астана сияқты қалада мәдениет, өнер және спорт ерекше рөл атқарады. Қала әкімдігі барлық өнер және спорт түрлерінің одан әрі дамуына, оның ішінде өнер қауымы мен кәсіпкерлік секторлардың өкілдері арасындағы серіктестіктің жандануына ықпал ететін б о л а д ы .

Орнықты даму жолына түсу қазақстандықтардың рухани дәстүрлеріне сай келетін мәдениет деңгейіне қол жеткізуді көздейді. Сондықтан, келешек ұрпақ үшін мәдени дәстүрлерді сақтау және қаланың мәдени құндылықтарын көбейту маңызды стратегиялық міндет болып табылады. Осы мақсатта, қаланың тарихи, мәдени және ізгі дәстүрлерін қалпына келтіру бойынша жүйелі түрде науқандар ұйымдастырып, қаланың мәдениет тарихы бойынша монографиялар топтамаларын жасауға ғалымдар жұмылдырылып, жыл сайын оқушылар мен жастар арасында қаланың мәдениет тарихы жөнінде ең тартымды зерттеу жұмысына арналған конкурстар өткізілетін болады.

Түрлі халықаралық кездесулерді, конференцияларды, фестивальдарды, спорттық жарыстар мен кубок жолындағы жарыстарды өткізу үшін, Астананың астана ретіндегі және туризм мен ойын-сауықтың серпінді дамып келе жатқан орталығы ретіндегі мәртебесіне сай келетін әрі оның мәртебесін төмен деңгейге түсірмейтін тиісті инфрақұрылымды, оның ішінде іс-шаралар өткізуге арналған орындарды және қонақ үй қызметін құру жалғасатын болады. Әкімдік уәкілетті мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен, қоғамдық-мәдени орындармен әрі басқа да мүдделі тараптармен бірге ынтымақтаса отырып, ұлттық және жергілікті жаңа музейлер сияқты туризм тұрғысынан жаңа да қызықты объектілерге, өнімдер мен көрсетілетін қызметтерге маркетингтік стратегияны дамытып, жақын маңда Бурабай курорты аймағы мен " Қорғалжын" мемлекеттік табиғи қорығының орналасқандығын пайдалана отырып, туризмге қатысты бастамалар мен стратегияларды іске асыратын болады. Экологиялық туризмнің инфрақұрылымы құрылады.

Астана Еуропа мен Азия, Шығыс пен Батыстың арасындағы коммуникациялық маршруттар мен ақпараттар ағыны қиылысқан жерде орналасқан қала ретінде әрі халықаралық ұйымдардың бас офистері орналасуына қолайлы және әлемдік ірі форумдарды өткізуге арналған орын ретінде дамитын болады.

Стратегиялық жоспарда, мәдениет саласы мәдени құндылықтардың өндірушісі және сақтаушысы ретінде ғана емес, сондай-ақ өз кезегінде білімнің, жұмыспен қамтылудың өсуін және еңбекті көп қажет ететін салалардың дамуын қамтамасыз ететін қала экономикасының маңызды секторы ретінде де қаралады. Сондықтан мәдениеттің әлеуметтік рөлін арттыру үшін, оның негізінде халықтың рухани және зияткерлік өмірін байыту үшін, мәдениет ресурстарын қаланың орнықты даму бағдарламаларында пайдалану үшін мынадай бағыттар бойынша шаралар көзделетін болады:

еңбек және технология мәдениеті саласында - оқу орындарында, өндірісте жас ұрпақты жүйелі түрде еңбекке баулу жөнінде қалалық бағдарлама әзірлеу және оны іске асыру, оларды жеке адамдар арасындағы іскерлік қарым-қатынастар мәдениетіне үйрету, мектептік жалпы білім беру бағдарламаларына технологиялық білім беруді енгізу, қаланың кәсіпорындары мен ұйымдарында корпоративтік мәдениеттің негізгі элементтерін енгізу;

үнемдеу және ұйымдық мәдениет саласында - үнемдеу режимін ұдайы насихаттау есебінен қала тұрғындарындағы тұтыну мәдениетін көтеру, ресурстарды үнемдеуге, уақытында төлемдерді жүзеге асыруға, әріптестермен сұхбаттасқанда іскерлік мәнерді ұстап тұруға ниет қылу үшін және құлшынысты ұштау үшін бағытталған экономикалық тетіктерді әзірлеу және пайдалану;

қала халқы мен қонақтарына қызмет көрсету мәдениеті саласында - қалада қызмет көрсету мәдениетін көтеру жөнінде нормативтік құқықтық актілер әзірлеу, қала халқы мен қонақтарына жүйелі түрде қалалық конкурстар өткізу арқылы қызметтер көрсететін ұйымдар арасында бәсекелестікті арттыруға жағдай жасау;

экологиялық мәдениет саласында - қалада балалар мекемелері мен бастауыш мектептен бастап, жоғары мектепке дейін экологиялық білім беру және тәрбиелеу жүйесін дамыту бұқаралық ақпарат құралдары арқылы экологиялық сауаттандыру, азаматтардың қоршаған ортаның ахуалы жөніндегі шынайы ақпаратқа деген құқықтарын қамтамасыз ету, қоршаған табиғи ортаны қорғау, жер қойнауын пайдалану және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында белгіленген стандарттардың, ережелер мен нормативтердің сақталуын қамтамасыз ететін экономикалық тетіктерді жасау арқылы қоршаған ортаға деген адамның ізгі қатынасын қалыптастыру.

Салауатты және белсенді өмір сүру салтын насихаттау үшін Астана қаласында мынадай шараларды жүргізу арқылы спорттық және дене тәрбиесі қозғалыстары ұйымдастырылып, қолдауға ие болады:

кросс, марафон, шаңғы тебу жарыстары сияқты бұқаралық спорт іс-шараларын көбейту;

қаладағы аула аумақтарында дене тәрбиесі мен сауықтыру кешендерінің ұтымды жүйесін қалыптастыру, қазіргі спорт алаңдарын (оның ішінде футбол, баскетбол, волейбол алаңдарын), теннис пен бадминтонға арналған корттарды, хоккей алаңдарын, жүгіруге арналған жолдарды жаңғырту және оларды жаңадан салу, тез тұрғызылатын металл және өзге құрастырмалардан балалар мен ересектерге арналған әмбебап спорттық снарядтарды салу;

спорттық мектептерді дамыту және оларға қолдау көрсету;

Астана қаласында халықтың түрлі топтарына арналған дене тәрбиесі мен спорттық дене тынықтыру және қайта оңалту сияқты жоғары дамыған қызметтер көрсету индустриясын жасау.

Ойын-сауықтық және спорттық іс-шаралар тиімділігін арттыру мақсатында қала әкімдігі этникалық топтардың ұсынған мәдени және әлеуметтік шараларын грант көмегін бөлу арқылы қолдайды.

### ***Қол жетімді тұрғын үйді кеңінен таңдауды қамтамасыз ету***

Астана қаласының стратегиялық жоспарындағы тұрғын үй саясатының негізінде әрбір адамның қажеттіліктеріне және оның отбасының сұраныстарына сай келетін жеке тұрғын үйді іздестіруге жауапты болу қағидаты жатыр. Алайда, өзін тұрғын үймен өз бетінше қамтамасыз ете алмайтындарға белгілі бір жағдайларда жалға беріліп отырған тұрғын үйді ұсынғаны үшін жергілікті билік орындары да жауапты болады.

Тұрғын үйдің арзандығы, алуандығы мен сапасы сияқты мәселелер экономикалық саясаттың маңызды мәселелері болып табылады. Осыған сәйкес тұрғын үй қорының мемлекеттік техникалық нормативтерге сай екендігіне жүргізілетін мемлекеттік бақылау мен мониторинг мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

түрі, көлемі және құны бойынша әралуан болып келетін тұрғын үйдің баламалы түрлерін жоспарлау;

ескі тұрғын үй ғимараттары мен махаллаларын (кварталдарын) сақтау, жөндеу және жаңғырту - көгалдандыру бойынша жұмыстар жүргізуді қоса отырып, қазіргі активтерге инвестиция салу;

мемлекеттік консультациялар ұйымдастыру, тұрғын үй құрылысының шығындарына және сапа стандарттарына мониторинг жүргізу;

қаланың физикалық немесе әлеуметтік инфрақұрылымын қамтамасыз ету бойынша салушыларға келген шығынның үлесін есепке алу;

жергілікті жағдайларды ескере отырып, құрылыс салудың және қайта жаңғыртудың озық әдістерін зерделеу.

Тұрғын үйді орнықты түрде дамытудың стратегиялық міндетін шешудің негізінде тек тұрғын үй қорын көбейту ғана емес, сондай-ақ сапалы қала кеңістігін жасау қағидаты да болуы қажет. Ескі тұрғын үй қорын жаңғырту және жана тұрғын үйлер салу, қала халқының түрлі топтарына сапасы әр түрлі тұрғын үйге қол жеткізу

м ү м к і н ш і л і г і н

а р т т ы р а д ы .

Сапалы қала кеңістігі тұрпаты, көлемі және меншік түрі бойынша ерекшеленетін әралуан тұрғын үй объектілері түрлерінің ұштасуын, кең де айшықты тұрғызылған көшелер мен алаңдарды, әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетудің тиісті деңгейін ұстап тұруға жеткілікті екендігін, адамның өмір сүруіне сай келетін масштабты, өзіндік ерекшелік пен сонылықты, дамыған қоғамдық көліктің болуын білдіреді. Астананың жергілікті атқарушы органдары тұрғын үйге деген сұранысты ескере отырып, сапалы қала кеңістігін Астанада қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайтын болады. Бұл ретте, тұрғын үйлердің мүмкіншіліктері шектеулі және егде жастағы адамдардың кіріп-шығуын жеңілдететін құрылғылармен жарақталу мәселесі басыңқы маңызға ие б о л а д ы .

Қала халқының сапасы әр түрлі тұрғын үйге кеңінен қол жеткізу мүмкіншілігін қ а м т а м а с ы з е т у ү ш і н :

жекешелендіруі заңнамаға сәйкес мүмкін болатын халықтың әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын жіктеріне коммуналдық тұрғын үй мен жатақханалар салу;  
тұрғын үй нарығындағы бәсекелестікті дамыту үшін жағдайлар жасау;  
қазіргі тұрғын үй қорын (үйлер мен тұрғын үй құрылыстарын) жөндеу немесе қайта жаңғырту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;  
аумақтарды дамыту мен көркейтудің пилоттық жобаларын әзірлеу және іске асыру.

Халықтың астананың қоғамдық өміріне қатысуын арттыру үшін әкімдік балалар мен жастарда туған қаласына деген туысқандық сезімін қалыптастыратын қызмет түрлерін ынталандыратын болады, өздері тұратын аудандарды, қоғамдық орындар мен көгалдандырылған аумақтарды күтуге тартады.

## **2. Әлеуметтік даму және қаланың тыныс-тіршілігіне қоғамның тартылуы**

Қаланың орнықты дамуы жеке бас қауіпсіздігіне кепілдік беру, барлық салаларда - мамандық пен тұрғылықты жерінен бастап діни және ұлттық сана-сезімге дейін таңдау еркіндігі деңгейлерінің көптігі және оны іске асыру, ынғайлы қоршаған орта сияқты материалдық емес игіліктердің кең ауқымын жасауды және қолдауды көздейді. Сондықтан Астана, орнықтылық қағидаттарына сай келетін қала ретінде әрбір адамның , әлеуметтік немесе этникалық топтың өздері қалаған өмір сүру салтын, мәдени дәстүрлерді дамытуға құқығын қамтамасыз ететін болады. Қаланың мүшелеріне психологиялық тұрғыдан жайлы болмай әрі олардың айналамен және өздерімен үйлесімі болмай қаланың орнықты дамуының мүмкін еместігіне байланысты алдағы тұрған міндеттердің көбісі тек заңнамалық, экономикалық, әкімшілік шаралар арқылы ғана емес, сондай-ақ адамдардың ізгі сезімдері негізінде қалыптасқан адамдардың қажыр-қайраты арқылы да және орнықты дамудың қажеттіліктерін ұғыну арқылы да шешілетін болады. Қала қоғамның әлеуметтік-экономикалық және экологиялық орнықты дамуының жаңа идеологиясын қалыптастырып, бекітуді насихаттайтын б о л а д ы .

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және экологиялық орнықты даму идеологиясына сүйене отырып, Астананың орнықты даму мақсаты тұруға тартымды қаланы және халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал жігін қолдайтын қоғамды құру болып табылады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін барлық билік деңгейлерінің осыған қатысуын, мемлекеттік қызметтерді тиімді түрде көрсетуді және де жергілікті тұрғындарға олардың мүдделерін қорғайтын шешімдер қабылдауға қатысу үшін мүмкіншілік беруді талап етеді.

## **2.1. Астана қаласын әлеуметтік дамытудың күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіншіліктері мен шектейтін факторларды талдау**

Талдауды жүргізу үшін Астана қаласының тұрғындары мен қонақтарына жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың, статистиканың деректері, әлеуметтік саладағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру нәтижелері, сондай-ақ стратегиялық жоспар жобасын қоғамдық талқылау шеңберінде өткізілген дөңгелек үстел отырыстарының нәтижелері пайдаланылды.

7-кесте

### **Астана қаласын әлеуметтік дамытудың күшті және әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен шектейтін факторлары**

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Республиканың басқа өңірлерімен салыстырғанда халықтың салыстырмалы түрде өмір сүру деңгейінің жоғары болуы	Қаланың билік орындары шешімдерді қабылдағанда жұртшылықтың қатысу деңгейінің төмен болуы
Салыстырмалы түрде қылмыстылықтың төмен деңгейі және әлеуметтік орнықтылық	Мүмкіншіліктері шектеулі адамдарды қолдау және оларды қоғамға кіріктіру бойынша шаралар тиімділігінің төмен болуы
	Халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал жіктеріне мемлекеттік көмек көрсету деңгейінің жеткіліксіздігі
Мүмкіндіктер	Шектейтін факторлар
Отбасының әрбір мүшесіне шаққандағы ең төменгі өмір сүру деңгейіне сүйене отырып, атаулы әлеуметтік көмек пен арнайы мемлекеттік жәрдемақылардың көлемін есептеу	Әлеуметтік сала қызметкерлері мен мемлекеттік қызметшілер жалақысының төмен болуы
Жұртшылықты қала тыныс-тіршілігіне белсенді тарту	Қоршаған ортаның тиісті жай күйін ұстауға және қолдауға деген азаматтық жауапкершілік деңгейінің төмен болуы
Қаланың еңбек рыногындағы жұмысшы күштердің сұраныс және ұсыныстар балансына жету мақсатында кәсіптер мен мамандықтардың ірілендірілген топтары бойынша жұмысшылар мен мамандарда қажеттілік болжамын әзірлеу	Білікті әлеуметтік қызметкерлер санының қысқаруы және төмен жалақысы сақтала отырып, олардың еңбегі сапасының төмендеуі

#### **8 - б о к с .**

#### **Х а л ы қ а р а л ы қ**

#### **т ә ж і р і б е**

Халықаралық тәжірибені талдау қала халқының мүлтік жіктелуінен халықтың аз қамтылған бөлігінің белгілі бір аудандарға шоғырлануына әкелетіндігін көрсетті. Бұл өз кезегінде жеке сектордың белсенділігін, жұмысқа орналасу мүмкіншілігін төмендетеді, мектепте білім алу деңгейін азайтады, қылмыстылықты көбейтеді және қаланың осы

бөліктерінде әлеуметтік теңсіздікті ушықтырады. Бұл қалалардың дамуына келеңсіз әсер етеді.

Өткен ғасырдың аяғында Ұлыбритания, АҚШ сияқты бірқатар дамыған елдерде халықтың барлық жіктері үшін сервистік қызметтің тиімділігін арттыруға, жұмыс орындарын ашуға, көрсетілетін қызметтерге елдің бәрі бірдей қол жеткізуін және олардың қолайлы жағдайларда тұруын қамтамасыз етуге бағытталған мақсатты бағдарламалар әзірленген болатын. Мемлекеттік басқару органдарының тікелей қатысуы әрі жұртшылықты кең түрде тарта отырып, аталған бағдарламаларды іске асыру қалалардағы ахуалды елеулі жақсартуға мүмкіндік берді.

## **2.2. Астана қаласының әлеуметтік орнықты қоғамын қалыптастыру жөніндегі стратегиялық міндеттер**

"Әлеуметтік-орнықты қоғамды қалыптастыру" деген стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай стратегиялық міндет белгіленген: жұртшылықты қаланың тыныс-тіршілігіне тарту.

### ***Жұртшылықты қаланың тыныс-тіршілігіне тарту***

Орнықтылықты айтқан кезде, оның ішінде қаланың орнықты дамуының стратегиялық жоспарын әзірлеу және іске асыру шеңберінде қала қауымына әлеуметтік серіктестік айрықша маңызға ие. Шындығында, стратегиялық жоспар қоғамдық келісім шартын әрі жергілікті билік орындарымен, бизнес пен жұртшылықтың өзара іс-қимылын ұйымдастыратын құралды білдіреді. Бұл жоспарда қала халқының түрлі топтарының мүдделері ескерілген, ал осы мүдделер қала жұртшылығының ортақ мүдделеріне сай келтіріліп, біріктіріледі.

Қала жұртшылығы азаматтық белсенділік пен жауапкершілік тұрғысынан қаншалықты пісіп жетілген болса, қоғамдық келісім, оның ішінде стратегиялық серіктестік шеңберінде қаншалықты орнықты болса, яғни, тиісінше қаланың орнықты дамуының стратегиялық жоспарын іске асырудағы жетістік соншалықты мүмкін болады. 2005 жылы Елорданы тұрақты дамыту орталығы мен Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университетінің бірігіп өткізілген Астана қаласының тұрғындарын әлеуметтік тұрғыдан зерттеу нәтижелеріне сәйкес сауалданғандардың 29,1 %-ы жұртшылықты қаланың тыныс-тіршілігіне тартуды орынды деп есептейді, ал 44,2 % қаланың дамуы мен басқару сұрақтарын талқылауына қатысуға дайын. Осыған байланысты астананың даму жобалары мен бағдарламаларын халықпен, қоғамдық бірлестіктермен, іскер топтармен талқылауға бағытталған жұртшылықты қала тыныс-тіршілігіне тарту бағдарламасы әзірленетін болады.

Жергілікті органдардың әлеуметтік жұмысы қаланың проблемаларын шешуде тұрғындардың өзара көмек пен кооперация негізінде кең түрде қатысуы арқылы оларды ынталандыратындай етіп, ұйымдастырылатын болады. Әкімдік ең алдымен қоғамдық өзін-өзі ұйымдастырушылықты ынталандыратын, түрлі қоғамдық бірлестіктердің іс-қимылын үйлестіретін ұйымдастырушы әрі менеджер ретінде шығуы қажет. Жергілікті органдар мен мемлекеттік мекемелердің әлеуметтік қызметкерлері және қоғамдық бірлестіктер арасында өзара іс-қимыл тетіктері, қызмет алушылардың көрсетілетін әлеуметтік қызметтерді толықтай немесе ішінара төлеу, қайырымдылық көмекті тарту мүмкіншіліктеріне негізделген көрсетілетін әлеуметтік қызметтерді

қаржыландыру схемасы әзірленетін болады.

Егде жастағы жалғыз басты адамдарға қамқорлықты қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай жүйені көздей отырып, егде адамдарға қызмет көрсететін мамандандырылған муниципалдық "Әлеуметтік" үй салынады. Үй егде адамдарға, өздігінен жүре алмайтын мүгедектерге барынша ыңғайластырылған арнайы сатылармен, саты алаңдарымен, лифтілермен жарақталатын болады. Әлеуметтік үйде асхана, медициналық кабинет, емдік физкультура залы және шаштараз сияқты үй-жайлар салынады, яғни егде адамдар барлық қажетті қызметтерді үйден шықпай-ақ алатын болады.

Сондай-ақ бір өзінде үйге келетін әлеуметтік және медициналық-әлеуметтік көмек көрсету, егде адамдар мен мүмкіншіліктері шектеулі адамдардың тынығуын ұйымдастыру бойынша бөлімдерді біріктіретін Әлеуметтік қызмет көрсету орталығы құрылатын болады.

Аталған бастамаларды тиімді іске асыру қаладағы қоғамдық бірлестіктердің, қауымдастықтардың, жастардың белсенді қатысуын талап етеді.

Жастар арасында қала халқының әлеуметтік аз қамтылған осал жіктеріне көмек көрсету бойынша еріктілер қызметіне шақыруды насихаттау жөнінде жұмыстар жүргізілетін болады.

## **& 4. 4 - стратегиялық мақсат**

### **Қалалық басқару жүйесін жетілдіру**

Мемлекеттік басқару жүйесі қаланың орнықты дамуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Қандай да бір шешімдерді іске асыруда табысқа жету тікелей мемлекеттік қызметшілердің, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар мамандарының орнықты дамуға қатысты мақсаттар мен міндеттерді түсіне білуіне байланысты.

### **1.1. Астана қаласында қалалық басқару жүйесін дамытудың күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіншіліктері мен шектейтін факторларын талдау**

SWOC-жүргізілген талдау астананың жергілікті атқарушы органдарының қызметін реттейтін түрлі нормативтік құқықтық актілерді, Астана қаласының бағдарламалық құжаттарын, халыққа жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың нәтижелерін және мемлекеттік қызметшілердің ұсыныстарын зерделеудің негізінде жасалған.

8-кесте

### **Астана қаласында қалалық басқару жүйесін дамытудың күшті және әлсіз жақтары мүмкіншіліктері мен шектейтін факторлары**

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Күшті экономикалық базасы	Орталықтандырудың жоғары деңгейі, яғни шешімдерді қабылдау және жоғарыдан төмен қарай жоспарлау
Мемлекет басшысы қалыптастырған астана келбеті	



	Қала аудандары мен экономика секторлары дамуының біркелкі болмауы
Астана қаласының құқықтық мәртебесін, оның жұмыс істеуінің ұйымдық-саяси негіздерін белгілейтін астана мәртебесі туралы заңнамалық актінің болуы	Егжей-тегжейлі жоспарлауға ұмтылу
Әкімдіктің қала аумағындағы жер қатынастарын реттеу бойынша кең өкілеттігі	Шешімдер қабылдауға қажетті ақпаратты талдау және әзірлеу процесі кезінде ақпараттық жүйелердің нашар пайдаланылуы
Мүмкіндіктер	Шектейтін факторлар
Мемлекеттік басқару органдарының өкілеттіктерін орталықсыздандыру	Орталық атқарушы органдардың жергілікті мемлекеттік басқару органдарына өкілеттік беру кезіндегі қиыншылықтар
Мемлекеттік қызметшілерді оқыту, басқа елдер мен қалалардың халықаралық тәжірибесін зерделеу	Мемлекеттік қызметшілер еңбекақысының төмен болуы
Білім беру жүйесін дамыту, қала тыныс-тіршілігіне жұртшылықты тарту	Көптеген мемлекеттік қызметшілерде жоспарлау мен урбанистиканың осы заманғы әдістерін қолдану жағынан теориялық және практикалық тәжірибелерінің болмауы
Халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызмет сапасын жақсарту	Статистикалық деректердің толық шынайы болмауы, оларды тиімсіз пайдалану
Жергілікті атқарушы органдардың қызметін бағалаудағы көрсеткіштер әдістемесі мен жүйесін енгізу	Қаланың билік орындарымен, кәсіпкерлермен және қоғамның арадағы ынтымақтастық деңгейінің төмен болуы негізінен, жаппай енжарлыққа және жұртшылықтың шешімдерді қабылдау процесіне нашар қатысуына әкеледі

## 9 - б о к с .

## Х а л ы қ а р а л ы қ

## т ә ж і р и б е

Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай барлық әзірленген стратегиялық құжаттардың тек 10 %-ға жетер-жетпесі ғана іс жүзінде табысты іске асырылуда. Стратегиялық құжаттарды іске асыру процесінде мемлекеттік басқару органдарының алдынан шығатын негізгі проблемалар мыналар болып табылады:

қызметкерлердің стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қатысты сауаттылығы мен түсіну деңгейінің төмендігі; мемлекеттік органдардың бюджетті әзірлеу процестерімен және стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің арасындағы өзара байланыстың болмауы;

мемлекеттік органдар қызметкерлерінің уәждеме және оларды материалдық тұрғыдан көтермелеу мүмкіндіктерінің ш е к т е у л і б о л у ы ;

стратегиялық құжаттарды талқылауға басшылықтың жеткілікті түрде қатыспауы.

Көптеген елдерде алдыға қойылған стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін жекелеген қалалар, сондай-ақ мемлекеттік органдар деңгейінде стратегиялық басқарудың тетіктері енгізілуде. Әлемнің дамыған елдеріндегі мемлекеттік органдардың қызметін талдау, тек стратегияны сәйкестендіріп қана қоймай, сондай-ақ әрбір басқару деңгейіне ұзақ мерзімге арналған нақты мақсатты көрсеткіштерді белгілеуге мүмкіндік беретін тиімді арнайы әдістер бар екендігін көрсетті. Қызметтің аталған маңызды көрсеткіштері тиісті стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге бағыттап қана қоймай, сондай-ақ олар бойынша мемлекеттік органдардың қызметін бағалауға болады.

Мысалы, АҚШ-та 1993 жылы "Мемлекеттік мекемелер қызметінің нәтижелерін бағалау туралы" Федералдық заң қабылданған болатын. Осы заңға сәйкес федералдық бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар қызметінің нәтижелерін бағалауға негізделген есеп беру жүйесін енгізуге, сондай-ақ мақсаттарын әзірлеуге тиіс және оларға қол жеткізу үшін өздерінің табысын бағалауы қажет. Осы заңды қабылдаудың нәтижесінде мемлекеттік ұйымдар тұңғыш рет өздерінің шығыстарын қызметі мен мақсаттарына байланыстыруға мәжбүр болды.

Мемлекеттік органдар қызметінің түпкілікті нәтижелерін бағалауға негізделген мемлекеттік билік органдарындағы осы заманғы басқару жүйелері Канаданың, Швецияның, Австралияның және басқа да дамыған елдердің бірқатар

мемлекеттік органдарында табысты енгізілген.  
Қаланың орнықты басшылығы деңгей аралық тығыз өзара іс-қимылымен және өзі басқаратын әрі мүдделеріне қызмет ететін қалың жұртшылықпен арадағы өзара байланысымен ерекшеленеді. Дамыған елдердегі қалалық басқару органдары :  
жұртшылықты қалалық және жергілікті жоспарлау мәселелерін талқылауға: алдағы болатын жоспарлар мен ұсыныстар туралы тұрғындарды хабарлау, қалалық басқару органдары шешімдерінің іске асырылуына халықтың мониторинг жүргізуі арқылы тарту ;  
мемлекеттік органдардың кәсіпкерлікті дамытуға: кәсіпкерлерге консультациялар беру, қала тұрғындарының ұсыныстарын пайдалана отырып, жоспарлауды іске асыру, халықтың тілегін назарға алу арқылы жәрдем көрсету;  
мемлекеттік органдардың қоғамдық бірлестіктермен, үкіметтік емес ұйымдармен, кәсіпкерлер қауымдастықтарымен бірлескен жобаларды іске асыру, ақпаратпен және тәжірибемен алмасу бойынша серіктестікті қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдануда.

## **1.2. Астана қаласында қалалық басқару жүйесін дамыту жөніндегі стратегиялық міндеттер**

"Қаланың басқару жүйесін жетілдіру" атты стратегиялық мақсатты іске асыру мынадай стратегиялық міндеттерді:

қаланың стратегиялық басқару жүйесін жетілдіруді;  
жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерінің біліктілігін көтеру және оларды орнықты даму жөніндегі жаңа ілімдер мен дағдыларға, стратегиялық басқару жүйесіне оқытуды ;

халыққа және заңғы тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруды шешкен жағдайда қамтамасыз етілетін болады.

### ***Қаланы стратегиялық басқару жүйесін жетілдіру***

Астананы дамытуға байланысты стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін астананың жергілікті мемлекеттік органдарының қызметін басқарудың әдістерін одан әрі жетілдіруді және ең алдымен басқару жүйесін стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге бағдарлауды талап етеді.

Осы мақсатта, астананың жергілікті атқарушы органдарында стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді іске асыруға мониторинг пен бақылау, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың стратегиялық мақсаттарға қызметінің сай екендігін бағалау жүйесі енгізілетін болады.

Стратегиялық басқару жүйесінің енгізілуі мемлекеттік органдар мен мекемелердің ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін бағытталған іс-қимылдарын үйлестіруді жақсартуға, тиімді шешімдерді қабылдауға ықпал ететін болады. Жүйені құру және енгізу стратегиялық жоспарды сәйкестендіруге, жергілікті атқарушы органдардың әрбір қызметкерінің назарына стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді жеткізуге бағытталатын болады. Жүйе мониторингті және мемлекеттік қызметтерді тұтынатын халықпен кері байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік органдар жұмысының нәтижелерін сапасы жағынан да, саны жағынан да өлшеуге болады, бұл өз кезегінде қала халқына көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын елеулі көтеруге мүмкіндік береді.

Азаматтар мен олардың бірлестіктерінің жергілікті мемлекеттік басқаруға белсенді

қатысуын қамтамасыз ету үшін қоғамдық оқылымдар, дөңгелек үстелдер орнықты негізде өткізіледі, ал бұлардың нәтижелерін қалалық басқару органдары әлеуметтік маңызды шешімдерді қабылдау кезінде ескеретін болады. Аталған іс-шараларды өткізу мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен жариялылығы қағидаттарын іске асыруға ықпал ететін болады.

Стратегиялық басқару жүйесін енгізу стратегиялық міндеттерді іске асырудың тиімді әдістерін әзірлеуге, мемлекеттік органдар қызметін және стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қатысты қол жеткен табыстарды бағалаудағы көрсеткіштерді белгілеуге мүмкіндік береді.

**Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне біліктілігін арттыру және оларды орнықты дамыту жөніндегі жаңа ілімдер мен дағдыларға, стратегиялық басқару жүйесіне оқыту**

Мемлекеттік органдардың белгілі бір кезең аралығында өздерінің алдына қойған міндеттерін табысты орындауы болашақта дәл осындай нәтижелерге қол жеткізуге өздігінен кепіл бола алмайды. Мемлекеттік қызметшілер де жеке компаниялардың қызметкерлері сияқты өздерінің кәсіби дағдыларын ұдайы жетілдіріп отырулары қажет. Аталған міндеттің шеңберіндегі негізгі мақсат - мемлекеттік қызметшілер мен қызметкерлердің, мемлекеттік мекемелер басшыларының кәсіби-біліктілігі мен іскерлігі жағынан осы органдар мен мекемелер жұмысына қатысты міндеттерді орындауға сай болуына қол жеткізу болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру орнықты негізде жүзеге асырылуы тиіс. Осыған байланысты жергілікті мемлекеттік басқару органдары отандық және халықаралық мамандарды тарта отырып, семинарлап және мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін көтеру курстарын орнықты түрде ұйымдастырады. Орнықты даму, стратегиялық басқару жүйесі жөніндегі дағдыларды дамыту әрі тиісті халықаралық тәжірибені зерделеу үшін қарқынды тренингтік бағдарламалар өткізілетін болады.

Оқыту және біліктілікті көтеру міндеті стратегиялық басқару жүйесінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Өйткені, қандай да бір мемлекеттік құрылымның алдына қойған міндеттерді орындау үшін әзірленген бағдарламалардың сапасы да және тиісінше, барша қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандырудың сапасы да мемлекеттік қызметшілердің білім алу сапасына байланысты.

Кез келген деңгейдегі басшы оның басқару қызметін қамтамасыз ететін нақты білімге, әдістерге, құралдарға ие болуымен қатар, әдістемелік жағынан оның ой-өрісінің кең болуы қажет, сондай-ақ ол тиісті білімі бар әрі өңірді және мемлекетті орнықты дамытуға қатысты мәселелердің шешу жолдарын терең түсінетін адам болуы қажет. Қоғамның барша саласындағы өмір орнықтылығы ғана емес, сондай-ақ қоғамның әрбір азаматының өмір сүру деңгейі мен психологиялық жай-күйі де

мемлекеттік аппарат басшылары мен орындаушыларының өздеріне ведомстволық бағынысты процестердің орнықтылығын қамтамасыз етудегі қабілетіне байланысты. Орнықты даму проблемаларын шешуді басқару саласының түпнегізі әрі ұйымдастыру және басқару қызметінің өзегі ретінде қарастыру қажет.

Осылайша, барлық буындар мен деңгейлердегі мемлекеттік қызметшілерді стратегиялық және орнықты даму проблемалары бойынша теориялық жағынан да, практикалық жағынан да жүйелі негізде даярлаудың қажеттігі бар.

### **Халыққа және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру**

Мемлекеттік органдар, мекемелер мен кәсіпорындар ұсынатын қызметтердің сапасына халықтың қанағаттануы қаланың орнықты дамуының ең маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Халықаралық стандарттарға сай келетін мемлекеттік қызметтердің жоғары деңгейдегі сапасын қамтамасыз ету үшін оларды ұсынудың тетіктерін жетілдіру қажет.

Қалада 2005 жылы "жалғыз терезе" қағидаты бойынша халыққа қызмет көрсететін орталық құру жөнінде пилоттық жоба іске асырылуда. Алайда, сонымен қатар, халыққа ұсынылатын мемлекеттік қызметтің әрбір түріне міндетті мемлекеттік стандарт енгізу қажет. Құжаттарды қараудың мерзімдерін, ішкі құжат айналымының көлемін, көрсетілетін қызметтің жылдамдығын және т.б. реттейтін стандартты әзірлеу және енгізу халыққа қызмет көрсететін мемлекеттік органдар, мекемелер мен кәсіпорындар қызметкерлерінің іс-қимылын біріздендіруге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған әдістердің бірі ағымдағы және күрделі шығыстарды, оның ішінде мемлекеттік ұйымдарды жабдықтармен жарақтандыру, оларды пайдалану және жаңарту ережелерін, ғимараттардың жай-күйіне инженерлік-техникалық бағалауды жүргізу тәртібін әзірлеу арқылы нақты нормалау болып табылады. Бұл қала тұрғындарына көрсетілетін қызметтерге кететін бюджет қаражатын тиімді бөлуге, мақсатты пайдалануға және оңтайландыруға ықпал ететін б о л а д ы .

Стратегиялық міндетті шешудегі жергілікті атқарушы органдар қызметінің маңызды бағыттарының бірі онлайн режимінде қызметтер көрсетуге (мысалы, жұмыспен қамту орталығына есепке қою, үйде қызмет көрсетуге өтінім ресімдеу және т.б.) мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу болып табылады.

### **5. Астана қаласын орнықты дамыту көрсеткіштерін бағалау**

Астана қаласының стратегиялық орнықты даму жоспарындағы мақсатқа қол жеткізу қалада жоғары қарқынмен серпінді дамып келе жатқан, әртараптандырылған және бәсекеге қабілетті инновациялық экономиканың қалыптасуына әкеледі.

Астана қаласының даму параметрлерінің көп нұсқалы есептеулерін жүргізген кездегі әдістемелік тәсіл Дүниежүзілік банкінің ұзақ мерзімді экономикалық болжауға



Өңдеуші тамақ өнімдерін және сусындар- ды өндіру аралық пайдалану тауарла- рын (құ- рылыс ма- териал- дары, құ- растырма- лар, ме- талл өнімдері, химия өнеркә- сібі және т. б.)	77,7	77,5	80,8	83,9	84,4	84,3	84,7
өндіру түпкілік- ті пайда- лауға арналған дәстүрлі өндіріле- тін тауарлар (жиһаз, тігін бұйымда- ры, маши- на жасау өнімдері)	20,1	20,1	18,3	16,6	14,8	13,6	12,4
түпкілік- ті пайда- лауға арналған тауарлар дың (иннова- циялық және еңбекті көп қажет ететін техноло- гиялар негізін- дегі) жаңа түрлері	34,7	37,5	44,6	47,1	47,1	45,4	45,4
Электр энергия- сын, газды	20,3	19,9	17,9	19,2	20,7	21,9	23,0
	0	0	0	1,0	1,9	3,4	4,0

	және суды өндіру және бөлу	22,3	22,5	19,2	16,1	15,6	15,7	15,3
3	Өнеркәсіптік жалпы қосымша (ЖҚӨ) өнім, млрд. АҚШ долл.	0,2	0,2	0,5	0,6	1,3	2,6	4,9
4	Өнеркәсіптің жалпы қосылған құны (ЖҚҚ), млрд. АҚШ долл.	0,2	0,3	0,4	0,7	1,1	1,5	2,1
5	Аралық тұтыну, шығарылған өнеркәсіптік өнімдерді пайызға шаққанда	58	58	58	57	56	56	55
6	Халық саны, мың адам <sup>8</sup>	529,3	541,3	630,8	729,7	831,3	922,5	1015

<sup>8</sup> КИМЭП ғылыми-зерттеу тобы әзірлеген болжамдардың консервативті нұсқасы мен техниканың басқа да озық бағыттарын дамыту Астана қаласында шоғырланатын болады.

Қаланың даму көрсеткіштерінің ұзақ мерзімді болжамы қызметтің салалары мен түрлерінің ірілендірілген топтары бойынша жүзеге асырылған:

1-топ - азық-түлік тауарлары және сусындар

Қызметтің аталған түрі барлық астаналарға тән, өйткені қызметтің осы түрі халықтың, мейрамханалар желісі мен кафелердің, қонақ үйлердің азық-түлікке деген қажеттіліктерін қамтамасыз етеді. Қала халқы санының болжанып отырған өсуіне байланысты, аталған қызмет түрі өнеркәсіптік өндіріс құрылымындағы ең басты қызметтердің біріне айналуы қажет.

**2-топ - аралық пайдалануға арналған азық-түлікке жатпайтын тауарларды өндіру**

Тауарлардың осы бір, ірілендірілген тобында қазіргі және ұзақ мерзімді

перспективаға болжанып отырған өндірістер топтастырылған. Қазіргі уақытта осы топтың негізін қала объектілерін салу кезінде қолданылатын құрылыс материалдары мен құрастырмалар, сондай-ақ машина жасау кәсіпорындарының және басқа да қызмет түрлерінің жұмысын қамтамасыз ететін металлургия өндірісі құрап отыр. Бұл топқа, сондай-ақ химия өнеркәсібі, пластмассадан, резинадан, ағаштан жасалған бұйымдар шығару өндірісі және өнеркәсіптің өзге де түрлері еніп отыр. Қызмет түрлерінің осы тобы қала экономикасының барлық салаларының жұмысын материалдармен, құрастырмалармен, жартылай фабрикаттармен және қосалқы бұйымдармен қамтамасыз ететін болады. Осының нәтижесінде салалардың осы тобының үлес салмағы артады.

### **3-топ - Астана қаласында дәстүрлі (бұрыннан) өндірілетін түпкілікті пайдалануға арналған тауарлар (жиһаз, тігін бұйымдары, машина жасау өнімдері)**

Қызмет түрлерінің осы тобы қазіргі уақытта қалыптасқан қызмет түрлерінің қалай дамитынын бағалау үшін құрылған болатын. Осы қызмет түрлерінің барлығы астана мәртебесі бар қалада дамытуға болады-ау деген салалар тізбесіне тауарларға сұраныс пен ұсыныс тұрғысынан да, экология мен білім тұрғысынан да, астана мәртебесі бар қала тұрғындарының біліктілігі тұрғысынан да айтарлықтай үйлесімін тауып кірігіп отыр. Жиһаздар жасау және көпшілік тұтынатын сапалы тауарлар тігу Астана қаласында әрдайым болады.

### **4-топ - түпкілікті пайдалануға арналған тауарлардың (инновациялық және еңбекті көп қажет ететін технологиялар негізіндегі) жаңа түрлері**

Білім мен ғылымның орталығы ретінде Астана қаласының стратегиялық дамуының басым бағыттарын, сондай-ақ жас адамдардың осы қалаға деген қызығушылығын ескере отырып, ұзақ мерзімді перспективада қаланың өнеркәсіптік әлеуетінің негізін аталған қызмет түрлері құрауы қажет. **Ғарыштық ғылымның, биотехнологиялардың және ғылым**

Еңбекті көп қажет ететін өндірістерді ұйымдастыруға адами ресурстар мен ғылыми зерттеулердің дамуына байланысты белгілі бір кезең аралығы қажет болғандықтан осы қызмет түрлері тобының дамуын болжау кезінде осындай тауарлар өндіруді бастау үшін уақытша көзделген.

Қамтамасыз ететін сала ретінде **электр энергиясын, газды және суды өндіру және бөлу ЖӨӨ** өсуіне барабар қарқынмен, энергияны сақтайтын технологияларды дамытуды ескере отырып, дамитын болады.

Қызметтер көрсету қала экономикасының перспективті құрылымының басты құрамдас бөлігі болады. Есептеулер бойынша 2020 жылға дейін тауарлар өндірудің үлесі ұлғайып отырады, бірақ кейін қызметтер көрсетудің үлесі әлдеқайда жоғары қарқынмен дамитын болады. Бұл мынаған: көрсетілетін қызметтер ұлғаю үшін, негізін өнеркәсіп құрайтын өндірістік базаны қамтамасыз етудің қажет екендігіне негізделіп отыр.

Алайда, қаланың орнықты дамуына қол жеткізу - ұзақ процесс. Орнықты дамудың



стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды іске асырылуы барысына ұдайы бақылау жасап, пайдаланылатын құралдардың тиімділігіне, алдыға қойылған мақсаттарға қатысты қол жеткен табыстар деңгейіне бағалау жүргізу қажет. Бұл тиісті көрсеткіштерді, яғни орнықты даму индикаторларының болуын көздейді <sup>9</sup>.

<sup>9</sup> БҰҰ-ның қоршаған орта және даму жөніндегі 1992 жылы Рио-Д-Жанейрода өткен конференциясының шешімі

Орнықты даму саласындағы халықаралық институттар мен мамандар тұтас елдер үшін де, сондай-ақ жекелеген елді мекендер үшін де орнықты даму индикаторларын экономикалық, әлеуметтік және экологиялық сияқты үш топ бойынша анықтау жөніндегі жұмыстарды жалғастырып жатыр.

Осыған байланысты, Астана қаласы үшін орнықты дамудың бірқатар біріктірілген индикаторларды пайдалануға мүмкіндік туып отыр. Олар мыналар: адам дамуының кіріктірілген индексі (өмір сүру ұзақтығы, сауаттылығы, халықтың жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім), атмосфераның ластану индексі, жаңғыртылған ресурстарды пайдалану, халықтың коммуналдық қызметтермен қамтылуы, қалдықтар мәселесін шешу және т.б. Орнықты даму индикаторларының болуы стратегиялық басқару жүйесін әзірлеп, енгізумен қатар, тиісті стратегиялық міндеттерге қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік органдардың қызметін бағалауға мүмкіндік береді.

Орнықты дамудың бірқатар маңызды индикаторларының тізбесі және Астана қаласы үшін олардың мақсатты маңызы 10-кестеде келтірілген.

Астана қаласын тұрақты дамыту индикаторлары және олардың орынды мақсаттары

	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2004 (факт)	2005 (бағалау)	2010	2015	2020	2025	2030
1	2	3	5	6	7	8	9	10	11
Экологиялық индикатор									
1	Ластайтын заттарды атмосфераға тастау,	мың. тонна	93,7 <sup>*1</sup>	98,3 <sup>*1</sup>	93,5	86,8	80,4		68,4 <sup>*2</sup>

	оның ішінде:							74,3	
	ластау-дың стационарлық көздерінен	мың. тонна	51,6 *1	54,2 *1	51,5	47,8	44,4	41,3	38,4 *2
	ластау-дың жылжымалы көздерінен (автокөлік)	мың. тонна	42,1 *1	44,1 *1	42,0	39,0	36,0	33,0	30,0 *2
2	1000 тұрғынға шаққанда жеңіл автомобильдер	дана	142,7 *	150,1	189,1	238,3	270,0	300,3	350,0 *3
3	Атмосфералық ластану деңгейі (АЛД <sub>5</sub> )	индекс	3,1 *1	3,6 *1	2,8	2,5	2,0	1,0	0,9 *4
4	Өндірістік қалдықтардың жиі-	мың тек. м	62,29 *1	60,05 *1	54,05	45,9	34,4		3,4 *2

	нақ- талуы							17,2	
5	Қатты тұр- мыс- тық қал- дық- тар- дың жи- нақ- талуы	мың. тек. м	616,65 *1	751,94 *1	676,7	575,2	431,4	215,7	43,1 *2
6	ЖӨӨ сый- ымды- лығы- ның дең- гейі	тек. м / млн. тең- ге	136,0 *5	102,9 *5	80,8 *5	62,3	48,0	37,0	28,5 *2
7	Ай- нал- малы және дәй- екті түрде сумен жаб- дық- тау	млн. тек. м	135,0 *1	140,75 *1	147,8	155,2	163,0	171,0	179,6 *2
8	Бір тұр- ғын- ға шақ- қан есеп- тегі қала ішін- дегі жасыл же- лек- тер алаңы	шар. м / адам	9,8 *6	10,5 *6	13,0	15,0	17,0	18,5	19,2 *7
9	Тұр- ғын үй- лерде және								

	жа - тақ - хана - ларда бір адам - ның тәу - лік - тік су тұты - нуы көр - кей - тудің тө - менгі дәре - жесі - мен көр - кей - тудің жоға - ры дәре - жесі - мен	литр	3 5 * 8	3 5 * 8	4 0	4 3	4 5	4 8	5 0 * 9
		литр	360 *8	360 *8	300	250	200	180	150 *9
10	ЖӨӨ таби - ғ а т қор - ғ а у і с - шара - лары - н а жұм - сал - ғ а н шы - ғыс - тар	%	0,04 *5	0,03 *5	0,03 *5	0,3	0,7	1,1	1,5 *9
11	Қайта өң - дел - ген қал - дық - тар - дың көле - мі	%	0	0	10	15	25	50	80 *2
12	Жер бе -	%	0	0	20	50	70		100 *2

	тін-дегі сарқынды су жүйесін енгізу, қаланың аумағын қамту							80	
Экономикалық индикаторлар									
13	Халықтың басына шаққанда *10	мың АҚШ доллары	4,6	6,3	9,4	11,8	22,2	38,5	69,8
Әлеуметтік индикаторлар									
14	Туылғаннан бастап өмірінің орташа ұзақтығы	жас	70,8 *	71,5	71,8	75,0	77,0	78,1	79,1 *10
15	1000 туылғандар шаққанда сәби өлімі	оқиғалар	11,7 **	14,0 *11	11,4	8,0	5,6	4,0	3,3 *12
16	10000 тұрғынға шаққанда дәрі-	адам	58,0	58,6	61,2	64,2	67,1		73,4

	гер- лер- дің саны *13							70,3	
17	Бала- лар вак- цина- ция- сының дең- гейі *14	%	98,5	98,9	99,0	99,0	99,0	99,0	99,0
18	Жұ- мыс- сыз- дар- дың дең- гейі	%	8,3 **	8,0 *11	6,9	6,0	5,5	4,7	4,0 *2
19	Табы- с ы төмен ха- лық- тың үлесі күн кө- ріс- тің ең тө- менгі шама- с ы азық- түлік қор- жыны- ның құны	%	1,1 *	1,4 *	0,9	0,8	0,7	0,6	0,5 *2
		%	0,8 *	0,8 *	0,6	0,4	0,2	0,0	0,0 *2
20	20% халық топ- тары бой- ынша Джин- ни ин- дексі		0,301 *	0,300 *2	0,250	0,200	0,150	0,100	0,100 *2
21			83,5 *	83,5 *	70,0	60,0	45,0		25,0 *2

	10000 тұр- ғын- ға шақ- қанда қыл- мыс- тың дең- гейі	оқи- ға- лар						35,0	
22	Ха- лық- тың сауат- тылық дең- гейі (орта бі- лім)	%	99,7 *	99,7 *	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0 *2
23	ЖӨӨ құ- рылы- мында бі- лімге кет- кен шы- ғыс- тар	%	1,8 *15	1,9 *15	2,5	3,0	3,5	4,0	5,0 *16
24	Адам- ды дамы- ту ин- дексі		0,842 *	0,859 *	0,876	0,908	0,920	0,945	0,956 *2
25	Ха- лықты қыз- мет- тер- мен қам- ту : орта- лық- тан сумен жаб- дық-	%	94,3 *17	96,4 *17	97,3	98,0	98,7	99,4	100,0 *2

тау кәріз	%			82	88	92	98	
		72 *17	76 *17					100,0 *2

\*) Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

\*\* ) Астана қаласындағы статистика басқармасы

\*1) Астана қаласындағы Табиғат қорғау бағдарламаларын іске асыру басқармасы

\* 2 ) Ц У Р С б о л ж а м д а р ы

\*3) Астана қаласын дамытудың бас жоспары

\*4) 2003 жылы "Казгидромет" РМК, ОС лақтау мониторинг орталығы ұсынған атмосфералық ауа сапасының өлшемдеріне сәйкес

\*5) Астана қаласының Табиғат қорғау бағдарламаларын іске асыру басқармасы деректерінің негізінде ЦУРС есептері

\* 6 ) Г К П " З е л е н с т р о й "

\*7) Астана қаласын 2030 жылға дейін көгалдандырудың Кешенді схемасына сәйкес

\* 8 ) " А с т а н а с у а р н а с ы " Қ Қ К

\*9) Көптеген халықаралық агенттіктер мен сарапшылар ауыз су тұтынуды қанағаттандыру санитарлық-гигиеналық мақсаттар, жуыну және тамақ дайындау үшін бір күнде бір адамға 50 л жеткілікті деп есептейді. Су ресурстарын үнемді пайдалануды жақтаушылар болып табылатын Еуропаның көптеген елдерінде бір адамға тәулігіне кететін су шығыны 110-150 литрді құрайды

\*10) Норвегияда жастың орташа ұзақтығы, ол әлем елдерінің рейтингінде жасының ұзақтық деңгейі бойынша 1-орында тұр, БҰҰ, 2002 жыл

\*11) Астана қаласы Статистика басқармасы деректерінің негізінде ЦУРС есептері

\*12) 2002 жылғы қорытындылар бойынша ЮНИСЕФ Швеция мен Жапонияда әлемдегі сәби өлімінің көрсеткіші өте аз

\*13) Астана қаласының денсаулық сақтау департаменті

\*14) Астана қаласының санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі ұсынған балалар вакцинациясының жоспарлы деңгейі кем дегенде 95 % құрайды (ҚР ДМ 26.06.95 г. N 270 бұйрығы)

\*15) Астана қаласының Білім департаменті

\*16) Білім мәселелері бойынша Дакарской конференциясының барысында өтпелі экономика елдеріне білім жүйесін дамытуға елдің бюджет қаражаттарының 6-7%-ын ж і б е р у ұ с ы н ы л д ы .



\*17) Астана қаласының санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті

ж Астана қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы

## Қ о р ы т ы н д ы

Астана қаласының стратегиялық орнықты даму жоспарының тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету үшін стратегиялық мақсаттар мен міндеттер белгіленген. Олардың шешілу деңгейіне қарай отырып, мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігін с и п а т т а у ғ а б о л а д ы .

Сонымен қатар, әрбір стратегиялық міндет үшін астананы дамытудың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған стратегиялық бастамаларды (іс-шараларды) қамтитын тиісті бағдарламалар мен (немесе) жоспарлар әзірленетін болады.

Стратегиялық бастамаларды әзірлеу кезінде стратегиялық басқарудың мынадай негізгі қағидаттары сақталатын болады:

стратегиялық даму жоспарына сай болу қағидаты. Барлық стратегиялық бастамалар Астана қаласының стратегиялық даму жоспарына сәйкес болуы қажет және тиісті стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталуы тиіс;

орнықтылық қағидаты. Қаланың ұзақ және орта мерзімге арналған даму бағдарламалары мен жоспарларына енгізілетін барлық стратегиялық бастамалар орнықтылық қағидаттарына, оның ішінде экология, экономика, әлеуметтік және қоғамдық даму сияқты төрт аспектіні ескере отырып, кешенді тәсілді пайдалануға негізделген болуы қажет;

сандық және сапалық бағалау қағидаты. Стратегиялық бастамалар өлшеуге келетін сандық және сапалық көрсеткіштерге ие болуы қажет. Олар өз кезегінде оларды іске асырудың тиімділігін бағалауға қатысты негіздің рөлін атқарады;

күшті және әлсіз жақтарды талдау қағидаты. Стратегиялық бастамалар тиісті күшті және әлсіз жақтарды талдауға негізделген болуы қажет және қолда бар реттеуші (заңнамалық, нормативтік), ресурстық және уақыттық шектеулерді ескеруі тиіс;

орталықтандыру қағидаты. Стратегиялық бастамалар әзірлеуді үйлестіру әкімдіктің барлық құрылымдық бөлімшелері үшін орталықтандырылған негізде жүзеге асырылуы қажет. Бұл стратегиялық мақсаттарды үйлестіруді және қаланы басқарудың барлық деңгейлеріндегі жұмысты бір ізге түсіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;

өзара байланыс қағидаты. Барлық стратегиялық бастамалар өзара келісілген болуы қажет және біріне-бірі кереғар болмауы тиіс. Ал қарама-қайшылықтар туындаған жағдайда, түпкілікті шешімді стратегиялық дамудың басымдықтарын ескере отырып, астананың әкімі қабылдауы тиіс.

Стратегиялық жоспар бекітілгеннен кейін стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталған Стратегиялық бастамалар жоспары әзірленетін болады.

Стратегиялық жоспардың іске асырылуы қаланың ұзақ мерзімді кезеңдегі орнықты

дамуын, Астананың болашақтағы жоспарланған кейпіне қол жеткізуді және Астанаға жүктелген миссияның орындалуын қамтамасыз етеді.

Стратегиялық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуы бағалаулар бойынша 2030 жылға астананың орнықты дамуының мынадай көрсеткіштеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді:

2005 жылмен салыстырғанда ЖӨӨ-ның өсуі 20 еседен асады;  
өнеркәсіптік өндіріс көлемі шамамен 25 есеге ұлғаяды;  
жұмыссыздық деңгейі 4 %-ға дейін төмендейді;  
арнайы қоқыс орындарына шығарылатын қалдықтардың көлемі оның жалпы көлемінің 20 %-на дейін қысқарады;  
нәрестелердің 1000 туылған сәбиге шаққандағы шетінеу оқиғасы 3 есеге жуық азаяды.

Астана қаласын  
2030 жылға дейін орнықты  
дамытудың стратегиялық жоспарына

1-қосымша

**Астана қаласын тұрақты түрде дамытудың  
Стратегиялық картасы**  
(Қағаз мәтініне қараңыз)

Астана қаласын  
2030 жылға дейін орнықты  
дамытудың стратегиялық жоспарына  
2-қосымша

### **Астананың орнықты дамуының негізгі аспектісін талдау**

Астананың ұзақ мерзімді ұстамдылығын қамтамасыз ету көзқарасынан келесі негізгі аспектілер бөліп шығарылады:

Астанамен салыстырмалы дүние жүзінің сәтті астаналардың экономикалық даму моделінің талдауы;

Астананың Орталық Азия мемлекеттерінің астаналарымен салыстырғандағы бәсекеге қабілеттігі факторлары;

Астананың Қазақстанның басқа ірі қалаларымен салыстырғандағы бәсекеге қабілеттігі факторлары;

Астаналық қалалар бюджетінің құрылуының халықаралық тәжірибесі;  
Астананың ағымдағы жағдайының және серпінінің талдауы.

#### **1.1. Әлемнің бір қатар астаналарының экономикалық даму моделінің талдауы**

XIX ғасырдың аяғында, 16 мемлекет, соның ішінде Қазақстан да өз астанасын қайта құрылған немесе бұрыннан бері жұмыс істеген қалаларға көшірген (1-кесте).

1-кесте

**Мемлекеттердің жаңа астаналары**

N	Ел, жаңа астана	Астананы тасы-малдау жылы	Бұрынғы астана	N	Ел, жаңа астана	Астананы тасы-малдау жылы	Бұрынғы астана
1	А Қ Ш , Вашингтон	1800	Филадельфия	9	Малави, Лилонгве	1965	Зомба
2	Канада, Оттава	1875	Торонто	10	Белиз, Бельмопан	1970	Белиз - Сити
3	Австралия, Канберра	1927	Сидней	11	Танзания, Додома	1973	Дар Эс Салам
4	Пәкістан, Исламабад	1959	Карачи	12	Кот-д'Ивуар, Ямусукро	1983	Абиджан
5	Бразилия, Бразилиа	1960	Рио де Жанейро	13	Германия, Берлин	1990	Бонн
6	Мавритания, Нуакшот	1960	Сент Луис (Сенегал)	14	Нигерия, Абуджа	1991	Лагос
7	Ботсвана, Габеронес	1961	Мафекинг	15	Қазақстан, Астана	1997	Алматы
8	Ливия, Триполи	1963	Бенгази	16	Малайзия, Путраджайя	2000	Куала Лумпур

"Жаңа" астаналардың даму деңгейін бағалау белгісі, жыл сайын дүние жүзілік экономикалық форуммен өткізілетін елдердің бәсекеге қабілеттілігі туралы дүние жүзілік рейтингіндегі жағдайы бойынша анықталады.

2-кесте

**Елдердің негізгі экономикалық көрсеткіштері**

Жаңа астана	Елдің дүние жүзілік рейтингіндегі экономикалық бәсекеге қабілеттілігі, 2005 жыл	Елдің сатып алу мүмкіншілігі паритеті бойынша ЖІӨ, 2004 жыл, млрд. АҚШ долл.	Елдің тұратын әрбір жанға мүмкіншілігі паритеті бойынша ЖІӨ, 2004 жыл, АҚШ долл.
Вашингтон	АҚШ (2)	11750,0	40100
Оттава	Канада (14)	1023,0	31500
Канберра	Австралия (10)	611,7	30700
Исламабад	Пәкістан (83)	347,3	2200
Бразилиа	Бразилия (65)		8100

		1492,0	
Берлин	Германия (15)	2362,0	28700
Астана	Қазақстан (61)	118,4	7800
Путраджайя	Малайзия(24)	229,3	9700

*Дерекнама: Дүние жүзілік экономикалық форум  
АҚШ-ның Орталық ақпараттық агенттігі*

Елдің "жаңа" астана мен қаржы-іскерлік орталығы арасындағы арақашықтық, сондай-ақ маңызды салыстыру белгісінің бірі болып келеді (3-кесте). Тарихи құрылған қаржы-іскерлік орталығына жақын орналасқан қалалар сол орталықтан алыс қашықтықта тұрған қалалардан басқаша дамиды. Қаржы-іскерлік орталықтан 1000 км арақашықтыққа дейін орналасқан жаңа астаналар сол орталықтың бәсекелесі емес, "жалғасы" және "қосымшасы" болып саналады. Ал жаңа астана қаржы-іскерлік орталықтан 1000 км-ден астам арақашықтықта орналасқан болса, онда жаңа астананың дамуын толығымен өздігімен жұмыс жасайтын қала ретінде қарастыру керек.

3-кесте

**"Жаңа" астаналар және қаржы-іскерлік орталықтары арасындағы ара қашықтық**

Жаңа астана	Астаналар және қаржы-іскерлік орталықтары арасындағы ара қашықтық
Вашингтон	Вашингтон - Нью-Йорк - 300 км
Оттава	Оттава - Торонто - 450 км
Канберра	Канберра - Сидней - 286 км
Исламабад	Исламабад-Карачи - 1100 км
Бразилиа	Бразилиа - Сан-Пауло - 1160 км
Берлин	Берлин - Франкфурт на Майне - 558 км
Астана	Астана - Алматы - 1318 км
Путраджайя	Путраджайя - Куала-Лумпур - 32 км

Сараптауда астаналардың басқа да даму белгілері қарастырылған, олар халық саны, астанада тұратын әрбір жанға деген жалпы аймақтық өнім көлемі, (бұдан әрі - ЖАӨ), жұмыссыздық деңгейі, мемлекеттік басқару органдарында қызмет істеп жүрген халықтың үстемі (4-кесте).

4-кесте

**Астаналардың негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері**

Жаңа астана	Жаңа астананың 2003 жылдың аяғындағы	Астанада тұратын әрбір жанға	Мемлекеттік басқару	Астанадағы жұмыс-
-------------	--------------------------------------	------------------------------	---------------------	-------------------

	халық саны, мың адам.	деген ЖАӨ, 2003 жыл, АҚШ долл.	орган- дарында қызмет істеп жүрген халықтың үстемі, 2003 жыл, %-да	сыздық деңгейі, 2003 жыл, %-да
Вашингтон	553,5	32750,0	34,2	6,6
Оттава	774,1	32373,0	19,6	6,9
Канберра	323,4	46458,6	24	4,1
Исламабад	901,1	1884,0	32,3	15,7
Бразилиа	2145,8	3989,6	48	4,0
Берлин	3472,0	21789,0	22,3	6,0
Астана	529,4	3369,4	22	8,4
Путраджайя	40,0	8092,0	-	-

Сараптау көрсеткендей, Астана бір қатар параметрлері бойынша, Бразилияның астанасы Бразилиамен тарихи құрылу алғышарты, қазіргі сәулеттік бейнесі, сондай-ақ экономикалық даму екіні мен бағыты бойынша салыстырмалы.

Бразилияның Астанадан негізгі айрықша ерекшеліктері:

бұрынғы астаналары мемлекеттің қаржы-экономикалық орталықтары, дамыған қ а л а л а р ы б о л ы п к е л г е н ;

жаңа астаналар бұрынғы астаналардан анағұрлым алыс арақашықтықта орналасқан (Бразилиа - Сан-Паулу - 1160 км, Астана - Алматы - 1318 км);

астананың бас құрылыс жоспарларын жетілдіруде дүние жүзіне танымал сәулетшілердің қатысуы (Лусиа Коста, Кисе Курокава);

астаналардың халық санының өсуі ең алдымен мемлекеттік қызметкерлердің және еңбекші мигранттардың басқа елді аумақтарынан көшу есебінен болған;

2005 жылы мемлекеттердің дүние жүзілік бәсекеге қабілеттілігіндегі ұқсас жағдайы (Бразилиа - 65, Қазақстан - 61);

астананың жалпы аймақтық өнімнің тұратын әрбір жанға біршама тең көлемі (Бразилиа - 3 989,6 АҚШ доллары, Астана - 3 369,4 АҚШ доллары);

- халықтың мемлекеттік басқару саласында толық жұмыс бастылығы.

Бразилияның жаңа астанасын салуының негізгі себептері:

- бұрынғы астана Рио-де-Жанейронның мұхит жағалауында орналасқаны (табиғи к а т а к л и з м н ы ң қ а у п і ) ;

- ел орталығының экономикалық дамуын ыңталандыру қажеті;

- ел азаматтарының ұлттық бірлестік сезімін тудырудың мүмкіншілігі.

1960 жылдың 21 сәуірінде Бразилиа Бразилияның ресми астанасы болып жарияланды. Жаңа астана орналасқан участкі Бразилияның ерекше аумақтық бірлігі - Федералды астаналық округі болып аталды.

1960 - 2004 жылдар арасында Бразилиа астанасының халық саны 140,2 мың адамнан 2 233,6 мың адамға дейін көтерілді (сәйкесінше, елдің жалпы халық санында астананың халық үлесі 0,2 %-дан 1,2 % дейін өсті). Алғашында жаңа астананың негізгі бөлігін бұрынғы астанадан көшіп келген мемлекеттік қызметкерлер және олардың жан ұялары құраған. Бразилиа астанасының одан арғы даму барысында қала маңында қоныстар құрылған, елдің басқа аумақтарынан еңбекші мигранттар көшіп келген. Қазіргі уақытта Федералды астаналық округта жыл сайынғы халық санының өсуі орташа есеппен 5,0 мың адамдай құрайды.

Федералды округ Бразилиа іс жүзінде толығымен мемлекеттік басқару жұмыстарға бағдарланған орталық астаналық округке (министрліктер, ведомстволар, шет ел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктері, халықаралық қаржылық ұйымдардың кеңселері) және астаналық қалаларға қызмет көрсетіп, жергілікті өнеркәсіп мәнін дамытатын, Бразилиядан 50-300 км арақашықтан орналасқан спутник-қалаларға бөлінген. Бразилиа негізінен, мемлекеттік секторға бағытталған қала, тұрақты даму стратегиясына ие бола алады деген дәлелдің расталуының үлгісі болып келеді.

Бразилияның негізгі даму көрсеткіштері:

Бразилиа экономикасында келесі қызмет көрсету түрлері басымды дамыған: мемлекеттік, байланыстық, қаржылық, заңды және ойын-сауық мекемелері қызметтері. 2002 жылы астананың ЖАӨ құрылымында ауыл шаруашылық үлесі жалпы көлемнен - 0,7 %, өндіріс - 6,3 %, қызмет көрсету - 93 % құрады;

Астана бюджетінің басты түсімі орталық үкіметтен берілетін қаржыдан құрылуы (Бразилиа Конституциясының 21-бабына сәйкес);

1960 жылдары қаланың халық санының нольді белгіден 2 282 мың адамға дейін 2 0 0 4 жылы көтерілуі;

жұмыссыздықтың төмен көрсеткіші (2003 жылдың қорытындысы бойынша - 4 % арасында);

көлік коммуникацияларының жайлы шешімі, қиылысу автострадалардың жоқ болуы, көлік қозғалысын жүру жолдармен эстакада жүйелері арқылы реттеу;

астананың еңбекші мигранттармен толып кетуінен аман болу үшін, өндірістік кәсіпорындардың спутник-қалаларында орналасқаны;

тұрақты қалалық жобалау моделінің сәтті жетілдірілуі: 1987 жылы ескерткіштер және мұралар бойынша Халық аралық кеңес (ЮНЕСКО) қаланы қорғауға жататын, "Дүние жүзілік мирастар объектілері тізімі" - не қосты. 1987 жылы ЮНЕСКО бір адамға деген жасыл кеңістіктің аумағы кемшіліксіз деп тапты (тұратын әрбір жанға 25 ш.м. ).

5-кесте

**Бразилиа қаласының 1994-2004 жылдардағы жалпы өңірлік өнімі**

	ЖӨӨ, млн. АҚШ долл.	Халық саны, адам	Тұратын әрбір жанға ЖӨӨ, АҚШ долл.	Елдің ЖІӨ-нің жалпы көлеміндегі астананың ЖӨӨ үлесі, %
1994	8473	1737156	4877,5	1,94
1995	15566	1784047	8724,7	2,05
1996	17228	1830606	9411,5	2,12
1997	17930	1877015	9552,7	2,27
1998	20786	1923619	10805,5	2,75
1999	12288	2010527	6111,8	2,26
2000	13964	2051146	6808,2	2,48
2001	10207	2101818	4856,0	2,00
2002	6901	2145839	3216,0	2,00
2003	8737	2189789	3989,6	2,00
2004	8455	2233613	3785,3	2,00

*Дерекнама: Бразилияның Ұлттық санақ және география агенттігі*

Астаналық округте тұратын әрбір жанға деген ЖӨӨ елдегі орташа көрсеткіштен кем дегенде 2 рет асты. Елдің жалпы өніміндегі Астананың ЖӨӨ үлесі бірнеше жылдар бойы бір деңгейде тұрып, оның 2 % құрады.

6-кесте

**Бразилиада өндірілген өнімнің жалпы қосылған құнының құрылымы**  
%

Экономикалық қызметтің түрлері	1990	1995	2000
Ауыл, орман және балық шаруашылығы, мал шаруашылығы	0,27	0,53	0,47
Өндіру өнеркәсібі	0,49	0,01	0,02
Өңдеу өнеркәсібі	1,37	2,15	2,90
Электр, газ және сумен жабдықтау	0,30	0,77	0,74
Құрылыс	1,68	4,44	3,98
Сауда, автокөліктерді, тұрмыс бұйымдарды және жеке пайдалану заттарды жөндеу	3,64	3,43	2,20
Қонақжайлар және мейрамханалар	0,85	1,54	0,92
Көлік және жүктерді сақтау	0,70	1,55	1,84

Байланыс	0,73	3,82	3,89
Қаржылық қызмет	68,60	34,08	28,81
Жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалдау және тұтынушыларға қызмет көрсету	3,31	8,62	10,50
Мемлекеттік басқару, қорғаныс және әлеуметтік қамтамасыз ету	17,34	35,93	40,49
Білім беру, денсаулық қорғау және әлеуметтік қызмет көрсету	0,98	2,51	2,45
Басқа әлеуметтік және дербес қызметтерді көрсету	0,07	0,20	0,24
Коммуналдық қызметтер көрсету	0,15	0,40	0,42
Жиыны	100,00	100,00	100,00

*Дерекнама: Бразилияның Ұлттық санақ және география агенттігі*

Бастапқы жылдары "жаңа" астананың жергілікті үкіметі өз алдына қойған басты міндеттерінің бірі, өндіріс саласында ұстамды қызмет істеп жатқан және одан арғы өсу потенциалы бар кәсіпкерлермен байланысты құру және жақсарту болған. Мемлекеттік қолдауда негізгі артықшылық (несиелер беру, мемлекеттің қарызға кепілдік беруі) тұтыну тауарлардың экологиялық таза өндірісін жақсартатын кәсіпорындарға берілген. Осымен байланысты, астанада негізінен жеңіл, фармацевтикалық өнеркәсіп, компьютерлерді жинақтау, электрондық жинақтайтын бұйымдарды өндіру, жиһаздарды және басқа ағаш өнімдерін өндіру, зергерлік қызмет, асыл тастарды өңдеу қызметтері дамыған. Өнеркәсіптің астанадағы ЖӨӨ құрылымындағы үлесі біртіндеп өсіп келеді (1985 жылғы 3,5 %-дан 2002 жылы 6% дейін).

Қазіргі кезде астанада орталық және жергілікті билік органдарының басты күштері алдымен кіші бизнесті даму есебінен, қаладағы іскерлік белсенділікті асыруға бағытталған.

Жеке салада кіші қолөнер, мейрамханалар, такси, дүкендер, кинотеатрлар кеңінен дамыған. Бұған жергілікті органдар билігінің кредиттерді жеңілденген шарттар бойынша беруі, кәсіпкерлер қызметкерлерді кәсіпкерлік әдетке үйрету және жеке біліктілігін жетілдіру бағдарламалары жағдай жасайды.

Аграрлық салада жоғары технологияларды енгізу Бразилияның басты экономикалық дамуының бағыты болып келеді. Жергілікті басқару органдары тауарлар мен қызметтерді үлкен қосымша құнмен өндіретін кәсіпкерлермен белсенді жұмыс жасайды. Жергілікті биліктің ұйымдастық қолдауы шартында астанада халықаралық көрмелер, конференциялар өткізіледі, халықаралық байланыстарды жақсарту, елдер арасында тәжірибелерді бөлісу мақсатында кәсіпкерлер делегацияларының шет елдерге баруы жетілдіріледі.

Бразилиада ғылыми маңызды өнімдерді қаржыландыру және енгізу келесі тізбе



арқылы жүзеге асырылады: "үкімет - университет - кәсіпорын". Ғылыми зерттеу жұмыстардың басты кезеңін жетілдіру үшін, мемлекеттік гранттар қарастырылған.

Бразилиа елдің саяси орталығы ретіндегі негізгі арналымына қарамастан, онда мәдени әдеті де мықты дамыған. Қалада көптеген саябақтар мен көңіл көтеретін орындар да бар, сондай-ақ бірнеше сахнадан тұратын Ұлттық театр, Бразилиа мұражайы, ел тарихы Институты жұмыс істейді. Қаланың негізгі бөлігіне орманды жерлер мен спорт құрылыстар кешендері іргелеседі. Жасанды көл жағалауында шет ел мемлекеттердің елшілік ғимараттары, су және кей бір басқа спорт түрлерінің құрылыстары, ел Президентінің резиденциясы салынған. Бразилиада ішкі және сыртқы туризм анағұрлым күшті дамыған.

Мемлекеттік басқару саласында жұмыс істеп жатқан адамдар үлесі, жұмыссыздық деңгейі, ауа райы жағдайы және басқа белгілер бойынша Астана сонымен қоса Оттавамен салыстырмалы. Оттава дүние жүзіндегі ең сәтті дамыған астаналардың бірі. Ол Канаданың әкімшілік және экономикалық орталығы болып келеді. Қала саяхатшыларды тарту үшін, табиғи ауа райылық жағдайларды тиімді пайдаланады.

2003 жылдың қорытындылары бойынша, Оттава Канада қалалары ішінде ЖӨӨ көлемі жағынан алда тұр. Оның ЖӨӨ көлемі 31531,0 млн. АҚШ долларына дейін жетті. Оттаваның тұратын әрбір жанға деген ЖӨӨ 32,4 мың АҚШ доллары.

Бағдарламалық қамтамасыз ету және телебайланыстар, микроэлектроника, кәсіби қызметтер (инженерлік және жобалы), биотехнологиялар, туризм салаларында кластерлердің бар болуы және оның жылдық өсуі Оттава экономикасының даму факторының негізі болып келеді. Оттаваның кластерлері экономикалық дамудың катализаторлары болып келеді, олар қаланың табыс көлемінің экспорттық сатулар есебінде өсуін кепіл етеді.

Оттавада кластерлердің құрылу және дамуының басты алғышарттары: мемлекеттің білімге деген үлкен инвестициялары; муниципалдық технологиялар мен бизнес саябақтарын ашу (осы шартта, кәсіпорындардың инженерлік қамтамасыз етуден, ғимараттар мен құрылыстарды жобалау, ашық қойма қоршауларды қою, саябақтар аумағындағы жұмыс істеу шарттары мен міндеттері толығымен анықталған);

мемлекеттік және жеке инвестицияларды ынталандыру арқылы ғылыми зертханаларды ашу;

жергілікті үкіметтермен салық ақысын реттеу арқылы құрылған жайлы салық тәртібі (Канаданың салық заңдарына сай, шет аймақтардың салық ақыны анықтауда ықпалды өкілеттігі бар).

Оттаваның ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге қабілеттілігінің негізін астаналық мемлекеттік және дара денсаулық сақтау, білім беру институттардың ғылыми зерттеулері мен технологиялық зерттемелері құрайды, осы мекемелерге орталық үкіметтен үлкен қаражаттық көмек көрсетіледі.

Оттава елдің ірі ғылыми орталығы және АҚШ-ң телебайланыстық технологиялар, микроэлектроника салаларында ғылыми-зерттеулер орталығының бәсекелесі болып т а б ы л а д ы .

Астана тұрғындарының көпшілігі орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарында (барлық қызмет ететін адамдар санынан 19,7 %) және сауда саласында ( 14,1 %) қызмет атқарады. Қала маңының 300 мың акрдей жері фермерлік шаруашылықта болғандықтан, өңдеуші өнеркәсіп саласында қызмет ететін азаматтардың көпшілігі негізінен агроөнеркәсіптік өнімдер мен технологияларды жетілдірумен айналысады.

#### 7-кесте

#### Оттава қаласы халқының жұмыспен қамту құрылымы, 2003 жыл

Оттава	мың адам	%
Жұмыспен қамту, барлығы	463,0	100
<i>сонымен қатар экономикалық қызмет түрлерінде</i>		
коммуналдық қызметтер	1,7	0,4
өңдеуші өнеркәсіп	22,5	4,9
құрылыс	22,3	4,8
сауда	65,3	14,1
тасымалдау және сақтау	18,6	4,0
қаржылық, сақтандыру қызметі, жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалдау	23,4	5,1
кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет көрсету	52,2	11,3
басқару, әкімшілік және басқа қамтамасыз етулер	20,7	4,5
білім беру қызметтері	30,6	6,6
денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	41,1	8,9
ақпарат, мәдениет және ойын-сауық	25,2	5,4
қонақжайлар және қоғамдық тамақтану қызметі	24,4	5,3
басқа қызмет көрсетулер	23,8	5,1
мемлекеттік басқару (орталық және жергілікті үкімет органдары)	91,2	19,7

*Дерекнама: Оттава қаласының санақ Департаменті*

Қазіргі уақытта қалалық басқармасының жергілікті органдарының негізгі міндеттері :

барлық кәсіпкерлік қызмет түрлеріне қолдау көрсету, бизнесмендер арасында байланысты жақсартуда жәрдемдесу;  
білімнің жоғары деңгей сапасын қолдау;

зерттеу институттарға және оқу орындарға зерттеу жұмыстарды және технологияларды коммерциялауда жәрдемдесу;  
өз өнімдері мен қызметтерін халықаралық нарыққа шығаруға ынталанатын кәсіпорындарға қолдау көрсету;  
жаңа кластерлердің дамуына жәрдемдесу;

Оттаваны өмір сүру, жұмыс істеу, инвестициялау және туризм үшін сәтті қала ретінде ішкі және сыртқы нарықтарда позиционерлеу.

2001 жылы Оттаваның зерттеу және инновациялар Орталығының талабымен кәсіпкерлік қызметті қолдау орталығы құрылған. Бұл орталық, сондай-ақ, Оттава қаласының бюджетінен де қаржыланады. Орталықтың негізгі міндеті кәсіпкерлерге кеңес беру, инвесторлармен байланысты жақсарту, серіктестіктерді іздеуде көмек көрсету болып келеді. 2005 жылы қала Оттава университеті негізінде жүк машинаны өндіру саласындағы жаңа инновация орталығын ашуда қаржы бөлісті. Осы орталықтың басты мақсаты атмосфераға зиянды заттардың ең аз мөлшерін шығуын қамтамасыз ететін, дизель моторларын өндіретін жаңа технологияларды жетілдіру болды. 2004 жылдың қорытындысы бойынша, мемлекеттің Оттава университетінің негізінде құрылған технологиялар трансферті мен кәсіпкерлік Орталығына берілген зерттеу жұмыстарына деген тапсырыс үлесі 15% кем құрады.

Оттаваның маңызды табыс көзінің бірі туризм саласы болып келеді. Осымен байланысты жергілікті басқару органдары жайлы мәдениетті ортаны және әдемі қоршаған ортаны құруға, сондай-ақ астананың имиджін құруға көп инвестициялар жасайды. Қыс мезгілінде Оттава қаласының ең көрнекті мирасқорының бірі Ридо арығы болып келеді. Аяздың басталуымен бұл арық дүние жүзіндегі ең ұзын ақысыз сырғанаққа айналады. Оның ұзындығы 7,8 км дейін жетеді. Жаз мезгілінің басында Оттавада әлемге әйгілі Қызғалдақ Фестивалі өтеді. Бұл мерекелер кең жарияланып, Канаданың басқа аумақтары мен шет елдер саяхатшыларын тартады.

Бірнеше мемлекет астаналарының дамуына талдауы келесіні көрсетеді:  
негізімен мемлекеттік қызметті атқаруға бағдарланған қала ұзақ мерзімді болашақта ұ с т а м д ы                            д а м и                            а л а д ы ;

астана елдің әкімшілік және саяси орталығы басқармасы ретінде ғана емес, солай-ақ ел тұрғындары мен шет ел саясатшыларын тартатын, мәдени мирасқорларды сақтап, д а м ы т у                            т и і с ;

астананың өндірістік инфрақұрылымының басты бөлігі қалаға іргелесіп тұрған аудандарда орналасу және астана тұрғындарының сұранысын қамтамасыз етуге б а ғ д а р л а н у                            к е р е к ;

жергілікті биліктің күші шикізат емес өнеркәсіпті, кіші және орта бизнесті, жоғары технологияны, ғылыми маңызды өнімді өндіру және кластерлі әдісті қолдануды қадағалауда мақсаттану керек.

## **1.2. Астананың бірқатар Орталық Азия мемлекеттерінің астаналарымен салыстырмалы бәсекеге қабілеттігі факторлары**

Қазақстан астанасының бәсекелес басымшылығын зерттеу мақсатында көршілес мемлекеттер - Қырғызстан, Өзбекстан астаналарының дамуы қарастырылды.

2003 жылы ЖӨӨ-ң 107 % орташа жылдық өсу қарқынында Бішкек қаласының ЖӨӨ-мі 2,2 млрд. сом, немесе 77,86 млрд. теңге құрады (елдің ЖІӨ-мі 27,5%).

Қала аумағында мыңға жуық өнеркәсіптік кәсіпорындар жұмыс істейді. Бішкектің анағұрлым тез дамып келе жатқан өнеркәсіп салалары: азық-түлік тоқыма өнеркәсібі, машина жасау және құрылыс заттарды өндіру.

Қырғызстанның негізгі интеллектуалды мүмкіндігі Бішкекте топталған. Республиканың ЖОО-ң 70 % осында орналасқан (29 ЖОО-ры) және 2003 жылы елдің барлық студенттерінің 53 % осында білім алған.

Жұмыс күштің, жылжымайтын мүліктің және жалдау құнының арзан болу себінен Бішкек шет ел инвесторларына тиімді жер. Қырғызстан мемлекетінің астанасында көптеген халықаралық симпозиумдар, конференциялар мен семинарлар өткізіледі.

Бірақ осымен қоса қалада көп мәселелер де бар.

Аса маңыздысы - үнемі кедейлікпен азаматтардың көпшілігінің төмен өмір сүру деңгейі. 2003 жылдың қорытындысына сай, Бішкекте орташа айлық еңбек ақы - 2 626 сом, немесе 8 666 теңге құрады, кедейшілік деңгейі - 23 %, бұл ретте халықтың 2,6 % тым кедейшілік жағдайында тұр.

Ташкент қаласы бәсекеге қабілеттілігі бар, жоғары дайындық деңгейлі өнімді өндіруге айрықша өнеркәсіптік басшылыққа ие. Республиканың ЖІӨ-де астананың жалпы өнім үлесі 15 % шамасында (2003 жылдың қорытындысына сай) тұр. Ташкент қаласының жетекші өнеркәсіп саласы - машина жасау және металл өңдеу. Ташкентте, сонымен қатар жеңіл (мақта-мата, тоқыма, аяқ киім және т.б.) химиялық, мұнай химиялық және химия-фармацевтикалық, азық-түлік өнеркәсібі кеңінен дамыған.

Ташкент қаласы артықшылығының бірі - тез өсетін еңбек ресурстары мен жұмыс күшінің салыстырмалы төмен құны.

Ташкентте, Бішкекте сияқты халықтың өмір сүру деңгейі төмен. Астанамен салыстырғанда Ташкентте халықтың табыс көлемі, өмір сүру минимум деңгейі төмен, бірақ Астанада жұмыссыздық деңгейі үлкен.

Ташкент халықаралық симпозиумдар, жиналыстармен семинарларды өткізу орны болып саналады. Қаланың жылы ауа райы, тарихи мұражайлары мен мәдени мирасқорлары саяхатшыларды Ташкентке келуін тартады.

Бәсекеге қабілеттігі факторлары бойынша, Астана қаласы Бішкек пен Ташкент қалаларынан анағұрлым асады (8-кесте). Бішкек пен Ташкентке қарағанда Астанада халықтың өмір сүру деңгейі бірталай жоғары, тұратын әрбір жанға деген ақша табысы 30 есе кем. Елдік деңгейде Қазақстан туу кезінде өмірдің күтілетін ұзақтылығының көрсеткіштері, білім деңгейі және 1 жанға шаққандағы ЖӨӨ-нің көрсеткіштері

негізінде есептелінетін адамдық даму индексі бойынша Өзбекстан мен Қырғызстан елдеріне қарағанда алда келеді.

Астана қаласы қарастырылып отырған астаналардың экономикасына шетел инвестицияларын тарту көлемі бойынша бірінші орында тұр. Қазақстан Республикасының астанасының тұрғындарының кәсіпкерлік әрекеті өте жоғары деңгейде. Бұл факторлар қаланың бюджет кірісінің деңгейіне әсер етеді. 2003 жылы 1 жанға шаққандағы Астана бюджетінің кірістері 388 АҚШ доллары, Бішкек бюджетінің кірістері 36,3 АҚШ доллары, Ташкент бюджетінің кірістері 70 АҚШ доллары болды.

Сондай-ақ, Астананың негізгі артықшылығы - қылмыстықтың төмен деңгейі, маманды кадрлердің бар болуы, мемлекеттің саяси тұрақтылығы.

Сонымен қатар, Қазақстан астанасының басқа Орталық Азия мемлекеттеріне қатысты бәсекеге қабілеттілігін нығайту үшін, жалпы салыстырмалы талдау өткізіліп үй-жай қызметтердің, пәтерлерді, кеңселерді, жиналыстарды өткізу залдарын жалға алу, негізгі тұтыну тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің және басқа ұсыныстардың бағасын анықтау үшін, арнайы зерттеу жұмыстары өткізіледі.

#### 8-кесте

### Бірқатар Орталық Азия мемлекеттері астаналарының жеке бәсекеге қабілеттілігі факторы бойынша салыстырмалы кесте, 2003 жыл

Бәсекеге қабілеттілігі факторы	Ташкент	Бішкек	Астана
Халықтың экономикалық белсенділігінің деңгейі, %	59,4	65	64,8
ЖӨӨ, млн. АҚШ долл.	1279,5	536,6	1923,5
Республиканың ЖІӨ-гі ЖӨӨ үлесі, %	14,03	27,5	6,4
Тұратын әрбір жанға деген ЖӨӨ, АҚШ долл.	360	660	3369
Жұмыссыздық деңгейі, %	4,4	1,4	8,4
Орташа еңбекақы, АҚШ долл.	50	70	246,2
Өнеркәсіптік өнімнің көлемі, млн. АҚШ долл.	870,3	206,4	252,8
Келесі жылға деген өндірістік өнімнің физикалық көлем индексі, %-да	112,5	109,0	110,8
Мемлекеттің өндірістік өнімнің жалпы көлеміндегі үлесі, %-да	25	20	8,3
Тартылған шетел инвестициялардың көлемі, млн. АҚШ долл.	208,3	517,3	1028,8
1 шаршы метр үй-жайдың орташа шынайы құны, АҚШ долл.	140	223	384,3

*Дерекнама* : ҚР-ның Статистика агенттігі  
 Қырғыз Республикасының Мемстаткомитеті  
 Ташкент қаласының Статистика басқармасы  
 Есепте мемлекеттердің Ұлттық банктерінің ресми курстары пайдаланылған.

### **1.3. Астананың Қазақстанның басқа ірі қалаларымен салыстырмалы бәсекеге қабілеттілігі факторы**

Талдау қалалардың келесі бәсекеге қабілеттілігі факторларына негізделген:

х а л ы қ т ы ң ш о ғ ы р л а н у ы ;

еңбек нарығы, жергілікті үкіметтің халықтың қызмет ету саласындағы саясаты;

білім сапасы, білім және ғылыми мүмкіншілігінің бар болуы жоғары мамандандырылған кадрлердің бар болуы;

халықтың өмір сүру және қауіпсіздік деңгейі;

экономиканың инвестициялық тартымдылығы;

халықаралық саяси орталық ретінде толық функциясы.

Астананың басты бәсекелестері ретінде Қазақстанның ірі қалалары - Алматы мен Қарағанды қарастырылған (9-кесте).

Талдау көрсеткендей, Алматының үлкен бәсекелестік артықшылықтары бар. Қала елдің қаржы орталығы, Қазақстанның басқа аудандары арасында инвестициялық тартымдықтың жетекшісі болып келеді. Алматының жоғарғы көрсеткіштері негізінен қалада ірі компаниялардың, халықаралық ұйымдардың орталық кеңселерінің орналасуымен байланысты. Сонымен қатар, Астанада дипломатиялық қалашықтың салыну себебінде, шет елдердің елшіліктері мен халықаралық ұйымдары астанаға к ө ш у д е .

Қазақстанның бұрынғы астанасы Алматыда елдің ең танымал және талапкерлермен үлкен сұраныста болатын жоғарғы оқу орындары орналасқан. Республика бойынша, осы қала кәсіпкерліктің даму деңгейінде жетекшілік алады. Алматыда 1000 халық санына кіші және орта бизнестің ең көп көлемі анықталған. Бұл шарт, қатаң бәсекелестік пен сәйкес сервистік қызмет көрсетудің, және басқа тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің анағұрлым жоғары деңгейіне әкелді.

Сонымен қатар, Алматы атмосфералық ауаның жоғары ластануы мен географиялық орналасқан жерімен (жер сілкінісі, сел қаупі), тиімсіз экологиялық жағдайымен және қаланың имиджіне жағымсыз әсер ететін қылмыстықтың жоғары деңгейімен с и п а т т а л а д ы .

Қарағанды негізінен өнеркәсіптік қала болып саналады, қала шетінде бай көмір-металлургиялық базалардың бар болуы үлкен инвестицияларды, тартады. Қала, сондай-ақ, жастарға республиканың танымал жоғары оқу орындарында білім алу үшін тартымды. Бірақ қазіргі уақытта ЖОО-н түлектері Астанада қызмет етеді. Бұл ретте, қалада қызмет көрсету және сауда салаларының біршама дамығанын айта кету керек.

Олардың бірі, қаланың Астанаға жақын орналасуы және астана тұрғындарына қызмет көрсету және сауда талаптарына жауап беру мүмкіншілігі.

Астана мен Алматыға қарағанда Қарағандыда тұратын әрбір жанға деген ең аз табыс көрсеткіші байқалады. Сонымен қатар, жұмысқа орналасу мүмкіншілігінің шектелуі сияқты жағымсыз факторлары, елдегі қылмыстықтың ең жоғары көрсеткіші және жағымсыз экологиялық жағдайы бақыланады.

Талдау көрсеткендей, Астананың елде жетекшілік орны алатын факторларының бастысы едәуір маманды еңбек ресурстарының бар болуы (қызмет ететін адамдардың жалпы санында жоғары және орта кәсіби білімі бар азаматтардың үлесі 55 астам пайызын құрайды) болып келеді. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың, мемлекеттік және дара кәсіпорындардың, денсаулық сақтау және білім беру мекемелердің, құрылыс ұйымдардың мамандарға және күтуші қызметкерлер деген с ұ р а н ы с ы ж о ғ а р ы .

Бұл ретте, Астанада 2004 жылы өнеркәсіптік кәсіпорындардан келесі өнеркәсіп түрлеріндегі техникалық мамандар үлкен сұраныста болған:

азық-түлік өнімдердің өндірісі;  
машиналар мен жабдықтардың өндірісі;  
дайын металл бұйымдардың өндірісі;  
тоқыма және тігін өнеркәсібі.

Астана қаласының еңбек нарығында өнеркәсіптік кәсіпкерлермен ең көп талаптанған мамандықтар: қосалқы жұмысшылар, электрслесарьлар, электргаздәнекершілер, машина реттеушілер, аспазшылар және т.б. <sup>1</sup>. Қалада соңғы екі жыл бойы Қазақстан бойынша ең төмен жұмыссыздық деңгейі байқалады.

Астанада Қазақстанның басқа қалаларымен салыстырғанда халықтың табыс табу деңгейі анағұрлым жоғары. Сонымен, астанада бір қызметкердің орташа айлық еңбек ақысы Қарағандыдан 70 % және Алматыдан 6 % артық.

---

<sup>1</sup> Астана қаласы әкімшілігінің деректері мен Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің есебі "2003-2015 жылдарға қабылданған индустриалдық-инновациялық даму стратегиясын 2004 жылы жетілдіру шараларды"

Жұмысқа орналасу және үлкен табыс табу мүмкіншілігі Астанаға елдің басқа аумақтары және басқа мемлекеттер азаматтарының көшіп келуінің басты факторы б о л ы п к е л е д і .

Сонымен қатар, Астана елдің ең қауіпсіз ауданы болып саналады, 2004 жылы астанада Қазақстанның басқа аумақтарымен салыстырғанда ең төмен қылмыстар саны б а қ ы л а н ғ а н .

Астанаға жас мамандардың келуін тоқтататын мәселесінің бірі үй-жайлардың жоғары бағасымен, олардың шектелген сатып алу жағдайы болып келеді.

Сонымен, Астана жоғарыда аталған бәсекеге қабілеттілігі факторлары бойынша басшылықты сақтап жетілдіру, басқа бағыттарда бәсекеге қабілеттілігі жағдайын жақсарту керек.

9-кесте

**Қазақстанның ірі қалалары арасындағы бәсекеге қабілеттілік факторлары бойынша салыстырмалы кесте**

Бәсекеге факторлары, 2004 ж.	қабілеттілік	Алматы	Қарағанды	Астана
Халықтың белсенділігі	экономикалық деңгейі, %	62,7	62,5	69,1
Сәйкес орта көрсеткішке деген қатынасы, %	республикалық	89,7	89,4	98,8
Жұмыссыздық деңгейі, %		8,8	11,8	8,3
Сәйкес орта көрсеткішке деген қатынасы, %	республикалық	100,4	103,4	99,9
Тұратын әрбір жанға деген ақша табысы, теңге		24235	14051	26196
Сәйкес орта көрсеткішке деген қатынасы, %	республикалық	189,0	109,7	204,3
Орташа айлық еңбекақы, теңге		39614	24312	41921
Сәйкес орта көрсеткішке деген қатынасы, %	республикалық	139,9	85,8	148,0
Сапалы жоғары білім (ЖОО-дың бар болуы, ЖОО-ң рейтингі)	ҚР БҒМ	Аль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (1 орын), ҚазМАУ, КИМЭП, ҚБТУ	Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (3 орын), ҚМТУ	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (2 орын), ММУ - ң филиалы
Атмосфералық ауаның ластану индексі <sup>2</sup>		15,0	12,5	3,1
Атмосфералық ауаның ластануына әсер ететін негізгі факторлар		Автотранспорт, энергетика	Энергетика, көмір өндіру өнеркәсібі, автотранспорт	Автотранспорт, энергетика
Бірінші және қайталама нарықта 1 шаршы метр үй-жайдың шынайы орташа құны, мың теңге		56,5	31,5	57,5
Қоғамдық тамақтану орындардың әрбір жанға қызмет көрсету көлемі, теңге		5519	1438,2	4490
Қауіпсіздік (1000 тұрғындарға деген тіркелген қылмыстар саны)		15,5	26,9	8,3



Тұратын әрбір жанға деген бастапқы қорға инвестициялар, мың теңге	690,0	517,3	425,0
Халықаралық саяси орталығы ретінде жұмыстың толығы	Халықаралық ұйымдардың өкілдіктері мен елшіліктерінің көпшіліктері бас кеңселерін Алматыда ашқан.	-	Елшіліктердің, дипломатиялық өкілдіктердің, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың кеңселерінің біршама бөлігі дипломатиялық қаланың салыну үстеміне сай астанаға көшіп жатыр.

Дерекнама: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі  
 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігі

<sup>2</sup> Атмосфералық ауаның ластану индексі (АЛИ) қалада өлшенген қосалқы заттардың концентрациясын ескеруге және ластану деңгейін бір санмен қорытындылауға жағдай жасайды. АЛИ - бұл диоксид күкірттің шектеулі үлесіндегі, ауаның жалпы ластануы. Егер АЛИ 5-тен төмен болса ластану деңгейін төмен, 5 пен 6 арасында көтеріңкі, 7-ден 13 дейін жоғары және 14-не тең не одан астам болса өте жоғары болып саналады.

#### **1.4. Астаналық қалалардың бюджетін қалыптастырудың халықаралық тәжірибесі**

Мемлекеттің астанасы болып келетін қала бюджетін қалыптастырудың халықаралық тәжірибесінің сараптауы, көптеген елдерде өз жұмысын атқару үшін, астаналарға ерекше салық шарттары беріліп, орталық биліктерден тұрақты қаржылық көмек алынуы дәлелденді. Әдетте орталық билікпен мемлекет астанасына берілетін көмек, ең алдымен, қауіпсіздікті, транспортты және мәдениет жұмыстарды қолдауға бағытталады.

1. Ресей Федерациясында "Ресей Федерациясы астанасының мәртебесі туралы" заңына сай Мәскеу қаланың астана функцияларын атқарумен байланысты шығындары Ресей Федерацияның федералды бюджетінен субвенциялар есебінен, сондай-ақ мемлекеттік үкімет органдарымен шетел мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктеріне

көрсетілген қызметтері үшін төлемдерімен толығымен өтімделеді. Мәскеу астаналық қаланың жұмыстарын атқару үшін, федералды бюджеттен берілетін субвенциялар Ресей Федерациясы бюджетінде жеке белгіленеді. Осы мақсаттарға Мәскеу қаласының бюджетіне 2003-2004 жылдары 10 млрд. сом (жергілікті бюджеттің 3% шамасындай) бөлінді. Сонымен қатар, Мәскеу бюджетіне қала аумағында жиналған ұйымдардың табыс салығы есепке қосылады.

2. Киев бюджетінің құрылуының ерекшеліктері "Украинаның астанасы - батыр қала Киевтің мәртебесі туралы" Украинаның заңымен анықталады. Осы заңмен астана бюджетінің пайдасы табыс салықтың 100 пайызын, жер ақысын, сонымен қатар астаналық жұмыстарды жүзеге асыру үшін, Украинаның мемлекеттік бюджетінен түсетін субвенция мен субсидияларды бөлектеу есебінен құрылады.

3. Польша астанасының бюджеті, сондай-ақ әкімшілік міндеттерді, астаналық жұмыстарды және басқа талаптарды жүзеге асыру үшін, мемлекеттік бюджеттен түсетін субсидиялар есебінен құралады. 2004 жылы астана жұмысын атқару үшін мемлекет бюджетінен Варшава қаласының бюджетіне 210 млн. поль злотасы (қала бюджетінің жалпы түсім құнынан 3,5 % шамасындай).

4. 2001 жылы Болгарияда бюджеттік реформа өткізілген, онымен сәйкес София қаласына орталық бюджеттің трансферты бірқатар салық түсімдерімен ауыстырылған. Муниципалды деңгейге жеке табыс салығының түсімдері, сонымен қатар, қала аумағында тұрып қызмет ететін, жеке және заңды тұлғалардан алынатын ұжымдық табыс салығы есепке қосылады.

5. АҚШ-ғы Колумбия округі жылсайын федералды үкіметтен қоғамдық қауіпсіздікке және федералды үкіметтің жұмысына бағытталған шығындарды өтеуге арналған қаржы алады. Солай, 2003 жылы Конгресс Колумбия округіне байланыс жүйелерді, жол қозғалысын, білім саласын және басқа жұмыстарды жақсарту мақсатына 200 млн. АҚШ долл. бөлу туралы шешім қабылдаған.

6. Берлин қаласы орталық үкіметтен астаналық жұмыстарды жүзеге асыру мақсаты үшін, жақсы қаражаттық көмек алады. Мысалы, 2003 жылы Берлин бюджеті табысының 30 % астамы орталық үкіметпен берілген болатын. Осы қаражат негізінен мәдениетті, қауіпсіздік жүйені, қаланың инфрақұрылымын дамытуға бағытталған.

7. Бразилия астанасы бюджетінің 70 % астамы орталық үкіметтен түскен түсім. Бұл ретте, астана мәртебесі арқасында Бразилиа қаласының аумағында жұмыс ететін кәсіпкерлік қызметкерлер мүлік салығынан босатылған.

8. Австралия астанасы - Канберра ұлттық астана мәртебесімен сертті, орталық бюджеттен арнайы төлемдер мен жергілікті бюджетке түсетін орталық салықтар түрінде салық үстемелерін алады. Онда бюджет пайдасын салық ақысын көтеру және бюджетке қосымша төлемдер арқылы үлкейтуге болады.

9. Ұлыбритания үкіметі Лондон қаласының бюджетіне астаналық жұмыстарды қаржыландыруға бағытталған арнайы қаражат бөледі. Осы қаражатқа жалпы төлемдер

мен нақты мақсаттарға арналған гранттар, сонымен қоса полиция мен көлікті қолдау кіреді. 2001-2003 жылдары орталық Үкіметтен түскен түсім астана бюджетінің 80 % астам пайдасын құраған. Астана бюджетінің табысты бөлігін құру Лондонның әкімшілік туралы актісімен реттеледі. Осы Актімен 2003 жылы көлікке баж салығы енгізілген. Осы салық пайдасы толығымен жергілікті бюджетке түседі.

10. Мехико қаласы бюджетінің 40 % пайдасы орталық үкіметпен берілген қаржылық көмегі. Сонымен қоса, қаланың ерекше мәртебесімен байланысты, жергілікті органдарға бюджетке деген салық пен басқа міндетті төлемдердің ақысын анықтауға толық төтенше құқығы берілген.

11. Франция үкіметі Париж қаласының бюджетіне астаналық жұмыстарды атқаруға арналған қаражат сомасын бөледі. Сонымен қатар, ұлттық үкімет Париждің орталық аудандарына арнайы төлемдер жасайды. 2004 жыл аралығында француз үкіметімен Париж қаласына берілген жалпы қаражат құны 850 млн. АҚШ доллар құрады. Париждің жергілікті басқару органдары, ұлттық заңдарға сай, салық ақысын реттеу арқылы бюджет пайдасын арттыруға және бірқатар қосымша салықтар мен астананың бюджетіне басқа төлемдерді енгізуге өкілеттігі бар.

12. Рим бюджетінің пайдасы Италияның басқа қалалар бюджеттерінің қағидаттары негізінде құралады. Римнің және елдің басқа қалаларының жергілікті басқару органдары қосымша баж салығы мен басқа міндетті төлемдерді енгізу арқылы жергілікті бюджет пайдасын көтеруге өкілеттігі бар. Басқа қалалармен бірге, Римге орталық үкіметтен қаражаттық көмек беріледі, сондай-ақ астана жоғарыда тұрған бюджеттен қосымша гранттар мен төлемдер алады.

### 1.5. Астананың серпіні мен ағымдағы жағдайын талдау

#### Қала экономикасы

Астана қаласына астана мәртебесін беру шарты қалаға кең және үстемді даму болашағын ашты. 1998 - 2004 жж. бойы қаланың жалпы өңірлік өнімнің жылдық көлемі (бұдан әрі - ЖӨӨ) ағымдағы бағалардан 7 есе асып, 2004 жылы жалпы теңеуде 325,9 млрд. теңгеге жетті, бұл республиканың жалпы аумақтық өнімнің 6,7 % құрайды (10-кесте).

10-кесте

#### 1998-2004 жж. жалпы өңірлік өнім

млн.теңге

Астана	1998	1999	2000	2001
Өнеркәсіп	8884,5	9362,9	9818,3	13910,6
Ауыл шаруашылығы	0	915,5	224,4	510,5
Құрылыс	11629,6	34481,9	42203,4	40933,7
Сауда	6417,8	6483,2	25527	28795,8
Көлік және байланыс	2562,5	6517,9		12771,5

			7585,9	
Басқа қызметтер	14274,1	20166,1	30024,2	57965,5
Барлығы	43768,5	77927,5	115383,2	154887,6
анықтама:				
Республика бойынша ЖӨӨ млн. теңге	1559163,3	1814299,1	2309460,3	2886240,9
Республиканың ЖӨӨ-гі Астана қаласының ЖӨӨ үлесі, %-да	2,8	4,3	5,0	5,4

#### кестенің жалғасы

2002	2003	2004*
15073,7	17857,8	23269,2
523,0	1322,3	695,6
36876,9	40615,2	57262,5
47236,0	52984,5	59291,8
20499	53859,6	64089,7
89025,8	121307,4	121348,5
209235,4	287946,8	325957,3
3355205,7	4611975,0	5009767,3
6,2	6,2	6,7

Дерекнама: ҚР-мың Статистика агенттігі

\* - жедел деректер

### 11-кесте 1998-2004 жж. жалпы өңірлік өнімнің құрылысы %-да

Астана	1998	1999	2000	2001	2002	2003	2004
Өнеркәсіп	20,3	12,0	8,5	9,0	7,2	6,2	7,1
Ауыл шаруашылығы	0,0	1,2	0,2	0,3	0,3	0,5	0,2
Құрылыс	26,6	44,2	36,6	26,4	17,6	14,1	17,6
Сауда	14,7	8,3	22,1	18,6	22,6	18,4	18,2
Көлік және байланыс	5,8	8,4	6,6	8,3	9,8	18,7	19,7

Басқа қызметтер	32,6	25,9	26,0	37,4	42,6	42,1	37,2
Барлығы	100	100	100	100	100	100	100

**Дерекнама: ҚР-ның Статистика агенттігі**

Астана қ. ЖӨӨ-ң салалық құрылымы соңғы 7 жыл арасында бірталай өзгерді (11-кесте). Өнеркәсіптің үлесі 20 %-дан 7 % түсіп, қазіргі уақытта тиісінше орташа республикалық көрсеткіштен

5 рет азайды. Қызмет көрсету салаласы 1,5 рет өсті, 2004 жылы ЖӨӨ құрылымында осы саланың меншікті салмағы 75,1 % жетті. Көлік және байланыс қызметтері жылдам екпінмен көтеріліп келе жатыр. 2004 жылы қаланың жалпы аумақтық өнім құрылымында осы саланың үлесі 1998 жылмен салыстырғанда 3,4 есе артық көтерілді.

Соңғы жылдар аралығында өңірлік өнімнің шапшаң көтерілуі қалада тұратын әрбір жанға деген жалпы өңірлік өнімнің жоғары көрсеткішін анықтады. 1999-2004 жж. ішінде осы көрсеткіш 3 есеге өсіп, 2004 жылы 627 мың теңге құрады, бұл орта республикалық деңгейден 1,9 есе кем. 1999 жылдан қазіргі уақытқа дейін, бөлшекті сату, сыртқы сауда айналымына деген инвестициялардың және басқа әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің жоғары көлемі байқалады (12-кесте).

12-кесте

**Астана қаласының дамуының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері**

Көрсеткіш	1999	2000	2001
Жыл басындағы халық саны, мың адам	326,9	381	440,2
Орташа айлық нақтылы жұмысақы, теңге	16537,0	19514,0	22717,0
Өнеркәсіптік өнімнің көлемі, млн.	15521,7	18427,0	24744,5
Бөлшекті тауар айналымы, млн. теңге	16985,2	28648,3	37278,3
Сыртқы саудалық тауар айналымы, мың АҚШ долл. *		403607,5	808504,0
Негізгі қорға инвестициялар, млн. теңге	51920,0	58991,0	89518,0
Мезгілдің аяғына өткен жылға пайызда тұтынушы тауарлар мен қызметтердің баға және тариф индекстері	122,1	110,0	106,3
Тұрғын үйлердің жалпы көлемін іске енгізу, мың м.кв.	122,2	139,2	217,1

**кестенің жалғасы**

2002	2003	2004	Қаңтар-қазан 2005
493,6	502,0	510,5	529,3
27658,0	33002,0	41921,0	47960,0
28252,0	33880,4	51267,4	45939,7
42895,2	55659,4	69195,4	60928,1

790201,9	1155862,8	2576672,8	2402300,0*
102615,0	137863,0	220560,0	166283,9
106,6	106,5	107,1	106,6
230,2	260,7	421,3	484,8

*Дерекнама: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі  
\*) 2005 жылдың қаңтар-шілде айына деректері*

1998-2004 жж. Астана қ. өнеркәсіптік өнімнің жылдық физикалық көлемі 90%-дан астам өсті. 2004 жылы қала кәсіпорындарымен 51267,4 млн. теңгеге өнім өндіріліп, қызмет көрсетілген. Физикалық көлемнің алдыңғы жылға индексі 124,7 % құрады (13-кесте).

13-кесте

**2001-2005 жылдары Астана қаласы өнеркәсібінің дамуының негізгі көрсеткіштері**

	1998	1999	2000	2001
Өнеркәсіптік өнімнің (тауарлардың, қызметтердің) әрекеттегі бағадағы көлемі, млн. т	16512,7	15521,7	18427,0	24744,5
Өнеркәсіптік өнімнің алдыңғы жылға физикалық көлемінің индексі, %	100,1	95,7	112,3	118,5
Ірі және орта өнеркәсіптік кәсіпорындардың саны	52	62	64	54

кестенің жалғасы

2002	2003	2004	қаңтар-қазан 2005
28252,0	33880,4	51267,4	45939,7
113,7	110,8	124,70	109,3
52	50	54	

*Дерекнама: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі*

Негізгі өсім өңдеу өнеркәсібі есебінен пайда болды, Астана қ. өнеркәсіптік өндірістің жалпы көлеміндегі меншікті салмағы 2004 жылы 77,7 % (14-кесте), физикалық көлем индексі 2003 жылы - 136,1 % құрады. 2004 жылы өндіріс көлемінің өсімі өңдеу кәсіпорындарының барлық қызмет түрлерінде байқалды: машина жасау, металл емес минералды өнімдерді өндіру, резеңке және пластмасс бұйымдарды өндіру, химия өнеркәсібі, целлюлозды-қағазды өнеркәсібі және баспа қызметі, ағаш өнімін өңдеу және ағаш бұйымдарын өндіру.

1998-2004 жж. арасында Астана қ. өнеркәсіптік өндірудің жалпы көлемінде электр энергиясын, газды және суды өндіру және бөлісу үлесі 2 еседен астам төмендеді және

2004 жылы 22,3 % құрады. 2003 жылмен салыстырғанда 2004 жылы осы қызмет түрінің физикалық көлемінің индексі 1,3 % түсті.

14-кесте

**Астана қ. өнеркәсіп өндірісінің экономикалық қызмет түрлері бойынша құрылысы**  
%-да

	1998	1999	2000	2001	2002	2003	2004	2005 қаңтар-қазан
Өнеркәсіп, барлығы	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0
Соның ішінде								
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	0,3	0,2	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Өңдеуші өнеркәсіп	56,9	62,9	70,6	76,5	75,7	75,2	77,7	80,6
Электр энергиясы, газ және судың өндірісі және бөлісі	42,7	36,9	29,4	23,5	24,3	24,8	22,3	19,4

Дерекнама: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

Өнеркәсіптік өндірістің салалық құрылымында металды емес минералды өнімдердің өндірісі (26,4 %) және азық-түлік өнімдерін өндіру (20,1 %), сонымен қатар машина жасау (14,8 %) маңызды бөлігін құрайды.

Азық-түлік өнімдерін өндіру қаланың өндіруші кәсіпорынының анағұрлым бөлігін құрайды (2004 жылы 26 % көлемдей). Бірақ 2004 ж. өнімнің физикалық көлемінің төмендеуі байқалды (2003 жылдың көлемінен 97 % дейін). Қаланың азық-түлік өнеркәсібінің негізгі мәселелері - өндірілетін өнімнің сапа жағынан, сондай-ақ құны жағынан, төмен бәсекеге қабілеттілігі, сонымен қоса шектеулі ассортимент, орауыш материалдардың төмен сапасы, өнімді сату нарығының шектеулігі, "челнокты" сауданың кең тарауы. Осы мәселелердің шешімі уақытпен өндіріс техникасын жаңарту үшін үлкен инвестицияларды талап етеді.

Қаланың машина жасау кәсіпорындары ауыл шаруашылық машиналарын және олардың қосалқы бөлшектерін, мал шаруашылығы мен малазықтарды өндіру үшін қажетті құрал жабдықтарды өндіруде мамандандырылған. 2004 жылы Астана қ. осы өнеркәсіптік сала өнімінің жылдық көлемі 1998 ж-ғы. әрекеттегі бағалардан 8 есеге асып 7 609 млн. теңгеге жетті. 2004 ж. қаланың өндіру өнеркәсібінің жалпы көлемінде машина жасау өнімінің меншікті салмағы 19,1 % құрады.

Астана қ. бастапқы қорына деген инвестициялардың жылдық көлемі 1998-2004 жж. аралығында 5 есеге өсіп, 2004 ж. 220,6 млрд. теңге (қаланың жалпы өңірлік өнімінен 67,7 %) көрсеткішіне барды. 2004 ж. Қазақстан Республикасының бастапқы қорына деген инвестициялардың жалпы көлемінде Астана қ. бастапқы қорына берілген инвестицияның үлесі 14,4% (15-кесте) құрады.

15-кесте

**Астана қ. негізгі қорына инвестициялар**

	1998	1999	2000	2001	2002	2003	2004	2005 қаңтар- қазан
Негізгі қорға инвестициялар, млн. теңге	40823	51920	58991	89518	102615	137863	220560	166284
жалпы өңірлік өнімге, %	93,3	66,6	51,1	57,8	49,0	47,9	67,7*	
тұратын әрбір жанға, мың теңге		147	144	192	206	272	425	
Республиканың бастапқы қор инвестициялар жалпы көлеміне, %	15,4	14,1	9,9	9,5	9,3	10,4	14,4	10,3

*Дерекнама: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі*

2004 жылы Астананың негізгі қорына берілген инвестициялардың құрылымында құрылысқа деген инвестициялардың үлесі 72 % астам құрды. Тұрғын үй кешендерін салуға бағытталған инвестициялардың үлесі шапшаң қарқынмен көтерілуде. 2004 жылы осы мақсаттарға 54,3 млрд. теңге бөлінген, бұл көрсеткіш 2003 жылдың көрсеткішінен 2,9 есе асады.

Кәсіпорындардың, ұйымдардың және халықтың, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттің қаражаттары құрылыс саласын қаржыландырудың негізі болып табылады.

Астана қ. экономикалық белсенді халқының саны 2004 жылы 290,7 мың адамға жетті, бұл 2003 жылдың көрсеткішінен 11,4 % жоғары. Бұл ретте экономикалық белсенділіктің деңгейі 4,3 пайыздық орынға өсіп, 69,1 % құрады. Экономикалық белсенді халықтың жалпы санынан 91,7 % қызметте, олардың ішінен 92,1 % (245,5 мың адам) жалдама жұмысшылар, 7,9 % (21,1 мың адам) - өздігімен жұмыс істеушілер. Астана қ. қызметтегі азаматтардың жалпы санынан өздігімен жұмыс істейтін



адамдардың ең төмен деңгейі байқалатынын айта кету керек. Астана қ. өздігімен жұмыс істейтін халық санының төмен деңгейінің себебі, көбінің мемлекеттік басқару ісінде болғандығы. Олардың астанадағы қызметтегі азаматтардың жалпы санының ү л е с і 2 0 0 4 ж ы л ы

19,5 % құрады, бұл республика бойынша 16,7 пайыздық орынға жоғары.

2004 жылы қалада жұмыссыздық деңгейі 2003 жылмен салыстырғанда 0,1 пайыздық орынға түсіп, экономикалық белсенді халықтың санынан 8,3 % (24,1 мың адам) құрады. 2004 жылдың аяғында Астана қ. жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде 2 818 азамат немесе қаланың экономикалық белсенді халқының 1 % т і р к е л г е н .

Инвестициялардың жоғары деңгейі, кәсіпкерлік қызметтің біршама жоғары белсенділігі нәтижесінде қаланың аумағында 2002 жылдың 1 қаңтарында арнайы экономикалық аймақ "Астана - жаңа қала" (АЭА) жұмыс істеу бастады. 2005 жылдың наурызында АЭА мәртебесі 2010 жылға дейін созылып, оның меншігіне қосымша жерлер берілген. Қазіргі уақытта АЭА ауданы 1500 астам га құрайды. АЭА ауданында қызмет ететін кәсіпорындарға салық жеңілдіктері беріледі.

Кіші және орта бизнестің дамуына "Астана Технопарк" ААҚ пен бизнес-инкубатордың ашылуы ықпал етті.

"Астана Технопарк" ААҚ бұрынғы ауыл шаруашылығы үшін, машиналармен құрал жабдықтарды өндіру зауытының негізінде құрылған. Қазіргі кезде, технопарк ауданында (63 га) 200 астам жеке кіші және орта кәсіпорындар қызмет етеді, олар әр-түрлі стандартты емес құралдардың метал конструкцияларын, халық тұтыну тауарларды өндірумен ғимараттардың, құрылыстардың жобалау, жобалау-конструкторлық, технологиялық және көліктік қызметтерді көрсетумен а й н а л ы с а д ы .

Бұл ретте, "Астана Технопарк" ААҚ-тың құрылуының жаңа жоғары технологиялық өндірісті дамытуда негізделген басты мақсаты жүзеге асырылған жоқ.

Бизнес-инкубатор "Астана Технопарк" ААҚ-тың бір ғимараттарында орналасқан. Оның негізгі жұмысы жайларды жалға берумен кәсіпорындардың тіркелу барысында к е ñ е с к ө м е к б е р у б о л ы п к е л е д і .

Қалада Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымындағы N 633 қаулысымен бекітілген "Құрылыс заттары" пилоттық кластерді ашу және дамыту жоспарын жүзеге асыру мақсатында индустриалды саябақтың құрылуы қарастырылуда.

### **Қалалық жоспарлау және дизайн**

Қаланың құрылысы жылдам қарқынмен жүзеге асырылуда. Соңғы жылдар ішінде қаланың астаналық мәртебесін көрсететін жаңа орталық салынған. Қаланың солтүстік бөлігін дамытып қайта салу үшін, үлкен жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұның барлығы Астананың жандандырылған және жайлы қала ретінде дамуға жағымды әсер етеді. Сонымен қатар, білім, денсаулық сақтау мекемелерінің құрылысы, қаланың инженерлік

инфрақұрылымының - электр, жылу-, сумен қамтамасыз ету, арық және телебайланыстарды жүргізу жүйелерін кеңейту және жақсарту жұмыстары жүргізілуде. Қала ауданын жасылдандыру шаралары белсенді өткізілуде.

Сонымен қоса, құрылыстардың бір қалыпсыз салынуы мен астана аумақтарының әркелкі дамуы бақыланады. Ескі және жаңа орталықтар онда қымбат үй-жайларды, сауда-ойын-сауық инфрақұрылым объектілерді салу инвестициялары үшін анағұрлым тартымды, ал халықтың төмен сатып алу қабілеттігіне сай, ескі құрылыстар орналасқан аумақтар қызмет саласына инвестиция жасау үшін тартымсыз. Осы аумақтардың қиын әлеуметтік жағдайы ауыр күйзеліске ұшыраған аудандарға айналмауы, аумақтардың кешенді дамуы мақсатында, олардың тартымды жақтарын қарастырып анықтау керек.

Қалада апатты және тозығы жеткен құрылыстардың бар болуы тағы бір маңызды мәселе. Осы құрылыстардың бұзу жұмыстары жергілікті бюджет есебімен, мемлекеттік емес құрылысшылардың есебінен жүзеге асырылады. 2002 - 2004 жылдары арасында Астана қаласында 2002-2005 жж. апатты және тозығы жеткен құрылыстарды бұзу бағдарламасының шеңберінде 16 үй-жай құрылыстары бұзылған <sup>3</sup>.

-----  
<sup>3</sup> Астана қаласының Тұрғын үй Департаментінің деректері

Сонымен қоса, қазіргі уақытта қала құрылысшыларының экологиялық және ауа-райы жағдайларды елемеушілік кесірінен, қысқа мерзім ішінде үлкен табыс алу мақсаты, сапасы төмен құрылыс заттар мен ескірген технологиялардың пайдалануы, балалар алаңы, арнайы көлік қою орындары және т.б. қарастырылмаған, дара тұрған көп пәтерлі үйлерді салу кесірінен бірқатар мәселелер туындайды. Құрылыс алаңдарында ағаштар мен жасыл егіндердің шабылуы байқалынады.

#### **Астана қаласының экологиялық жағдайы**

**Атмосфералық ауа.** Астанада атмосфераға ластаушы заттардың 90 түрі шығарылып тасталады: бірінші қауіп-қатер сыныбы - 5, екінші - 23, үшінші - 26, төртінші - 17. Сонымен қатар, адам және қоршаған ортаға деген қатты қауіп жок ластаушы заттардың 22 түрі анықталған.

Бірінші және екінші ластаушы заттардың сыныбына жататын заттардың шығарылуы ең үлкен қауіпті төндіреді, олар хром оксиді, тетраэтилқорғасыны, бенз(а) пирен, қорғасын және оның органикалық емес қосылыстары.

Астанада стационарлық ластау негіздері бар, 600 ден астам кәсіпорындар саны байқалынады. Олардың ішіндегі ең ірілері "Астана-Энергия" АҚ СП ЖЭС-2, СП ЖЭС-1, "Цесна - Астық Концерні" ЖШС <sup>4</sup>

-----  
<sup>4</sup> 2003 жылы М. Козыбай атындағы Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университетінің атмосфералық ауаны қорғау Республикалық ғылыми-зерттеу орталығымен жасалған ПДВ-ң қосалқы томының деректері.

2000-2004 жж. ластаушы заттардың шығарылып тасталу серпінінің көлемі 16-кестеде көрсетілген.

16-кесте

**Стационарлық ластану көздерінен шығарылатын зиянды заттар шығарындыларының серпіні жылына/мың тонна**

Көрсеткіштер	Жылдар					
	2000	2001	2002	2003	2004	2005 алдын-ала деректер
Стационарлық көздерден шығарылатын ластауыштар, соның ішінде:	46,3	50,5	46,5	51,5	51,6	54,2
Қатты	21,5	22,5	20,5	22,6	22,65	22,0
Газ тәрізді	24,8	28,0	26,0	28,9	28,95	32,2
ЖЭС-дан тастаулар	42,74	46,09	40,94	42,16	40,75	42,6
Стационарлық көздерден шығарылатын ластауыш заттардың жалпы көлеміндегі ЖЭС-ң үлесі, %	92,3	91,3	88,1	81,9	79,0	78,7

Стационарлық көздерден шығарылатын зиянды заттардың біршама бөлігі ЖЭС-на ж а т а д ы .

Бірақ талдау көрсеткендей, ЖЭС-пен энергия ресурстарын шығару көлемінің өсуіне қарамастан, зиянды заттардың шығарылып тасталуының одан әрі артуы байқалынбайды. Бұл табиғатты сақтау жұмыстары мен ЖЭС зиянды заттардың шығарылуын азайтатын технологиялардың енгізуімен байланысты.

Егер 2000 жылы ластаушы заттардың шығарылу көлемі 92,3 % құраған болса, 2004 жылы - екі ЖЭС үлесіне стационарлық көздерден шығарылатын ластауыш заттардың 79 % көлемі келген болатын.

Солай, қазіргі кезде ЖЭС-2 қайта салу жобасы жүзеге асырылуда. Онда осы замандағы күлтұтқыш құралымен жабдықталады қазан орналасады, сол күлтұтқыштың жобалы деңгейі 99,8 % жетеді.

Автокөліктен шығарылатын зиянды заттардың үлесі артуда, бұл автокөліктің үстемді өсуімен байланысты. Олардың үлесіне қала бойынша жалпы зиянды заттардың шығарылуына 40 % астам жатады.

16а-кесте

**Жылжымалы көздерден зиянды заттардың шығарылу серпіні**

--	--

Көрсеткіштер	Жылдар					
	2000	2001	2002	2003	2004	2005 алдын- ала дерек- тер
Жылжымалы мүліктің жалпы лаптаушы заттардың көлеміндегі үлесі, жылына/мың тонна, соның ішінде:	26,3	29,1	37,8	40,1	42,1	44,1
қатты	0,2	0,2	0,4	0,4	0,4	0,5
Газ тәрізді	26,1	28,9	37,4	39,7	41,7	43,6
Жылжымалы мүліктің жалпы лаптаушы заттардың көлеміндегі үлесі, %	36,2	36,6	44,8	43,8	44,9	44,8

**Су ресурстары.** Қаланың сумен сұранысының 75 % қамтитын, Астана (Вячеслав) су қоймасы, қаланың сумен пайдалануын қамтамасыз ететін көзінің бірі болып табылады. Ішім өзені қаланың сумен жалпы сұранысының 24 % және 1 % - жер асты сулары қамтамасыз етеді.

Ағызғыш тазарту құралдармен жабдықталған су бұру орталық жүйесіне бір жылдан 60 жылдар аралығында пайдаланымды, механикалық және биологиялық тазартулар және ұзындығы 250 км жететін ағызғыш коллекторлар кіреді. Ағызғыш құрылыстардың жобалы қуаты - 135,8 күніне мың/м<sup>3</sup>. Тазарудан кейін сарқынды сулар екі өзен негізінде құрылған, "Талдыкөл" булағыш-жинағышқа түседі. Булағыш-жинағыштың толып кету қаупінен, сулар жыл сайын қоршаған ортаға төгіледі. Осы шартпен байланысты, қазіргі уақытта, Астана қаласында санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту үшін, "Талдыкөл" булағыш-жинағыштың жабылу жобасы қарастырылуда.

Қаланың су шаруашылық жүйесінің тозғанымен ас-судың микробиологиялық және санитарлық-химиялық көрсеткіштері нашарлай түсуде.

**Көгалдандыру және қорғаушы екпелер.** Астана қаласының қатаң табиғи-ауа райы және жағымсыз топырақ бұрғы шарттарының салдарынан жасыл екпелердің ассортименттері өте аз. Жасыл екпелердің жасы, санитарлық жағдайы және сәндік сапалары әр түрлі. Жалпы айтқанда олардың жағдайы жарытымсыз.

Астананың бір тұрғынына жасыл екпелердің 9,8 м.кв. келеді, ал қаланың солтүстік-шығыс аудандарында осы көрсеткіштер 1,5 - 2,0 ш.м. жетеді. Әкімшілікпен қала ауданын көгалдандыру жұмыстары белсенді жүргізіліп жатыр, солай 2004 жылы жалпы алаңы 16,3 га құрайтын сегіз саябақтар және сол жақ жағалауда бір бульвар (8,5 га) ашылған. Қаланың толық көгалдандыру схемасына сай, 2030 жылы тұратын әрбір жанға деген жасыл егінділердің көлемін 19,2 ш.м. дейін жеткізу мақсаттануда.

Жасыл аймақ қала шетінде 14 мың га және қала маңының 11 мың га жерінде

орманға жағымды участілерде салынған. Қалаға бұрын салынған екпелердің есебімен, орманның 11 мың га "жасыл" белдеулері берілді.

Қала топырағы сапасы жасыл екпелерге жағымсыз.

**Қатты қалдықтар.** Астана қаласы ауданында Астана - Павлодар автожолының алтыншы километрінен оңтүстік-шығысқа қарай 50 м, шығыс шеткері аймақтарында орналасқан қатты тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтардың бір жинауышы бар.

1972 жылдан қалдықтарды істен шыққан кеніштерде көміп жүрген. Жобалы есептерге сай, полигонның пайдаланымы тек 2010 жылға дейін мүмкін. Жыл сайын полигонға 0,4 - 0,5 млн. м<sup>3</sup> қалдықтар көміледі. Қаланың үстемді дамуымен қалдықтардың көлемі арта түсуде.

Қазіргі уақытта, қалдықтарды қайта өндіру және бақылау жүйесі жоқ. Қатты тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтар қаланың сыртында орналасқан полигон астына көміледі. Сонымен қатар, қауіпті қалдықтардың арнайы көму орны жоқ.

### **Инженерлік инфрақұрылым**

**Жылу және электр энергетикасы.** ЖЭС-1 және ЖЭС-2 орталық жылумен қамтамасыз ету жүйесі Астана қ. оң жақ жағалауында, әсіресе орталық және оңтүстік-шығыс жоспарланған аудандарда дамыған.

Осы станциялардың қуаты 2004 жылдың аяғына 876,4 Гкал құрады. 2001-2004 жж. ЖЭС-1, 2 қуатының нақты пайдалануы 2001 жылы болған, 62,5 %-дан 2004 жылы 72 % немесе 9,5 % өсті. Қаланы жылумен қамтамасыз етудің басты мәселесінің бірі жылу электр станциялардың басты қуатының шектелуі. Құрылыс жұмыстарымен жылу энергиясының пайдалану көлемінің өсуі салдарынан, ЖЭС-1, 2 жақын уақыт аралығында, қаланың жылу энергиясының сұранысын толық қамтамасыз ете алмайды.

Қаланың электр энергиясын пайдаланудың жалпы көлемі 2001 жылы болған 818,3 млн. кВт/сағатынан 2004 жылы 1489,5 млн. кВт/с. немесе 82 % өсті. Қаланың электр энергиясымен тұтыну көлемінің өсуі оның құрылыс және көлік саласында көп пайдалануы негізгі себеп болды. Қаланың электр энергиясының үнемі өсетін сұранысын шешу электр энергияның республиканың басқа аумақтарынан жеткізу болып келеді.

**Сумен жабдықтау және суды бұру.** Астананы сумен жабдықтаудың басты мәселелері, олар су тұтынымының күнделікті өсуі шартында ресурстардың шектелуі және Астаналық су қоймасына берікті сумен жабдықтау балама құрылысының жоқ болуы.

Астанада нөсер арығының жүйесі нашар дамыған, тазалағыш құрылыстардың саны жеткіліксіз. Механикалық және биологиялық өңдеу жұмыстарынан кейін сарқынды сулар өзі жөндеу жұмыстарын талап ететін, 21,3 км<sup>2</sup> қала шетіндегі жерінде орналасқан Талдыкөл сарқын сулардың жинауышына тасымалданады.

Талдыкөл жинауышына сарқынды сулардың құюлуы тоқтатылып, сарқынды

сулардың тазалау деңгейі балық шаруашылық нормативіне сай жасалып, осы тұнбаның жинауышта қайтакультиваторлану жұмысын жүзеге асыру әкімшілікпен жоспарлануда.

**Газбен қамтамасыз ету.** 2004 жылы халыққа және заңды тұлғаларға газды өткізу көлемі 651,3 млн.теңге құрады, 2003 жылдың деңгейінен 25,4 % асты. Сұйықталған газдың негізгі көлемі, күштілік газ түрінде өткізілді, бұл барлық сатылатын газдың 48 % - ы .

Газбен қамтамасыз етудің басты мәселесі - газ таратқыш құрал-жабдықтың тозуы. 2004 жылы технологиялық құрал-жабдықтың тозу көрсеткіші 80 % жетті, бұл оның кейінгі пайдалануына қауіп төндіреді. 2004 жылы газды тарату жүйесінде 5 апаттық жағдайлар болған .

Қаланың газ таратушы инфрақұрылымының қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету үшін, бар құрал-жабдықты жаңарту және үлгілендіру қажет. Сонымен қоса, құрылыстың жоғары қарқыны қаланың газ құбыры жүйесінің кеңейтуін талап етеді. Қазіргі уақытта қала газ құбырының ұзындығы 126 км.

Инженерлік инфрақұрылымның негізгі көрсеткіштері кестеде берілген.

17-кесте

**Инженерлік инфрақұрылымның негізгі көрсеткіштері, 2004 жыл**

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2004 жыл
Жылу өндірісі	Гкал	3211565
Жылу желісінің жалпы ұзындығы	км	450
Энергия өндірісі	млн. кВт/с.	1489,5
Су қойманың сыймдылығы	млн. м <sup>3</sup>	410
Тазарту құрылыстардың қуаты	тыс. м <sup>3</sup> / күніне	200
Арық құрылыстарының қуаты	тыс. м <sup>3</sup> / күніне	136

**Көлік инфрақұрылымы**

**Жылжу тәсілдері .** Әрбір 1000 қала тұрғынына орташа есеппен 150 автокөлік келетінің ескере отырып, сұрастыру жұмыстары және мемлекеттік органдардың деректері нәтижесінде, Астанада негізгі жылжу тәсілдері жаяу жүру және қоғамдық көлік<sup>5</sup> (80 % шамасында) екені анықталды. Көлік иелерін, жолаушыларды, таксиді қосқанда қала тұрғындарының 20 % жеңіл автокөліктерде жылжиды.

Қала ішінде жеке автокөлікпен жылжуының себептері: қозғалыс жылдамдығы бойынша жеңіл автокөлік қоғамдық көліктен арта түседі; қоғамдық көлік әдетте адамға толы және ыңғайсыз; автобус тұрақтарының бір-бірінен алыс ара қашықтықта болуы, олардың сәйкес құрылыс бейнесі ;

қауіпті ауа райы шарттары;  
автокөлікті тұраққа қоюмен байланысты үлкен мәселенің болмауы.

-----  
<sup>5</sup> Астана қаласының көлік жолаушылары және автокөлік жолдары Департаментінің деректері, 2004 жыл

**Автожолдардың жағдайы.** Қазіргі кезде Астана қаласында жалпы пайдаланымдағы қалалық жол және көше желілердің ұзындығы 630 км-дей, соның ішінде:

дәрежелер бойынша:  
жылдамдықты жолдар - 36 км;  
жол қозғалысы реттелетін қалалық мәні бар 93 магистральдық көшелер;  
аудандық мәні бар магистральдық көшелер - 72 км;  
жергілікті мәні бар көшелер мен жолдар - 429 км;  
жабын түрлері бойынша:  
асфальт-бетонды - 370 км;  
ұсақ тасты - 210 км;  
жабынсыз - 50 км.

Орталық автокөлік жолдар жабындысының жағдайы қанағаттанарлық деп саналады. Бірақ, табысы төмен деңгейдегі азаматтар тұратын, орталықтан тыс жатқан аудандар мен қала сыртындағы тас жолдардың көп бөлігі (мысалы, сапаржай жанындағы аумақтар) жөндеу жұмыстарымен олардың қайта салынуын талап етеді.

**Автокөлік тұрағы.** Астанада автокөлік тұрақтарының көбі ашық аудандарда, тұрғын үй және әкімшілік ғимараттар алдында, не олардың жанында орналасқан. Көптеген автокөлік иелері машиналарын жүргіншілерге арналған аяқжолдарда және балалар алаңдарында қояды. Бұл жаяу жүрген адамдармен, ойнап жүрген балаларға ыңғайсыздық жасап, олардың өміріне қауіп төндіреді.

Арнайы және жабдықталған автокөлік тұрақтардың жетіспеушілік мәселесінің шешімі тұрақтар артынан бақылау жүргізіп, қала орталығындағы тұрақтарда ақы төлеу жүйесін енгізуде табылады.

**Жаяу серуен мен велосипедпен жүру.** Мамандардың бақылауына сәйкес, жаяу серуендердің үлесіне астананың барлық аралатын арақашықтығының жартысы келеді. Әдетте біз қысқа арақашықтықты аралау үшін жаяу жүреміз (бір қоғамдық транспорт тұрағынан басқа тұраққа жету үшін, ең жақын дүкенге бару үшін және т.б.).

Жаяу серуендердің жағдайы қала ауданына байланысты түрленеді.

Жаяу серуендерді шектететін жағдайлар:  
жаңа аудандарда сауда және қызмет инфрақұрылымның толықсыздығы;  
ауа райы жағдайы;  
жасыл екпеледің жетіспеушілігі немесе жоқ болуы, әсіресе жаңа аудандарда;  
сәулетті бейнелермен аудандардың жоспарлануы ауа райы жағдайының жайлы

болуына әсер етпейді.

Жол түйіс участкілері басты мәселе болып келеді. Көп жолды жолдарда жүрушілер өтетін түйістердің көбі бағдаршаммен қамтамасыз етілмеген. Бұл шарт, жол көлік оқиғасы себебінен өлім жағдайлардың өсуіне және жол түйістерінде қауіпсіздіктің болмауына әкеледі. Солай, мысалы, Астана қаласының жол полиция Басқармасының деректеріне сай, ағымдағы жылдың 6 ай ішінде 302 ЖТО болды, опат болған адамдар саны - 29 адам, жарақат алған - 398 адам. Осылайша, жағдайдың анағұрлым жақсарлануы байқалмайды. 2004 жылдың сәйкес мерзімінде 338 ЖКО тіркелді, оның себебінен 30 адам апатқа ұшырап, 450 адам жарақат алған <sup>6</sup>.

<sup>6</sup> Астана қаласы бойынша Қалалық жол полиция басқармасының деректері

Астананың жазық өңіріне қарамастан, велосипедпен жүру кең тарамаған.

**Қоғамдық көлік.** 2004 жылы Астана қаласында жолаушыларды тасымалдау қызметін 13 кәсіпорын жүзеге асырды. Осы қызметте 852 көлік құралдары қызмет еткен, соның ішінде:

562 автобустар (сыйымдылығы үлкен - 362 және сыйымдылығы орташа - 200 автобустар);

40 троллейбустар;

250 микроавтобустар.

2004 жылы қала бағдар желілерінің жалпы ұзындығы 1720 км, троллейбус байланыс желілері - 51,7 км құрды. Жолаушылар көлігінің бағдар желілері 54 бағдардан құралды, оның ішінде 30 автобустық, 21 микроавтобустық және 3 троллейбустық бағыттары <sup>7</sup>.

<sup>7</sup> Астана қ. жолаушылар келіп және автокөлік жолдары Департаментінің деректері

Көлік құралдарының көп бөлігі тозған. Қоғамдық көліктің көбі өте ыңғайсыз, мүмкіншілігі шектеулі адамдар үшін жағдайлар жоқ.

Тұрақтар бір бірінен алыс арақашықтықта орналасқан. Жергілікті атқару органдардың тиімді қозғалыс схемасын жасауға қойылып жатқан үлестеріне қарамастан, қаланың ескі бөлігінде қоғамдық көліктің жеке бағыттары бір бірін қосарлап (мысалы, троллейбустық бағыттар), бағыттары тек кейбір үзіктерде көршілес көшелерге айырылады.

Қазіргі уақытта, қоғамдық көлік кестелері кейбір автобус тұрақтарында мүлде жоқ. Бұл жағдай астана мәртебесіне ие болған қалаға сай емес.

### **Мәдени-әлеуметтік даму**

**Мәдениет, бос уақыт.** Қаланың өсуімен бірге, әлеуметтік-мәдени объектілердің саны мен сапасы өседі, осыған Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі қолайлы жағдай жасайды. Бірақ, көпшілік әлеуметтік-мәдени объектілердің қызметтерінің орталық аумақтарда шоғырлануы және оның жоғары құны астана



тұрғындарының көпшілігіне тиімсіз. Қаланың тағы бір мәселесі білім мекемелерінің және балалардың бос уақыт өткізу орындарының жоқ болуы.

**Денсаулық сақтау.** Мемлекеттік басқару органдарымен емдеу-алдын-алу мекемелердің тапшылық мәселесін шешу үшін, 2004 - 2005 жылдары бірнеше денсаулық объектілері ашылған.

Қазіргі кезде, халық денсаулығы жағдайы мен медициналық көмек берудің сапасы ең маңызды мәселе болып табылады.

Қаладағы ауру-сырқаулардың жалпы көрсеткіші 2001 жылдан 2004 жж. аралығында 17 % көтерілді. Сүйек-бұлшық ет жүйелері және байланыстыратын түндердің аурушандықтары осы мерзімде 80 % өсті, қан аурулары - 77 %, қуық жүйелері - 33,8 %, қан айналымы жүйелері - 30,8 %, ішкі секреция аурулары, ас қорыту және заттек алмасудың бұзылуы - 37,3 % көтерілді.

2004 ж. астана халқының жалпы аурушандық құрылымында дем алу органдарының ауруы (31,8 %) бірінші орында тұр, оның негізгі меншікті салмағы балалар ауруларына - 51,9 %, қан айналымы жүйесіне (8,2 %) келеді.

Тағы бір мәселенің бірі, ол жаңа туған нәрестелердің өмірін сақтау шарты. Нәрестелердің өлуінің жыл сайынғы азаюына қарамастан, дамыған елдермен салыстырғанда (орта есеппен, 1000 нәрестелерге 5-7 өлім саны), оның деңгейі әлде қайда жоғары болып қалады (2004 ж. 1000 нәрестелерге 11,7 өлім саны) бұл жағдай медициналық санитарлық, акушерлік және бала дәрігері қызметінің, сонымен қоса бала аналарының нашар денсаулығының көрсеткіші.

Балалар арасында наркологиялық ауытқулардың өсу қарқыны байқалды. 2001 жылғы 2 250,9 ауруларға қарсы 2004 жылы 100 мың халық санына 2 610,4 наркологиялық аурулар тіркелді және 2002 жылғы 9,8 балалар арасындағы ауруларға қарсы <sup>8</sup> 36,3 наркологиялық аурулар анықталған.

---

<sup>8</sup> ҚР-ң Статистика агенттігінің деректері

**Білім беру.** Қаланың ең белгілі жағының бірі тұратын халықтың анағұрлым жоғары білім деңгейі болып келеді.

Қазіргі кезде, қаланың білім жүйесінің негізгі мәселесі мемлекеттік мектепке дейінгі және жалпы білім беру мекемелерінің тым толғаны. Мемлекеттік мектепке дейінгі мекемелерге түсу үшін, 3 мыңнан астам балалар тіркелген. Жалпы және мамандандырылған мемлекеттік білім беру мекемелерінде отырғызу орнының тапшылығы 2004 жылдың аяғына 12,8 мың орынды құрады. <sup>9</sup>

---

<sup>9</sup> Астана қаласының Білім беру Департаментінің деректері

Қалада кәсіби білім беру жүйесі нашар дамыған. Қазіргі уақытта, 9 мемлекеттік кәсіби ұйымдардың екеуінде өзінің меншікті базалары жоқ, бұл жағдай оқушылар

санын арттырып, еңбек нарығының жұмыс кадрлеріндегі сұранысын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Төмен еңбек ақы, үй-жайдың өте қымбат болуы себебінен, қалада жалпы орта білім жүйесінде жеке пәндер бойынша мамандандырылған педагогикалық кадрлер мен кәсіби білім ұйымдарында арнайы пән оқушылары жетіспейді, осыжағдай балаларды оқыту мен білім беру сапасына жаратымсыз әсер етеді.

**Тұрғын үй нарығы.** 2004 ж. бүкіл республикада, барлық мүлік түрлері кәсіпорындарымен ұйымдармен, сондай-ақ халықпен жалпы ауқымы 2 586,8 мың ш.м. 21 900 жаңа пәтерлер салынды. Елдің көрсеткіштері бойынша Астана қаласының меншікті салмағы сәйкесінше 11,3 % және 16,3 % құрады. Астанада, басқа аудандармен салыстырғанда, құрылысқа берілген ең үлкен инвестициялар мөлшері байқалынады, осы шартта, астанада жаңа пәтердің 1 ш.м. орташа құны орта республикалық көрсеткіштен екі есе асты (2004 ж. пәтердің 1 ш.м. құны, орташа мөлшермен, <sup>10</sup> 57,7 мың теңге құраған (400 АҚШ долл. астам). 2004 ж. астанаға муниципалды тұрғын үйдің 7,9 мың кв.м. енгізілді, бұл жалпы пайдаланымға түскен пәтерлердің 1,9 % үлесін құрайды.

<sup>10</sup> ҚР-ң Статистика агенттігінің деректері

2005 жылы Қазақстанда халық тұрғындарының, негізінен жас жан-ұялардың, бюджет ұйымдарының, әлеуметтік саладағы мемлекеттік кәсіпорындар қызметкерлерінің көпшілігін қымбат емес пәтерлермен қамтамасыз етуге бағытталған үй-жай құрылысының мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Ипотекалық кредит беру жүйесі кең дамуда. Бірақ, кредит ставкаларының және басқа банктік өлшемдердің анағұрлым жоғары ақылары себебінен, табысы орта және төмен деңгейдегі халықтардың ипотекалық кредит алу мүмкіндігі шектеулі.

**Халықтың өмір сүру деңгейі және әлеуметтік қорғаныс.** Астана халқының өмір сүру деңгейін анықтаушы көрсеткіштер серпіні осында кедейшіліктің азаю қарқынын көрсетеді.

Бүкіл ел бойынша, Астанада, табысы өмір сүру минимумынан төмен халық саны және кедейшілік бедері ең төмен болуы байқалады. Осы шартта 2004 жылы кедейшілік бедерінің ортажылдық мөлшері 2191 теңге құрағанын меңгеру керек, бұл көрсеткіш ең төмен өмір сүру минимумынан 2,6 есе аз.

Астана қаласында өмір сүру минимумы көлемі 2004 жылдың желтоқсанында 5 676 теңге немесе орта республикалық деңгейдің 100,6 % құрады, 2004 жыл аралығында 315 теңгеге өсті (5,9 % -ға).

Орта айлық нақты еңбекақы 2001 жылы болған деңгейден 84,5 % өсіп, 41921 теңгеге жетті.

Астана қаласында 2004 жылы әрбір жанға деген номиналды ақша табысы орта

республикалық деңгейден 2 есе артты, ал 2003 жылмен салыстырғанда 51 %-ға өсіп 41921 теңге болды, тиісінше айына 26 196 теңге болды.

Астана қаласында 2003 жылға қарағанда 2004 жылы табыстың нақты өсуі республика бойынша орта көрсеткішінен 5,3 пайызға жоғары және 119,1 % құрайды. Осы шартта, Астана қ. 2004 жылы тұратын әрбір жанға деген ақшалы табыстың орташа көлемі өмір сүру минимумынан 4 есе арттып, республика бойынша орташа табыс деңгейінен екі есе арта түсті.

Табысы аз азаматтарға және мүгедектерге әлеуметтік көмек бір қатар әлеуметтік қажеттіктерді, олар мекен-жайлық әлеуметтік көмек, үй-жай жәрдемақы, мүгедек балаларды үйде оқыту, техникалық және басқа құралдармен қамтамасыз ету, жалпы білім беру мектеп оқушыларына, орта арнайы мекемелер бітірушілер арасындағы жетім балаларға, жастайынан мүгедек болған балаларға жасқа толмаған төрт немесе одан да көп, көп балалы жан-ұялардың балаларына, сондай-ақ Астана қ. ЖОО-да оқу үшін, балалар үйінің тәрбиеленушілеріне және т.б. әлеуметтік жәрдемдерді беру арқылы жүзеге асырылады. Әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері айлық есеп көрсеткіштерден есептелуіне байланысты, оның деңгейі астананың жоғары өмір сүру деңгейіне сәйкес келмейді.

Астанада азаматтық қоғамдық институттарымен тұрғындардың әлеуметтік өмір саласында, қараусыз қалған балалар мәселелерін шешу сұрақтарында қатысу деңгейі өте төмен екені байқалады.

**Қоғамды мемлекеттік басқару жүйесіне қатыстыру.** Халықтың қалалық үкіметімен шешімдерді қабылдауда қатысу деңгейі әлдеқайда төмен болып қалады. Қала тұрғындарының көпшілігі мемлекетпен өмір жағдайын жақсарту туралы қолданылып жатқан шаралардың ақпаратына ие болмайды. Мемлекеттік органдары мен халық арасында "кері" байланыс механизмі жоқ. Әлеуметтік сұрастарда азаматтардың көпшілігі мемлекеттік қызметкерлердің жұмысын мөлдірсіз және өнімсіз деп санайтыны анықталды.

### **Қалалық басқару**

Астананың мемлекеттік басқару жүйесі коллегиялық орган болып келетін, жергілікті атқару органы - әкімшілікпен, сайлаулы орган болып келетін, халық сайлайтын және оның еркін білдіретін жергілікті өкілетті орган - маслихатпен жүзеге асырылады.

Әкімшіліктің құрылысы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекетінің басқару құрылысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 қазандағы N 1022 Қаулысымен бекітілген.

Әкімшіліктің негізгі жұмыстары "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы және "Қазақстан Республикасының мәртебесі туралы" 1998 жылғы 20 мамырдағы Қазақстан Республикасының заңдарымен анықталған. Оның жұмыстарына: жоспарларды

жетілдіру, астананың дамуының экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын құру астананың бюджетін анықтап, оның орындалуын қамтамасыз ету, тұрғын үй-жай меншігін басқару, оны қорғау шарттарын жүзеге асыру, астана ауданында кәсіпкерлік қызметтің және инвестициялардың дамуы үшін ыңғайлы жағдайлар жасау, сонымен қатар қаланың инфрақұрылымы қатынасында басқару жұмыстарын жүзеге асыру (көлік , байланыс және т.б.) кіреді.

Қызмет түріне байланысты, Астана қаласының департаменттері мен әкімшілік басқарудың жұмыстары қала әкімі бекіткен, тиісті ережелермен реттеледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 6 мамырдағы Жарлығына сәйкес, астанада екі аудан құрылды. Аудандық әкімдер өз қызметтерін қала әкіміне есеп береді.

Үкіметтің әрбір деңгейінің өкілдігі заңмен бекітілгеніне қарамастан, олардың жергілікті атқарушы органдары және орталық атқарушы органдардың аудандық бөлімдерінің арасындағы әрекеттерінде нақты шектеулер жоқ. Бірқатар ұйымдар, мысалы, астана қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар және мәдениет Департаменттары өз қызметін қалалық әкімшілікпен, сондай-ақ орталық министрліктермен ведомстволар алдында есептеседі. Бұл жағдай есеп беру жұмысында жаңылыс мәселесіне әкеледі. Сонымен қатар, бірнеше мәселелердің шешімі жергілікті деңгейде тиімді болып келетін, жергілікті атқару органдардың кейбір өкілдіктерге заңды тәртіппен бекітілген құқығы жоқ.

Қалада Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына және Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясына негізделген 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары бар. Қазіргі уақытта Астанада әр түрлі бағыттағы 33 даму бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр. Бағдарламалар қала өмірінің барлық салаларын қамтиды, олар өнеркәсіп, кәсіпкерлік, денсаулық сақтау, білім беру, инфрақұрылым және т.б. Жалпы бағдарламалардың жайлы жүзеге асырылуын белгілеуге болады. Бірақ, жүзеге асырылуын бағдарламалық құжаттар малдандыратын көптеген стратегиялық тапсырыстарға қарамастан, мемлекеттік органдармен барлық құжаттардың тиянақты орындалуын тексеруге қиын. Бұл мәселе келесі шешімдерді қабылдауда, сондай-ақ бюджетті қаржыландыру мәселесін анықтауда қиыншылық туғызады. Жеке жағдайларда, бұл тапсырыстың анық емес талдауларымен және жұмыстың жүзеге асыру жұмыстарының толықсыздығымен байланысты. Бірақ, басты мәселе әдістеменің, мемлекеттік органдарының қызмет бағасының көрсеткіштері мен стратегиялық және бағдарламалық құжаттар артында нақты бақылаудың жоқ болуымен байланысты.

Осыған қоса, жоспарлау "жоғарыдан төменге" деген схема арқылы жүзеге асырылады және қалалық әкімшілік басқармасымен шешімді қабылдау барысында қоғамның қатысу ынтасы өте төмен.

Астана қаласын орнықты дамытудың 2030 жылға дейінгі стратегиялық жоспарына 3-қосымша

**Қала экономикасының бәсекеге қабілеттігін және оны әртараптандыруды арттыру мақсатында Астана қаласындағы перспективалық кластерлерді таңдау**

**Кластерлерді іріктеу кезінде пайдаланылатын жалпы өлшемдер**

мемлекет пен кәсіпкерлерді кластерлік өндірістерге инвестициялау мүдделілігі мен н и е т б і л д і р у і

бизнесі жүзеге асыру үшін елеулі кедергілердің болмауы қолайлы нарықтық орта

кластердің сала мен өңірдің бәсекеге қабілеттігі мен өнімділігіне оң әсер етуі кластерге қатысушылар мен мемлекеттік органдардың арасында тығыз жұмыс байланыстарын орнату мүмкіндігі

**Астана қаласындағы перспективалық кластерлер**

- 1 . Т у р и з м
- 2 . М е д и ц и н а л ы қ
- 3 . Ғ ы л ы м и (ж о ғ а р ы) т е х н о л о г и я л а р
- 4 . Б и о т е х н о л о г и я л а р
5. Құрылыс материалдары

**Астана қаласындағы туристік қызмет**

**көрсеткіштері**

Көрсеткіш	2001	2002	2003	2004	2001 ж. қарағанда 2004 жылғы өсу қарқыны, %
Турфирмалар мен қонақ үйлердің туристерге қызмет көрсетуі, адам	120560	147314	150026	184448	152,9
<i>оның ішінде</i>					
келуші туризм	13339	11605	15664	22647	169,8
кететін туризм	9451	9715	9217	18054	191,0
ішкі туризм	97770	125994	125145	143747	147,0
Турфирмалар қызметі мен қонақ үйлер көрсеткен қызметтерден	2290,7	2295,4	2596,5		157,8

алынған млн. теңге	табыстар,			3615,9	
-----------------------	-----------	--	--	--------	--

**Астана қаласындағы туристік саланың әлсіз және күшті жақтары**

**Күшті жақтары**

Жыл сайын Астанаға келетін туристер санының өсуі Туристік инфрақұрылымымен объектілері (қонақ үйлер, мейрамханалар, ойын-сауық мекемелері) санының артуы Халықаралық әуежайдың, вокзалының жұмыс істеуі

Қаладағы туристік мүддені білдіретін, табиғат қорықтарымен Қорғалжың) жақын орналасқан объектілердің жеткілікті саны

**Әлсіз жақтары**

Ішкі туризмнің басымырақ үлесі (басқа облыстардан іскерлік мақсаттармен іссапарға жіберілген ұйымдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің қызметкерлері) Көрсететін қызметтері әлемдік стандарттарға сәйкес сертификаты темір жол бар қонақ үйлердің болмашы саны, эквайрингтік жүйенің дамымағандығы (төлем карточкалары), қызмет көрсетудің жоғары емес деңгейі Астана арқылы жүзеге асырылатын халықаралық авиарейстердің аз саны (Б у р а б а й , Астана туралы жарнамалық ақпаратты, оның ішінде шет ел тілдерінде тарату жүйесінің жеткіліксіз дамуы, осы салада мамандардың (мысалы, тарихи туризм бойынша білімдері бар экскурсшылардың) жеткіліксіздігі

**Астана қаласында туристік кластер құрудың алғы шарттары**

Үкіметтің заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін қамтитын жалпы жүйелік шараларды іске асыруы, Қазақстан Республикасында туристік қызметті ынталандыру жөнінде жалпы салалық іс-шаралар өткізу

Астана қаласы жұмыс істейтін туристік фирмалардың саны бойынша республикада екінші болып табылады, қонақ үйлік нөмірлердің саны бойынша Алматы мен Шығыс Қазақстан облысынан кейін үшінші орында тұр

Жеке бизнес өкілдерінің туристер үшін өңірдің жалпы тартымдылығын арттыру үшін ынтымақтастыққа дайындығы

Экологиялық, мәдени-танымдық және іскерлік туризм тәрізді сегменттердің даму мүмкіндігі

**Астана қаласында туризм кластерін табысты қалыптастырудың мүмкіндіктері**

Туризм саласындағы кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесін жақсарту

Туристік инфрақұрылым объектілерін салу

Қалалық ұйымдардағы: туристік фирмалардағы, қонақ үйлердегі, мейрамханалардағы, кафелердегі сервис деңгейін арттыру

Туристік кластерін құру Щучье-Бурабай курорт аймағына, "Қорғалжын" қорығына қол жеткізу мүмкіндігін ескере отырып перспективалы болуы мүмкін, орнитологиялық, флористикалық, мәдени-танымдық және іскерлік туризмді дамыту; "көшпенді тұрмыс" жағдайларына, шетел туристерінің аң аулау, балық аулау және астана мен Ақмола облысы туризмінің басқа да объектілеріне туристердің қызығушылықтарын тарту

**Туристік кластердің қатысушылары**

Туристік агенттіктер (30 заңды тұлғадан астам)

Қонақ үйлер, мейрамханалар, кафелер (28 қонақ үй және 170-тен астам кафелер мен мейрамханалар)

Ойын-сауық мекемелері

Білім беру мекемелері (университеттер, колледждер)

Көлік компаниялары

**Астана қаласындағы медицина саласының негізгі көрсеткіштері, кәсіпорындардың саны**

Атауы	2003	2004
Ауруханалық мекемелер:	21	22
мемлекеттік	2	3
жеке меншік	19	19
Амбулаториялық-емханалық ұйымдар:	29	29
мемлекеттік	10	10
жеке меншік	19	19
Дәріхана ұйымдары:	335	361
мемлекеттік	23	28
жеке меншік	312	333

Алынған көзі: Астана қаласының Денсаулық сақтау департаменті

**Астана қаласындағы медициналық қызмет көрсету көрсеткіші, жыл аяғында**

	2001	2002	2003	2004	2001 ж., 2004 ж. өсу

					қарқыны. %
Барлық мамандықтағы дәрігерлердің саны	2404	2730	2784	3015	125,4
Халықтың дәрігерлермен қамтамасыз етілуі (10000 халыққа шаққанда)	51	55	55	58	113,7
Орта медицина персоналының саны	3608	3416	3384	3747	103,9
Халықтың медициналық персоналмен қамтамасыз етілуі (10000 халыққа шаққанда)	77	69	67	72	93,5

Көзі: Астана қаласының Статистика басқармасы

## **Астана қаласының медицина саласының**

### **Әлсіз және күшті жақтары**

#### **Күшті жақтары**

Қалада:

медициналық білім мекемелерінің (Қазақ мемлекеттік медицина мемлекеттік колледжінің, "Даналық" жекеше колледжінің)

ғылыми институттарды (травматология және ортопедия ҒЗИ, Ұлттық медицина орталығының, институттарының 8 Қазақ мемлекеттік академиясының зертханасының)

дәріхана

желісінің

білікті кадрлардың болуы

#### **Астанада медициналық**

#### **алғышарттары**

Әкімдік республикалық органдармен бірлесіп жүргізген медициналық көмек көрсетудің тиімді жүйесін жасау жөніндегі жұмыс

Денсаулық сақтау жүйесін реформалау мен дамытудың мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларын іске асыру

#### **Әлсіз жақтары**

Ғылыми-зерттеулердің төмен

деңгейі және саладағы әзірлемелер,

қаржы ресурстарының жетіспеушілігі

академиясының,

медицина

Қалалық емдеу-профилактикалық

ұйымдардың осы заманғы

медициналық техникамен және

жабдықпен жеткіліксіз жарақтануы

ғылыми медицина

ғылыми-зерттеу

филиалы мен

медицина

ғылыми-зерттеу

ұйымдарының кең

#### **кластер**

#### **құрудың**



Түрлі бағыттар бойынша емханалық орталықтар желісін қамтитын медициналық қалашық салу

**Астана қаласында медициналық кластерді табысты қалыптастырудың мүмкіндіктері**

Медициналық білім жүйесін жақсарту, кадрларды даярлау және қайта даярлау  
Денсаулық сақтау саласында ғылыми зерттеулердің көлемін жақсарту және сапасын арттыру

Медициналық жабдық пен фармацевтикалық препараттарды өндіруші компанияларды тарту

Зерттеулердің негізгі бағыттары бойынша тәжірибе алмасу үшін шетел мамандарымен және денсаулық сақтау мекемелерімен байланыстар орнату

**Медициналық кластердің қатысушылары**

Медициналық білім ұйымдары, ғылыми-зерттеу институттары  
Медициналық мекемелер (ауруханалар, амбулаториялық-емханалық мекемелер, дәріханалар)

Медицина жабдығын, фармацевтика препараттарын өндіру жөніндегі компания  
Қаланың медициналық мекемелерге қызмет көрсету жөніндегі (мысалы, халаттар, аяққа киетін бахил тігетін, мұкаммал өндіретін және т.б.) өнеркәсіп орындары

**Астана қаласындағы есептеу техникасымен, зерттеулермен және әзірлемелермен байланысты көрсетілген қызметтердің көлемі млн. теңге**

	2000	2001	2002	2003	2004	2000 ж. қарағанда 2004 ж. өсу қарқыны, %
Есептеу техникасы және онымен байланысты қызмет	583,2	1397,5	1369,1	2016	3564,1	611,1
Зерттеулер мен әзірлемелер	33,6	120,3	322,5	897,1	2862,5	8519,3

**Астана қаласындағы ғылыми зерттеулерге және әзірлемелерге жұмсалған жалпы (мемлекеттік және жеке меншік) шығындар мен ғылыми-техникалық жұмыстар көлемі (млн. теңге)**

*Қағаз мәтіннен қараңыз*

**2004 жылы Астана қаласында ғылым салаларында ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалған жалпы шығындардың құрылымы**

*Қағаз мәтіннен қараңыз*

**Астана қаласының ғылыми-техника саласының**

**әлсіз және күшті жақтары**

**Күшті жақтары**

Қалада ғылыми-зерттеу қызметпен айналысатын ұйымдардың жұмыс істеуі:

Ғылым мен білім министрлігінің "Қазақстан биотехнологияларының орталығы" РМҚК Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің "Арнаулы бағдарламалардың ғылыми-әдістемелік орталығы" РМҚК Денсаулық сақтау

"Травматология және ортопедия

Р М Қ К

Ауыл шаруашылығы

"Экономиканың АПК және

Р М Қ К

Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті

С. Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық университеті

Жоғары білікті кадрлардың болуы

**Астана қаласында ғылыми (жоғары) технологиялар кластерін құрудың алғы шарттары**

Үкіметтің Қазақстан Республикасында инновациялық қызметті ынталандыру, жаңа технологиялар әзірлеу мен енгізу жөнінде жалпы жүйелік шараларды іске асыруы

Қалада ғылыми-техникалық қызметпен айналысатын мемлекеттік және жекеменшік ҒЗИ, жобалау-конструкторлық ұйымдардың, жоғары оқу орындары мен кәсіпорындардың болуы

Астанада білімнің жоғары деңгейіне қатысты мамандардың шоғырлануы

Қызметі экономиканың шикізат секторындағы жеке сектордың бастамаларын қаржылық қолдауға бағытталған мемлекеттік даму институттарының жұмыс істеуі

Ғылыми зерттеулердегі мемлекеттік және жеке инвестициялардың өсуі

Астанада Ұлттық биотехнологиялардың орталығының жаңа зертханалық кешенін салу

**Әлсіз жақтары**

Ғылыми-зерттеулердің төмен деңгейі және саладағы әзірлемелер, қаржы

ресурстарының жетіспеушілігі Республикасы

ұлттық

Қалалық емдеу-профилактикалық

ұйымдардың осы заманғы техникамен медициналық және жабдықпен жеткіліксіз жарақтануы

министрлігінің

ҒЗИ"

министрлігінің

РСТ ҒЗИ"

Евразия

Қазақ

**Астана қаласында ғылыми (жоғары) технологиялар кластерін табысты қалыптастырудың мүмкіндіктері**

Техникалық мамандықтарға жоғары білікті кадрларды оқыту және дайындау  
Мемлекеттік органдар, университеттер, кәсіпкерлер арасында ынтымақтастық  
о р н а т у

Инновациялық шағын бизнесті дамыту үшін жағдайлар жасау

**Ғылыми (жоғары) технологиялар кластеріне қатысушылар**

Жоғары техникалық оқу орны  
Ғылыми-зерттеу институттары, зертханалар, орталықтар  
Д а м у и н с т и т у т т а р ы

Жоғары технологиялық және ғылымды қажет ететін өнім өндіру жөніндегі  
к о м п а н и я

Қаланың өнеркәсіп орындары

**Астана қаласында құрылысқа инвестициялар**

Қағаз мәтіннен қараңыз

**Астана қаласында қаржыландыру көздері бойынша құрылысқа салынған инвестицияларды игеру**

	2002		2003		2004	
	млн. теңге	үлесі %-пен	млн. теңге	үлесі %-пен	млн. теңге	үлесі %-пен
Барлығы:	73412,1	100	100038,9	100	142081	100
Б ю д ж е т қаражаттары	32668	44,5	47018,3	47	57684,9	40,6
кәсіпорындардың, халықтың өз қаражаттары	36412	49,6	37714,7	37,7	77434,2	54,5
ш е т е л инвестициялары	4331,3	5,9	15306,0	15,3	6962	4,9

**Астана қаласында құрылыс материалдарының кластерін жасаудың алғышарттары**

Құрылыс саласын серпінді дамыту

Халықтың және заңды тұлғалардың тарапынан тұрғын үй, офистер салу және оларды жөндеу мен қайта жаңғырту үшін құрылыс материалдарына деген жоғары  
с ұ р а н ы с

Өнеркәсіп және тұрғын үй құрылыстарындағы инвестициялардың жоғары деңгейі

Жеткілікті білікті жұмыс күшінің болуы

Шағын және орта бизнес кәсіпорындарының құрылыс материалдары рыногында жұмыс істеуі

<b>Астана қаласы құрылыс саласының</b>	<b>Әлсіз жақтары</b>
<b>Күшті жақтары</b>	<b>Әлсіз жақтары</b>
Тұрғын үй және өнеркәсіп құрылыс көлемінің өсуі	Негізгі қорлар тозығының әбден жеткендігі, жаңарту және техникалық қайта жарақтану үшін өзінің қаржы құралдарының жетіспеушілігі
Халықтың өмір сүру деңгейінің жақсаруының нәтижесінде ішкі сұранысты арттыру	Ғылымның өндіріспен ықпалды байланысының жоқтығы, ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмысқа жұмсалған шығыстардың аздығы
Құрылыс материалдарын өндіруде пайдаланылатын минералдық-шикізат ресурстарының болуы	Шығарылатын құрылыс материалдары мен бұйымдарының шектелген номенклатурасы
Арзан және жеткілікті білікті жұмыс күшінің болуы	Тұрғын үй құрылысының материалды жоғары қажетсінуі және еңбекті қажетсінуі

<b>Астана қаласында құрылыс материалдарының кластерін табысты қалыптастыру мүмкіндіктері</b>
Қолданыстағы, сондай-ақ саладағы тоқтап тұрған өндірістерді қайта құрылымдау және жаңғырту, қалпына келтіру
Жоғары сапалы құрылыс материалдарын, бұйымдар мен конструкцияларды шығаруды ұйымдастыру
Шет елдің кәсіпорындарымен кооперациялық байланыстарды дамыту, жаңа технологияларды беру саласындағы ынтымақтастықты орнықтыру
Шет ел инвестицияларын тарту мақсатында құрылыс материалдары өнеркәсібінің перспективалық салаларының тұсау кесері жөнінде ақпараттық жұмыстар жүргізу
Индустриалдық парктің жұмыс істеуін қамтамасыз ету
<b>Құрылыс материалдары кластеріне қатысушылар</b>
Құрылыс материалдарын өндіру жөніндегі кәсіпорындар
Қаланың құрылыс компаниялары
Сауда үйлері
Көлік компаниялары мен ұйымдар
Жоғары оқу орындары және орта кәсіптік білім ұйымдары
Ғылыми-зерттеу институттары, зертханалар, орталықтар
Даму институттары

Астана қаласын  
2030 жылға дейін орнықты  
дамытудың стратегиялық жоспарына  
4-қосымша

**"Астана халқы: экономикалық, мәдени және әлеуметтік аспектілері" социологиялық зерттеуінің нәтижелері**

Астананы орнықты дамыту орталығы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен бірлесіп жасаған Стратегиялық жоспарының жобасын әзірлеу процесінде "Астана халқы: экономикалық, мәдени және әлеуметтік аспектілері" атты социологиялық зерттеулер жүргізілді. Зерттеулердің шеңберінде халықтың социологиялық-экономикалық және мәдени проблемаларын анықтау мен бағалау мақсатында бірқатар социологиялық сауалнамалар жүзеге асырылды.

Зерттеулердің барысында фокус-топтар, бұқаралық сауалнама және жедел интервью әдістері пайдаланылды. 2005 жылғы 20 сәуір мен 2005 жылғы 19 мамыр аралығында өткен фокус топтар бойынша сауалнамалар әлеуметтік, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және демографиялық көрсеткіштер (қалалық, ауылдық студенттер, шағын және орта бизнес өкілдері, өз бетімен айналысатындар, мұғалімдер, дәрігерлер, орталық атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілері, мұғалімдер, дәрігерлер) бойынша бөлінген астана халқының 10 тобын қамтыды. Сауалнама берілген жалпы саны 816 адамның ең ауқымдысы - 2005 жылғы 01 қыркүйек пен 2005 жылғы 23 желтоқсан аралығында өткізілді.

Кестеде сауалнамалар барысында әрбір нақты мәселе бойынша алынған ең жоғарғы пайыздық мәні көрсетілген.

ТҰРҒЫН ҮЙ	Сауалнама берілген жауап берушілердің 45,7%-ның жеке үйлері жоқтар 62,5 % - жеке үй сатып алуға жағдайлары жоқ 29 % - салынып жатқан тұрғын үйлердің сапасын қанағаттанғысыз деп бағалайды  32,3 % - аулалардың жеткіліксіз көріктендірілетінін атаған Сауалнама берілгеннің 23,2 % аулаларды көгалдандыру проблемасын атаған 40,8 % - тозығы жеткен тұрғын үйді бұзуды мақұлдайды 35 % - тарихи құнды үйлерді қайта жаңғырту қажеттігін атаған
ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ	Сауалнама берілген жауап берушілердің 11,1 % үшін қаланың әлеуметтік-экономикалық проблемаларының арасында тамақ өнімдеріне бағаның (44 %) қымбаттауынан және жалақының (29,3 %) аздығынан кейін маңызы бойынша үшінші болып табылады
ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ДАМУ	22,7 % және 13,3 % жауап берушілер, тиісінше, қаланың әкімдігі жұмысының басым бағыттарына сапалы медициналық және білім беру қызметтерін көрсетуді қамтамасыз ету деп есептейді 29,3 % - еңбек ақының төмен проблемасын тамақ өніміне деген бағаның жоғары болуынан кейінгі екінші орынға қойды 29,1 % - тұрғындардың қала проблемаларын шешуге қатысуын кеңейтуді

	ұ с ы н а д ы , б ұ л р е т т е 44,2 % жауап берушілер қаланың даму және оны басқару мәселесіне қызмет көрсетуге өздерінің дайын екендіктерін білдірді
КӨЛІК	90 % жауап берушілер қоғамдық көлік қызметтерін пайдаланады, олардан 59,1 % - ұ д а й ы 17,2 % жауап берушілер қоғамдық көліктің жұмысына қанағаттанғысыз деген б а ғ а б е р д і 38,4 %- жол құрылысының сапасына қанағаттанбайды 59 % - қаланың 10 бөлігіне жуығын көлікпен қамтамасыз етудің әлсіздігін атап өткен
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ	51,9 % сауалнамаға қатысушылар балалар мен жастар демалысының жеткіліксіз ұйымдастырылатынын атап өткен тұрғындардың тек 12,2 % қоғамдық демалыс о р н ы н м о й ы н д а й д ы 63,6 % жауап берушілер демалысты ұйымдастыру орындарында бағаның аса жоғары болуы проблемасын атап өткен 14,1 % - астаналық ойын-сауық орталықтарының сервис деңгейіне риза емес 20,6 % - жаңа мәдени- ойын-сауық мекемелерін құруды қалайтындарын айтқан
ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ	35,4 % сауалнама берілгендер ТКШ жұмысын қанағаттанғысыз деп бағалады 17,1 % қала ортасының жай-күйін қала әкімдігінің жұмысындағы басым бағыт р е т і н д е ж а қ с а р т у д ы а т а д ы 30,5 % жауап берушілер ауыз судың сапасына риза емес 11,3 % сауалнамаға қатысушылар қоқыстарды жинау және әкету проблемасын а т а д ы 45,3 % сауалнама берілген тұрғындар ауаның ластану проблемасына аландайды

Социологиялық зерттеудің эмпирикалық деректерін түйіндей отырып, тұтастай, пікірлеріндегі бірыңғайлық байқалатындығын, көрсетілген айырмашылықтың халықтың өте бай жіктерінің қала тіршілігіне табыстары аз тұрғындардың деңгейімен салыстырғанда аса қанағаттанарлық сезіммен қарайтынына негізделетінін атап өткен жөн. Сауалнама берілген тұрғындардың басым көпшілігі мыналарды:

ипотекалық кредиттер ставкасының жоғарылығын;

жаңа тұрғын үйді оқшаулау, желдету мен салу сапасының төмендігін;

қалада тұтастай алғанда, балалар ойнайтын алаңдардың, ашық көгал аумақтар мен парктердің, сондай-ақ қаланың бұрынғы бөлігінде спорттық және демалыс ұйымдарының жетімсіздігін; спорт орталықтары көрсететін қызметтерге бағаның қымбаттығын, сондай-ақ олардың тұратын жерден алыстығын;

денсаулық сақтау мен білім беру қызметтерінің сапасының төмендігін, бірдей қол жете бермейтіндігін және құнының қымбаттығын; жалақы деңгейінің төмендігін; мұғалімдер мен дәрігерлердің және әлеуметтік қызметкерлер деңгейінің төмендігін;

мектеп пен мектепке дейінгі балалар мекемелерінің жеткіліксіздігін;

жолдарды жөндеу-салу жұмыстарының сапасының төмендігін; жаяу жүргіншілердің қауіпсіздік деңгейінің, оның ішінде жеңіл және жүк көліктерінің ығы-жығы қозғалысының; тротуарлардың нормаға сәйкес ресімделмеуінен, көше мен қима жолдарға жарықтың берілмеуі салдарынан болғанын;

су мен ауа (автомобильдердің ығы-жығы қозғалысынан пайда болған ластану

салдарынан) дренаждың, кәріздік жүйенің, қоқыс жинау жүйесінің сапасының төмендігін, құрылыс материалдары үйіндісінің болуын; қаланың кейбір бөліктеріндегі антисанитариялық жағдайларды; қаланың біркелкі дамымауы, атап айтқанда, солтүстікте, вокзалдың маңында, орталық базар жанында және басқа да бірқатар аймақтарда тұрудың қолайсыз жағдайларын;

қаланы дамыту мәселелерін шешуде тұрғындардың өздерінің қатысу даярлығын атап көрсетті.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК